

63.3(5)23

М 84 и

Қадролла МҰҚАНОВ
Сығал ЖҰМАБАЕВ

БІР ӘУЛЕТТІҢ ТАРИХЫ



Қайролла МҰҚАНОВ
Социал ЖҰМАБАЕВ

БІР ӘУЛЕТТІҢ ТАРИХЫ

63.3(5К23)

М 84

Солтүстік Қазақстан өлкетану мұражайы
«Асыл мұра» орталығы

БІР ӨҮЛЕТТІҢ ТАРИХЫ

Бұл кітап бір өулеттің – Барлыбаевтар өулетінің тарихына арналғанмен облысымыздың екі ғасырлық ұлттық тарихы туралы да көп мәлімет береді.

Кітап – Алматы, Омбы, Тобыл қалаларының архив құжаттары бойынша нақты деректерге сүйене жазылған зерттеу еңбек.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналып жазылған.

Осы кітаптің негізгі желісіне байланысты көп оқиғаларды, мол деректерді бұл өулеттің ең үлкені қадірлі ақсақал Сермағамбет қажы әңгімелеп берді.

ISBN 5-7667-9702-8

36890

Петропавл – 2003 жыл.

012

Тарихи танымы мол кітап

Соңғы ширек ғасырдай уақытта қазақ елінің бүгінгі ұрпағы өз ата-бабаларының, өз елі қоныс мекендерінің өткендегі тарихы жайлы ертеде баспасөз беттеріне түскен бірқатар құнды, сүбелі деректермен тікелей танысып, ел, жер шежіресін неғұрлым тереңірек зерттеуге елеулі мүмкіндік алды. Міне, осындай тиынақты мағлұматтардың бірін осы «Бір әулеттің тарихы» кітабынан көруге болады.

Кешегі Кеңес дәуірінде Қазан төңкерісінен бұрын ел басқарған адамдарға дұрыс баға берілмеді. Олардың аласапыран уақытта ақылдылығымен елге қамқор болғандылығы ескерілмей, қанаушы таптан шыққан жыртқыш, ел билеуші деп келдік. Дәулетті болғандығы үшін ұлыларымызды қаралап, аруақтарын қорлап, «Байларды, молданы қойдай қу қамшымен!» деп келсек, осы еңбек тарихи шындықтың бұлай еместігін алға тартып отыр.

Бір әулеттен шыққан Төбей Барлыбаев, Итемір Барлыбаев, Қожахмет Барлыбаев, Төшмұхамед Барлыбаев, Күзембай Барлыбаев, Әлти Барлыбаев, Садуақас Барлыбаев, Сейтахмет Барлыбаев өз кездерінде шетінен аға сұлтанның кеңесшісі, Батыс Сібір шекаралық комиссияның мүшесі, болыс старшыны, биі, білікті заң қызметкері – бәрі де ірі билік басында болып, орта жүз, оның ішінде қазіргі біздің облыс жерін патшалық Ресейдің отарлау кезінде қазақ еліне қорған болғанын кітап авторлары мұрағат құжаттарына негіздей отыра жазған.

Атқарған қызметтері облысымыздың XIX ғасырдағы қоғамдық-өлеуметтік жағдайымен байланыстыра жазылып, облысымыздың ұлттық тарихынан мол мәлімет, тың деректер береді.

Барлыбаевтың қазіргі ұрпақтарының да ата жолын қуып ел басқаруда, еңбекті ұйымдастыруда алда болып, заман талабына сай еңбек етіп келе жатқандары нақты деректермен және қызықты жазылған.

Аманжол Күзембайұлы,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор.

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ

Осыдан біраз жыл бұрын біздің редакцияға түскен көлемді қолжазбаны қарап отырып, көкіректе көптен бері күпті күймен көлбеңдеген сұрақтың жауабына дәт дерлік деректерді ұшыратқанда қатты қуанып кеттім. О заманда біздің әңірде даңқы дүрілдеген шылқыма бай Әлти қажы Барлыбаев туралы халық аңыздай әңгімелер айтушы еді. Сәбит Мұқанов «Есею жылдары» трилогиясында оған біраз беттерін арнап, бірақ таптық тегеуірінің маңдайға тіреліп тұратын мылтығынан қорқып анық сырын ашып айта алмады. Ал, ел аузында Әлти қажы мол байлықты ақ-адал еңбегімен, күн-түн демей дамылсыз жанталасқан іскер қаракетімен жинаған нағыз ақылды көреген, ойы-қыры бірдей шебер ұйымдастырушы, халыққа ұнамды, кедейлерді жөнімен жұмсай білетін, қамқорлығын да жасай алатын адам ретінде суреттеледі.

«Әлти қажы шын мағынасында қандай адам?» деген сұраққа жауап еді менің іздегенім. Әлгі қолжазбаны әкелген Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаев ағаларымыз Омбы мемлекеттік архивтерін ақтарып, ғасырға жуық уақыттан бері ешкімнің қолы тимей жабулы жатып, өбден сарғайып ұмытылуға айналған құжаттарды тапқан. Патша заманындағы жоғары шенді шенеуніктердің қолдары қойылған жарлықтар, қатынас қағаздар, зәбір-зорлықтан зарлаған қазақ байғұстардың жылап-сықтап жазған өтініш, шағымдары... Осыларды оқып отырғанда біз бұрын мүлде мақұрым болған тарихтың тереңдегі сырлары ашылады. Әлти қажы ғана емес, оның үрім-бұтағы, бүкіл ұрпағының бейнесі көз алдымызға келеді.

«Апырмай, мынау бір асыл қазына ғой, ғаламат екен, бұл кітаптың беттеріне сұранып тұрған материалдар ғой», — деп едім сол сәтте. Қайрекең мен Сөкең сол сөзімізді жерде қалдырмай іле іске кірісіп, зерттеуге кірісіп кеткен. Омбы, Алматы, Тобольск қалаларының архивтерінде апталап, айлап отырып, көз майын тауыса сарылып төзімді табандылықпен еңбек еткен. Алдымен «Солтүстік Қазақстан» газетінде көлемді мақалалар жариялады. Осы ағаларымыздың еңбегін ерен деп бағалаған дұрыс. Сол еңбектің жемісі болып бір әулеттің тарихы туралы кітап қолымызға тиіп отыр.

Бір әулеттің, бір отбасының тарихын дөттеген деректі кітап шығару дәстүрі бұрыннан бар. Мәселен, орыс дворяндарында осындай үрдіс болған. Тек қана ондай кітапқа арқау болатын кейіпкердің тұлғасы, өмірі, үлгісі қалың оқырманға ұсынуға лайық болуы басты талаптың бірі екені де сөзсіз. Қазір заман түзелген соң ондай кітаптар біздің елімізде де шыға бастады. Солардың қатарында міне мына кітап та тұр.

Осы кітапта айтылатын Мамлют ауданындағы Бике ауылында сонау жетпісінші жылдары көпті көрген ақсақалдармен өңгімелесіп отырғанда Төлеп деген кісі: «Барлыбаевтардың біреуі совхоз директоры болған екен, сендердің газеттеріңнен оқыдым. Кешегі патша заманында Барлыбаевтар ел билеп, елге қамқоршы болып аты шығып еді. Қызылдар келді де сол шіркіндерді байсыңдар деп қуғын-сүргінге ұшыратты. Жазығы бай болғаны ма, текті тұқымнан шығып, басқадап асып туғаны ма?! Талай жыл іште қашып жүріп, елге келе бастапты. Ертең-ақ олар ел басқарады, елдің алдына шығады. Мен соған қуанып отырмын. Міне газеттеріңе Барлыбаевтарды жазып жатырсыңдар ғой. Әбден жақсы. Ертең олар туралы жақсылап кітап та жазасыңдар. Мен оған көміл сенемін. Барлыбаевтардың аталары соған лайық болған соң айтып отырмын», – деді толғана сөйлеп. Басқа қарттар да бас изеп бұл сөзді бірге қостады.

Қандай дана қарттар еді десеңізші. Айтқандай-ақ Барлыбаевтар біраз қуғынға ұшырап, елге оралған соң бірден бел шешіп, білек сыбанып іске кірісті, еңбектерімен елге танылды. Барлыбаевтар басшылықтың барлық деңгейінде іскерліктерімен көзге түсті. Олар туралы барлық газет, журналдар орыс, қазақ тілдерінде жазып жатты.

Қарттардың айтқаны келді: міне Барлыбаевтар өулеті туралы кітап та шықты. Бұл туған еліміздің ұшан-теңіз тарихының бір тамшысындай ғана хикая. Ал тағылымы терең. Оның беттерінде «тар жол, тайғақ кешуден» қайсар қажыр-қайратпен өткен бір өулеттің тарихы деректі шежіремен баяндалады. Барлыбаевтар ұрпағының еңбегі, ерлігі, қажыр-қайраты, іскерлігі – бүгінгі жастарға үлгі.

Бақыт МҰСТАФИН,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
«Солтүстік Қазақстан» облыстық
газетінің бас редакторы.

КІРІСПЕ

Егеменді ел болғанға дейін ұлттық тарихымыздың түмшаланып, тіпті бұрмаланып келгені белгілі. Патша үкіметі кезінде де, кешегі кеңес үкіметі кезінде де талай зиялы азаматтарымыз, халық қамын ойлаған ел ағалары, би-болыстары мен қара қылды қақ жарып тура шешім шығарған әділ қазылар т. б. қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың шығармашылығы, асыл сөздері түгіл есімдерін білмеуге айналдық. Тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана тарихымызды қайта қарап, ұмытылып бара жатқан асыл азаматтарымыздың есімін ашық атап, олардың өмірімен, қоғамдық қызметтерімен, жасаған іс-қимылдарымен, еңбектерімен танысуға мүмкіндік алдық. Соның өзінде де еліміздің тарихының әлі қалың жұртқа белгісіз «ақтандақтары» көп.

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» дегендей, бұл күнде осы жұрт қазақ елін біле ме екен деген ой келеді. Халықты, ұлтты бүкіл әлемге таныту – күрделі құбылыс. Ал халық, ұлт тайпалардан, рулардан, бірнеше ағайындыларды біріктірген аталардан, әулеттен және адамдардан құралады. Демек, қазақ тарихының өзі сол тайпа, ру, әулет және жеке адамдар тарихынан құралады.

Осы кітаптағы біз сөз етіп отырған Барлыбаевтар әулетінің тарихы да қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі. Бұл әулет - қазақтың белгілі Керей тайпасының Көшебе руының құрамындағы үрім-бұтағы көп тараған әулеттің бірі.

Осы әулет есімін алып отырған Барлыбай Шәукерұлының туған, өлген жылдары туралы дерек жоқ. Оның тұңғыш баласы Жылқыбай Барлыбайұлының да туған, өлген жылдары белгісіз. Дегенмен Барлыбайдың екінші баласы Төбейдің 1783 жылы туып, 1863 жылы 80 жасында қайтыс болғаны туралы деректер бар. Осыған сүйеніп Барлыбай Шәукерұлы ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде туған деп шамалауға болады. Бірақ біздің қолымызда бұл кісінің өзі туралы, оның қандай адам болғаны туралы дерек жоқ. Сондықтан біз әулет тарихын негізінен Төбей Барлыбай ұлынан бастап, осы әулеттің қазіргі ұрпағымен аяқтаймыз.

Біздің осы кітапты жазуға кірісуіміздің өз тарихы бар. 1998 жылғы қаңтарда біз атақты жерлестеріміз Мағжан Жұмабаев және Сегіз Сері (Мұхамед-Қанафия) Баһрамұлы Шақшақов

туралы деректер іздеуге Омбы қаласына бардық. Омбының облыстық Мемлекеттік архивінде Батыс Сібір Бас басқармасының № 3 қорының 541-ісіндегі Аманқарағай дуанының Керей болысы старшындары Есеней Естемесов, Тәбей Барлыбаев және Құндыбай Мамашевтің 1832 жылдың 10 желтоқсанында Батыс Сібір губерниясының басқармасына линиялық казактардың Керей болысы казактарына жасап отырған қысымшылықтарын айтып жазған арызы кездесті. Біз жерлестеріміз жазған бұл құжатты (онда ол кездегі Батыс Сібір генерал-губернаторы инфантерия генералы И. А. Вельяминовтың бұрыштамасы да бар) қызыға оқып, сол жерде ксерокопиясын жасап алдық.

Оқырманға түсінікті болу үшін айта кететін сол кездегі тарихи жағдай мынадай еді: 1822 жылғы патша өкіметінің жарлығы бойынша қазақ даласында хандық билік жойылып, Орта жүз казактарының жері әкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінгені белгілі. Сол кезде Тобольск, Томск, Омбы облыстарымен бірге «Сібір казактарының облысы» да сыртқы және ішкі округтарға бөлінді. Бұлар - Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Баянауыл (1826), Аягөз, Ақмола, Көкпекті, Құсмұрын, Алатау округтері еді. Облысымыз жеріндегі Есіл өзенінен Тобыл өзеніне дейінгі солтүстік беті жоғарыда аталған Аманқарағай, кейін (1835 жылдан) Құсмұрын аталған дуанға (округке) қараған.

Омбы архив құжаттарын негізге алып, осы дуанның ашылу және қалыптасу кезеңдеріне тоқталсақ, Қазақстан тарихында Аманқарағай дуанының ашылуын 1834 жылдан бастап, оның алғашқы аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов болды дейді. Ал, Омбы архивіндегі «По устройству Аманкарагайского округа» атты құжатта (фонд 3, опись 12, дело № 17681) дуанның (округтің) 1830 жылдан басталғаны көрсетілген.

Дуанға қарасты казактардың басым көпшілігі керей, уақ руларынан топтасқан. Дуаның аға сұлтаны төре тұқымының өкілі сұлтан Абдолла Абылайхановтың баласы Жалбыр Абдуллин болған.

Омбыдан келген соң оның архивінен қолға түскен көңіл аударарлық деректерді жинастырып, «Тың дерек, жаңа айғақ» деген атпен облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарияладық. Мақала шығысымен кешікпей аталған Барлыбаевтардың кейінгі ұрпағының бірі Нағашыбай Сабырұлы Барлыбаев бізге арнайы келіп, танысып Тәбей Барлыбаев

туралы дерек тауып мақала жазғанымызға рахметін айтып, бізді Барлыбаевтар әулетін білетін көнекөз қарттармен таныстырмақ болды. Сөйтіп біз Сермағамбет Сейдахметұлы, Есмағзұм (Мөнту) Қоңқаев, Уәли Нұрғалиев, Бәри Төлегенов, Төлебай Мұстафин ақсақалдармен кездесіп, бірсыпыра мағлұматтар алдық. Түмен облысының Қазан ауданында тұратын Балахмет Анафин және осы облыстың Сладков ауданында тұратын Қағида Сәдуақасқызы сияқты қариялар да бірсыпыра мәліметтер берді.

Бұдан кейін біз өзіміз де бұл әулет туралы шежірелерден, әдебиеттен материалдар іздеуге кірістік. Нәтижесінде әйгілі жерлесіміз Сәбит Мұқанов кітаптарынан, Төлеш Сүлейменов пен Нәбиден Әбутәлиевтің кітаптарынан біршама тың деректер таптық. Осы жинаған материалдарды сұрыптап «Солтүстік Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 17 қарашасындағы санында «Бір әулеттің тарихынан» деген атпен мақала жарияладық.

Бұл кезде біз Омбы архивіне қайта барып ондағы құжаттарды енді тереңірек қарадық. Омбы архивінен тағы бірсыпыра жаңа құжаттар таптық. Оларды жинап, сұрыптап «Солтүстік Қазақстанның» 2000 жылғы 9 ақпанындағы санында «Архив айғақтары» деген мақала шығардық. Тағы да біраз адамдармен кездестік, Тәбей, Әлти Барлыбаевтардың қыстауларын, олар жерленген бейіттерді әдейі барып көрдік.

Осы зерттеулер барысында Барлыбаевтардың өмір деректерін, қызметтерін анықтадық. Тәбей Барлыбаев (1783-1863), Итемір Барлыбаев (1804-1889), Қожахмет Барлыбаев, Төшмұхамед (Төштит) Барлыбаев (1883-1903), Күзембай Барлыбаев (1829-1919), Әлти Барлыбаев (Көкенов) (1854-1926), Сәдуақас Барлыбаев (Әлтиев) (1879-1951), Сейдахмет Барлыбаев (Әлтиев) (1881-1939) өз кездерінде шетінен би, болыс, аға сұлтан, заседатель, кеңесші (советник), ірі заң қызметкері болып, бәрі де билік басында болған екен.

Көшебе-керей руының бірінші және соңғы болысы осы Барлыбаевтар әулетінен болыпты. 1822 жылғы «Сібір казактарын» басқару туралы патша өкіметінің жарлығы бойынша қазақ даласында хандық билік жойылып, орта жүз қазақтарының жері әкімшілік жағынан ауыл, болыс, дуан (округ) болып бөлініп, 1830 жылы Аманқарағай дуаны (округі) құрылған кезде Көшебе-керей руының бірінші болысы (кіші сұлтан) болып Тәбей Барлыбаев сайланған екен. Ал Кеңес

өкіметі орныққан алғашқы кезеңде 1919-1921 жылдары «Преснов» аталатын болыстық ревкомның пердседателі болып атақты бай – Сейтақ (Сейтахмет) Көкенов (Барлыбаев) тағайындалған екен», - деп жазады Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» 2-ші кітабында. Итемір Барлыбаев та Сибан, Көшебе болыстарының ең бірінші және ең соңғы, 1868 жылғы билік жойылғанға дейінгі биі болады. Дуанның (округтің) да алғашқы заседательдерінің бірі Тәбей Барлыбаев болса, ең соңғы заседателі (Көкшетау дуаны) оның баласы Тәшмұхамед Барлыбаев болады.

Қысқаша айтқанда, осы әулет шежіресі облысымыздың ұлттық тарихымен жіктеуге келместей тұтасып жатты. Бір әулеттен бір кезеңде осыншама билеушілерінің шығуы назарымызды аударып, Нағашыбай Барлыбаевтың ұсынысы



Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев Тобыл қаласының архивінде бойынша осы кітапшаны жазу қолға алынды. 2000 жылы мамыр айында Алматыдағы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде, 2002 жылы тамыз айында ХІХ ғасырда Батыс Сібір губерния орталығы болған Тобыл қаласының Мемлекеттік архивінде зерттеу жұмыстарын жалғастырдық. Осы архивтерден алынған материалдар бойынша «Солтүстік Қазақстан» газетіне зерттеу мақалалар жазылды.


Оқырмандарға ұсынылып отырған кітабымыз осы зерттеу деректеріне негізделіп жазылды. Кітапқа «Барлыбаевтар және Есеней Естемісов», «Барлыбаевтар және Сегіз Сері» деген

арнайы бөлімдер берілді. Өйткені бұл тарихи адамдар Барлыбаевтар ұрпағымен тығыз қарым-қатынаста болған.

Кітаптың соңғы бөлімі ел басқаруда, еңбекті дұрыс ұйымдастыруда аталарының ұлағатты істерін жалғастырып ел алдында келе жатқан қазіргі Барлыбаевтар туралы жазылды.

Оқырмандар бұл кітапты көркем шығарма емес, зерттеу еңбек деп қабылдау керек, өйткені жоғарыда жазылғандай архив құжаттары негізінде жазылды.

Кітаптың соңында пайдаланылған әдебиеттер мен архивтер көрсетілген.



БАРЛЫБАЕВТАР ӨУЛЕТІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

Барлыбаевтар өулеті орта жүздің Керей руынан тарайды. Біздің Солтүстік өңірде Керей шежіресін алғаш рет ұрпаққа мұра етіп қалдырушы Ашамайлы Керейдің Көшебе руынан шыққан атақты қолбасшы, батыр, сардар Дәулен Таузарұлы (ХҮІ ғасырдың екінші жартысынан ХҮІІ ғасырдың басында өмір сүрген) болған. Бұл үлкен шежіре содан қолдан-қолға

өтіп жүріп, ақыры Сегіз Сері Баһрамұлына (Дәуленнің жетінші ұрпағы) келіп жеткен.

Сегіз Сері өзге өнерімен қоса үлкен шежіреші-жылнамашы да болған. Қазақ халқының шежіре-тарихын да мол жинаған. Шежіре туралы былай деп жазып кеткен: «Шежіре – ата айтысу үшін емес, тарих үшін, туыс адамдар бір-бірімен қыз алысып қоймау үшін, кімнің-кімге жақын екенін білу үшін де керек», – деп жазған. Ол жинаған қазақ халқының шежіре-жылнамасы ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының тарих бөлімінде және қазақтың көне мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының Орталық кеңсесінде сақтаулы тұр (папка ғ 853, бірінші тізім). Керей шежіресін Сегізден кейін жалғастырған, жинастырған, хаттаған, архивке тапсырған Тәшмұхамед (Тәштит) Тәбейұлы Барлыбаев болған. Осы Керей шежіресі кейінгі ұрпаққа осы Тәштит арқылы жеткен. Тәштит теріскей арқадағы үлкен шежіреші адам болған (Қолжазбадан 125-126 бет).

Сондықтан да болар осы шежіредегі Керейдің Көшебе атасының таратылуы толық жазылған.

Осы шежіреге қосар тағы бір ойымыз бұл шежіре бірден-бір сауатты жазылған болуы керек, өйткені түпкі авторы Дәулен тархан Таузарұлы жеті ұлттың тілін білген дана адам болған, шежірені жалғастырушылар: Толыбай - Қожаберген – Сегіз Сері – Тәбей және Тәштит Барлыбаевтар бір сыдырғы білімді әрі өз кезінің озық адамдары болғаны кәміл.

Енді осы Керей шежіресі бойынша Барлыбаевтар әулетінің аталарын таратайық.

Керей – тайпалық одақтың арғы атасы. Ұраны – Ошыбай. Таңбасы – ашамай (Х).

Керей руының ата қонысы жайлы Қожаберген жырау өзінің «Ата тек» деген дастанында былай дейді:

Атанған бабам Ғали – «Ашамайлы»,
Өсірген мыңдап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен тегі.

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша ХҮІ ғасырдың аяғы ХҮІІ ғасырдың басында өмір сүрген адам. Керей руының мекен еткен жеріне арнайы тоқталып жатқанымыз, кейбір тарихшылар керейлерді Сібір жеріне кейін қалмақтардан ығысып келген деген пікір айтып жүр. — Керей руының мекендеген жері жайлы Қожаберген жырау «Елім-ай» атты дастанында да айтқан:

Мекендеп Тобыл, Ертіс екі арасын,
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын,
Сауықшыл Орта жүздің Керейі едік
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын.

Керейден 1 бала — Мәндіқаған. Одан 2 бала — Арыстанбек, Асланбек. Арыстанбектен 1 бала — Наурызхан. Одан 2 бала — Ғали (Ашамайлы), Меркіт. Ғалидан — Бағдат батыр. Одан 2 бала — Тәбей, Көбей. Тәбей биден 2 бала — Әзизбек, Бабай. Әзизбектен 1 бала — Тұрсынхан сардар. Одан 3 бала — Жарғақ, Балдақ, Қоянбай. Жарғақтан — Қажыхан. Қажыханнан 1 бала — Әлімұхамед. Одан 3 бала — Уызбек, Уызхан, Уызбай. Уызбектен 2 бала — Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан 1 бала — Бағлан би. Бағлан би осы күнгі Солтүстік өңірдегі көп керейлердің түп атасы болып саналады.

Бағлан бидің бейіті Ресейдің Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Звериноголовка (Бағлан) қалашығының түбінде, Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрмеңкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан өз заманында қазақ халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад, Сарымұрат туады. Фархад батырдың Гүлөндам есімді әйелінен 3 бала — Танаш, Аббас, Манас туады.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Мамай, Тоқтамыс, Ақсақтемірге ақылшы болыпты. Сөйтіп ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы, әділқазы би атаныпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскер басы қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақтемірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір-Темір әскерінің бір тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жараланады. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шыңына жерлендер деп өсиет етеді. Ақыры солай жерленеді.

Танаш бидің Манас есімді інісі жаугершілікте қаза болып, оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша ұрпақ көбейту мақсатымен қайынының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады.

Танаш биден 17 бала туады, оның 16-сы – Балға, Балта, Едіге, Емен, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қанатар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр – Айша бәйбішеден, біреуі – Тарышы Сәлиманнан туады. Танаш өзінің үлкен баласы Балғаға Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуды әпереді. Одан Әзім есімді жалғыз ұл туады. Әзім туғаннан кейін көп ұзамай Танаш бидің әйелі Айша ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып, ұл туады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе деп қояды. Ел жайлауға көшіп барғанда, Танаштың інісі Аббас батырдың әйелі Бәтиха да босанып ұл табады.

Оның атын Жайлаубек қояды. Әзім туғаннан кейін екі шешесі де ұл тапты, арты құтты болады деп жеңгелері Әзімді «Сыйлы бала» деп, содан Әзім «Сыйбала» атанып, келе-келе Сыйбан атанып кеткен. Керейдің Сыйбан руы осыдан тараған.

Танаш бидің ортаншы баласы Балта батыр әртүрлі мұсылман халқынан 11 сұлу қызды атастырып алған екен. Солардан ол 47 ұл көріпті. Осылардан тараған ел Балта Керей атанған.

Керей елінің қара шаңырағы Танаш бидің бәйбішесі Айшадан туған ұлдардың бірі – Көшебе батырда қалған екен. Кейбір шежіреші-ғалымдар шежіре кітаптарында ХІҮ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Көшебе батыр Танаш би ұлы мен сол Танаштың інісі Аббас батырдан тараған Кешубай батырды алмастырып алып жүр. Кешубай сардар кезінде әскер бастап, Сібір татарларына көмектесіп, ел қорғап, жер-су үшін орыстармен соғысып, Том өзені мен Кемер арасында көшіп-қонып жүріпті. ХҮІІ ғасырда өмір сүрген Аббас керей Кешубай батырдың сүйегі туған ауылының жанындағы бейітке, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жамбыл ауылы мен Суаткөл ауылдарының ортасында бұрын болған қорымға жерленіпті. Кешубай қасиеті зор кісі болса керек: бұл күнде жер болып кеткен Кешубай бейітінің үстінен жүргізілген грейдер жолда ылғи машина, мотоцикл аударылып, кісі өлімі болып тұрады. Бұны сол маңайдағы ауылдың адамдары жақсы біледі. Кешубайды орыстар мен қалмақтар «Кочубей» деп атаған екен.

Оның ұрпақтарын 1723 жылы жазда жонғар қалмақ басқыншыларының қандықол әскері зеңбірекпен атқылап қырып тастапты.

Көшебенің он бірінші ұрпағы Қожаберген жырау былай дейді:

Арғы атам ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге.
Қазақтың кейінгі жас батырлары,
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?

Шежіреге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудың «Ата тек», «Баба тіл», «Елім-ай!» дастандарына сүйенсек, Көшебе атасынан тараған жұрттың ата мекені Омбы, Ертіс өзендерінің бойында болған. Шежіре бойынша Көшебе батыр бір соғыста ауыр жараланып, оны ауылға үлкен баласы Жауынгер мен сарбаздары найзаға салып алып келген. Қазіргі Омбы қаласы орналасқан жерге жерленген.

Қожаберген жырау «Елім-ай!» дастанында:

Оқ атып дамыл бермей қалмақ елге,
Сын болды қол бастаған біздей ерге.
Шегіне соғыс салып ақырында
Тірелдік Танаш көл мен Абақ көлге.

Бекініп екі көлдің арасына
Шатырды тігіп судың жағасына
Отырдық Көшебе орман қойнауында
Жауынгер дәрі жағып жарасына.
Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды
Үздіксіз шабуылдап есе бермей, - деген.

Осы өлең жолдарында аталған жер-сулар, орман – бәрі Омбы қаласының маңында.

Көшебеден 15 бала – Жауынгер, Жөдігер, Жанкөрпе, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауғашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жанкелді туады.

Жауынгерден тараған ел Үлкен Көшебе, немесе Жауынгер Көшебе деп аталады. Себебі, Жауынгер Көшебе батырдың бәйбішесі – Балумәржаннан туған тұңғышы екен. Ол туралы Қожаберген жырау «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Көшебенің тұңғышы

**Жауынгер баба ер болған.
Темірдің қолын басқарып
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген
Үлкен Көшебе Керей де, — деп жазған.**

* * *

Жауынгерден — Асылболат, одан 2 бала: Байбол, Бибол туады. Байболдан — Алдаспан, Құланшы, одан Шілікші би туады. Шілікшіден — Жаңбыршы, Бораншы, Құланшы, Аққас, Қарақас, Жастабан, Жолжақсы есімді 7 батыр ұл туған. Жаңбыршыдан 3 бала: Ораз, Шәміл, Мәміл туады. Ораз батырдан — Айболат, Байболат, Биболат, Ерболат, Есболат, Жанболат, Ақболат, Сойылгер, Найзагер, Қамшыгер, Сойырғаш, Еламан, Жоламан, Таузар, Баузар, Қанжарбек, Қылышбек — 17 ұл туады, Ораз батырдың Жоламан есімді баласы қыдыр дарыған аса бай болса да, тек қартайған шағында перзентті болыпты. Осы Жоламаннан тараған ұрпақты Жоламан Көшебесі деп атап кетіпті. Жоламанның Ханша (Сары бәйбіше деп аталыпты) деген әйелінен Алтыбасар, Мәмбет, Үмбет есімді 3 бала туады. Осы жерде Барлыбаевтар шежіресінен аздап бұрылыс жасайық. Жоламанның үлкен баласы Алтыбасардан екі бала: Ақша, Құтым туады. Ақшадан 4 бала: Баян, Шонай, Қантай, Жантай туады. Ақшаның үлкен баласы Баян тарихта аты қалған көрнекті тұлға болған. Баян мырза, өте бай, қолы ашық, жомарт болғандықтан халықтан өз атына «мырза» деген атты қосып алыпты. Ол Абылай ханның әскерін қалмақпен соғыс кезінде 10 жыл бойы азық-түлікпен, ат-түйемен (өзінің жекеменшігінен) жабдықтап, оның сенімді уәзірлерінің бірі болған.

Ол туралы Тәттіқара жырау:

Жомарттық жолдан тая алмай

Көшебе Керей Баян бай

Ғаскерге көмек берген соң

Уәзір еткен Абылай, - деп жырына қосқан.

Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының Петровка селосының оңтүстік бетінде 2-3 шақырым жерде тас жолдың сол жағында «Баян зираты» деген қорым бар. Баян бай осы зиратқа жерленген. Осы тарихи жерлерге арнайы тоқтап

жазуымыздың себебі бар, өйткені кейбіреулер Абылайханның уәзірі болған Көшебе-Керей Баян байды Абылай ханның батыры Баян батырмен алмастырып алып жүр. 1998 жылы ақпан айында облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде «Уақ Баян батыр Петровка селосының маңында да мекен еткен, өйткені Баян батыр атында орман да бар, қорым да бар», - деп жазыпты. (Мақаланың авторын атауды жөн көрмедік. - Авторлар.) Бұны бір жағынан тарихты бұрмалау десек, екінші жағынан аруақтарға жасалған қиянат деу керек.

Жоғарыда аталған «Баян зираты» көнеден келіп жеткен үлкен қорым, Көшебенің Жоламан атасынан тараған ХХ ғасырға дейінгі ұрпақтары осы қорымға жерленген. Бір өкініштісі, Баян Ақшаұлы, Төбей Барлыбайұлы, Төшмұхамед Төбейұлдары сияқты тарихи ұлы тұлғалар жерленген осы қорымның күтусіз, ескерусіз жатуы.

Жоламанның екінші баласы Мәмбеттен 7 бала - Сәмерке, Шора, Жезмұрт, Телпекбай, Жарылқамыс, Жарылқап, Қалжан туады.

Жарылқамыс қазыдан 4 бала - Таңат, Даугер, Шәукер, Сағындық туады.

Шәукерден 22 бала туады: Қаратоқа, Айтоқа, Әлтоқа, Байтоқа, Битоқа, Ертоқа, Жантоқа, Жанұзақ, Байұзақ, Есұзақ, Жасұзақ, Жаменке, Итбас, Күнбас, Жүнбас, Ақбас, Көлбай, Дәмбай, Малдыбай, Барлыбай, Бейімбет, Өтеміс.

Барлыбай қажыдан 5 бала: Жылқыбай, Төбей, Алжыған, Итемір, Көкен сері.

Жылқыбай жастай қайтып, артында ұрпақ қалмаған, басқа балаларына арнайы тоқталамыз.

Енді Әлтидің құдалары Сәгі балаларын таратайық.

Таузар Көшебенің Күжігірден тарайтын ұрпақтары Барлыбаевтар әулетімен әуелден құдандалы. Сейітахмет баласы Сабырдың балалары Мұсайынның немересі Әнузадан туды. Кәрімнің баласы Қайранастың да әйелі Мұсайынның қызы (Мәнәй). Бірімжан баласы Қайролла Шұғайыпқызы Мәрзияға үйленген. Осындай туыстықты ескере отырып, қазіргі Барлыбаевтардың анасы Әнуза ананың да аталарының шежіресін таратайық.

Таузардан - 9 бала: Дәулен, Мәулен, Дәурен, Ақсары, Бексары, Жансары, Базар, Назар, Күжігір.

Таузардың үлкен баласы Дәулен ХҮІ ғасырдың екінші жартысы мен ХҮІІ ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген,

көп жыл бойы Қазақ-Қарақалпақ-Ноғай халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы, тархан деген әскери атақтар алған кісі екен. Дәулен атақты Қожаберген батыр жырау, Сегіз Сері Баһрамұлы Шақшақовтың аталары.

Күжігірден — 2 бала: Тоқтаболат, Бертис.

Тоқтаболаттан — 5 бала: Төлеп, Өтеп, Әлібек, Маржа, Кішкентай.

Төлептен — 4 бала: Байтөбет, Жәлі, Күнту, Жұмабай.

Байтөбеттен — 4 бала: Сәгі, Саржа, Қаша, Кәрібай.

Сәгіден — 4 бала: Құсайын, Мұсайын, Рамазан, Иса.

1. Құсайыннан — 2 бала: Бірімжан, Құрмаш (Нұрмаш).

Бірімжаннан — 1 бала: Қайролла.

Қайролладан — 4 бала: Жүніс, Имаш, Науан, Мұқаметжан.

Құрмаштан — 1 бала: Қалымбек.

2. Мұсайыннан — 5 бала: Қабдолла, Қаби, Мәлік, Ғалымжан, Ахмет.

Қабдолладан — 1 бала: Зейнолла, қыздары — Әнуза, Шайда, Мәнәй (Қайыржан).

Зейнолладан — 3 бала: Ибраим, Қайырбек, Қайыргелді.

Қабидан — 5 бала: Қайнолла, Уәп, Қайролла, Мағау, Аманбай.

Мәліктен — 5 бала: Қайыржан, Әмір, Қайырбек, Қабдеш, Бимақан.

Қайыржаннан — 4 бала: Мақан, Жақсылық, Жолдыбай, Абай.

Әмірден — 3 бала: Аманкелді, Арыстан, Абылай.

Қайырбектен — 2 бала: Бименде, Біржан, бір қыз бала — Әйгерім.

Бимендеден — 1 бала: Зәкәри.

Біржаннан — 1 бала: Мәди.

Бимақаннан — 2 бала: Сәкен, Хасен.

Ғалымжаннан — 1 бала: Ебіней.

Ахметтен — 1 бала: Қапар.

3. Рамазаннан — 1 бала: Қалау, Қалаудан — 1 бала: Лұқпан.

4. Исадан — 1 бала: Әнас.

Әнастан — 4 бала: Жақсылық, Жаслан, Асылхан, Қайрат.

Қашадан — 2 бала: Сәрсенбай, Ораз.

Кәрібайдан — 3 бала: Әкімжан, Мұқаметжан, Мәкімке.

Жәгіден — 3 бала: Балға, Таймас, Шаншар.

Балғадан — 3 бала: Омар, Қысық, Ермен.

Омардан — 4 бала: Қали, Қаппас, Шери, Есмақан.


Қысықтан – 1 бала: Әубәкір, Әубәкірден – 1 бала: Қапар.

Ерменнен – 2 бала: Әбен, Қамза.

Таймастан – 5 бала: Сепен, Сейіт, Баттал, Мақаш, Бұқпа.

Сәпінің Құсайын, Мұсайын, Рамазан деген балалары орасан бай адамдар болған деседі.


Бұл шежіреге өзінің сұрауы бойынша, Баймағамбеттерге 7 атадан қосылатын Қайса Есмұқанұлы Жанабековті де қосамыз: Жоғарыда айтқанымыздай Жарылқамыстан – Таңат, Даугер, Шәукер, Сағындық туады. Шәукерден Барлыбай әулеті тараса, Сағындықтан – Аю, одан – Ырсай, одан – Шибіт, одан – Көте (шын аты Жанабек), одан – Сұлтан, одан – Есмұқан, одан – Қайса, одан – Серік.



ТӘБЕЙ БАРЛЫБАЕВ

(1883-1863)

Барлыбай қажының екінші баласы Төбей 1783 жылы туып, 1863 жылы 80 жасында қайтыс болған. Бейіті Жамбыл ауданы, Петровка (Бақыр ілген) селосының оңтүстік жағында 2-3 шақырымдай жердегі Баян зиратында. Төбей Еснейдің Матақ есімді туған апасын алған жездесі. Төбейдің ата қонысы, қыстауы жоғарыда аталған Петровка селосының батыс жағында 3-4 шақырым жерде. Қыстауының орны қазір де бар. Төбей өте парасатты, орысша да жақсы сөйлеген, өз кезінің озық ойлы адамы болған. Саятшы, сері, өте мырза, дәулетті болған. Мырзалығы жайлы Сейітақмет баласы Сермағамбет былай дейді:



«Бірдеңе сұрап келген адамдардың бетін қайтармапты. Бір түнде ауыл жігіттеріне сернеге союға 20 қой беріпті. Шылым орайтын қағаз болмай, 25 теңгелік ақшаға темекі орап тартқанын ауыл адамдары көріпті деп, өкем жұрттан естігенін айтып отыратын».

Ел ішінде Төбей беделінің зор болуын Серіз Сері де өзінің өлең жолдарында «Жайлылығы Төбедей болсын», – деп, айтып кеткен. Зор денелі, көрікті, салтанатпен жүруді ұнатқан.

Төбейдің тарих сахнасына шығуы, қоғамдық қызметінің басталуы орыс отаршылдарының қазақ жерін отарлау, Россияның Есіл бағытындағы шекарасын 200 шақырымға дейін кеңейтіп, «Қасірет белдеуі» («Горькая линия») шекарасын жүргізу уақытымен түс келді.

1822 жылғы «Сібір қазақтарын басқару туралы» патша өкіметінің жарғысы бойынша қазақ даласында хандық билік жойылып, Орта жүз қазақтарының жері өкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінгені, Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі Есіл өзенінің Тобыл өзеніне дейінгі солтүстік беті Аманқарағай (1830 ж.), кейін Құсмұрын (1835 ж.) округіне қарағаны тарихтан белгілі.

Төбей орыс тілін жақсы білуінің арқасында Омбыдағы орыс басшыларымен де тіл табысқан. Соның нәтижесінде ол 1824 жылы патша өкіметінен «Құрметті қазақ» атағын алып, Батыс Сібір генерал губернаторы шекаралық комиссиясының мүшесі болып сайланады. Төбей Есенгелді, Саржан, Кенесары Қасымұлдарына ақыл айтып, оларға қазақ ауылдарын шаппау керектігін ескерткен.

Енді таным үшін жергілікті қазақтарды патша үкіметінің чиновниктері мен әскери адамдары округке (дуанға) қалай біріктіргеніне назар аударайық. 1830 жылы қаңтар айында осы дуанға кіруге тиісті қазақтардың есебін алған. Есеп алу кезінде өр ру бойынша үй санын, адам санын, жылқысын, ірі қара малын, тіпті қой-ешкісінің санын алған. (Өрине салық салу үшін). Есеп алу жұмысына өр рудың беделді адамдарын және үкімет чиновниктерін пайдаланған. Сол 1830 жылғы қаңтар айындағы алынған есептің нәтижесі мынадай.

(Омбы архиві «По устройству Аманкарагайского округа»
Фонд 3, опись 12, дело №17681):

№п/п	Рулар	Үй саны	Жылқы саны
I. Уақ руы			
1.	Бидалы	500	40 000
2.	Жансары	525	25 150
3.	Баржақсы	450	12 620
4.	Шайгөз	225	4 450
II. Керей руы			
1.	Көшебе	700	17 500
2.	Сибан	500	20 000
3.	Матақай	1000	32 000
4.	Самай	500	22 000
5.	Есенбақты	200	2 071
6.	Еменалы	150	3 000
7.	Қантай	250	2 500
8.	Таз-керей	100	1 025
9.	Дәулетімбет	100	1 000
10.	Нұрымбет	380	11 400
11.	Қапсыт	180	1 800
12.	Шағалақ	100	900
13.	Қара кемпір	80	400

Ескерту: қара мал мен қой-ешкінің санын жазбадық.

Жоғарыда аталған құжатта халықтың санына мал-мүлкіне есеп жүргізген чиновниктер мен ру басыларын нағарадға ұсынған тізім бар. Олар ру басшылары: Жалбыр Абдуллин аға сұлтан-төре тұқымынан; Есенеі Естемісов, Тастан Меңдібаев – Сибан руынан; Төбей Барлыбаев, Рысқұл Аюбаласы – Көшебе руынан; Рысқұл Қаратаев, Бекбол Қортышов – Бидалы Уақтан; Тілеп Байкүшіков – Жансары уақтан; Қондыбай Мамашев – Самай Керейден; Дүрмек Жансүгіров, Қожақ Сүйіндіков, Қоқай Майлин; Майлыбай Қосағалов (рулары көрсетілмеген).

Преснсогорьковтағы орыс отрядінің командирі подполковник Набоков бұлардың еңбегін бағалап наградаға ұсынады. Ол облыс

бастығына жазған хатында былай дейді: «Склоняя других к выступлению в новое образование (округке дегені. - Қ. М., С. Ж.), они сами приняли присягу и по доброму их поведению и значительности в орде прошу Ваше высокое превосходительство выдать им старшинские листы и печати». Яғни, бұл кісілердің старшындықтарын бекітіп, оларға арнайы куәлік және мөр беруін сұрайды. Подполковник Набоковтың осы хаты бойынша жоғарыда аты аталған адамдарды өз руларының старшыны және биі етіп сайлайды.

Дуанға қарасты халықты жоғарыда аталған ру жігімен болыстарға бөлген. Болыстарды басқару үшін старшындар (кіші сұлтандар деп аталған) мен билер сайлап, әр болыстың тиесілі жерін бөліп берген. Дуан (округ) құрыларда жасалған шарт бойынша қазақтар малдарының санына қарай жасақ (салық) төлеуге міндеттенсе, өкімет қазақтардың жерлерін, малдарын барымташылардан қорғауға тиіс болған. Бірақ патша өкіметі тарапынан бұл өзара келісім орындалып отырмаған. Мысалы, 1831 жылы тамыз айында дуанның аға сұлтаны Жалбыр Абдуллин, старшындар: Есеней Естемісов, Төбей Барлыбаев, Құндыбай Мамашев, Біркен Малқаров, Тоқсан Мөлжадаров Тобыл губерниясы басқармасының бастығы генерал-губернатор И. А. Вельяминовқа ол Пресногорьков бекінісіне келгенде жазбаша хабарлама (докладная записка) тапсырады. Хабарлама хат Төбей Барлыбаевтың қолымен жазылып, басқалары қолдарын қойыпты (Омбы архиві. Фонд 3, опись 12, дело №18681)

Қысқаша мазмұны мынадай:

1. Дуанның (округтің) приказы құрылғанша халықты қорғайтын отряд беруді сұрайды.

2. Дуан құрыларда подполковник Набоков малдарға артық салық салынбайды, қазақтар міндетті әскерге алынбайды, халықты барымташылардан қорғаймыз деп уәде беріп еді. Енді ол кісі өліп кеткесін халық қобалжуда. Сондықтан бұрын жасалған келісім-шартты заңды түрде құжат арқылы бекітуді сұрайды.

3. Әр облысқа оларды қорғайтын бөлек-бөлек полиция адамдарын беруді өтінеді.

4. Линиялық казактардың өздері қазақтарға бөлініп берілген жерлердің шөбін шауып, келісім-шартты бұзуда, алдымен осы казактарға тыйым салынса екен деген тілек білдіреді. Хат соңына өздерінің мөрлерін басып, таңбаларын қойыпты.

1831 жылдың қыркүйек айының басында генерал-губернатор Жалбыр сұлтанның атына жазған жауабында былай депті (хаттың мазмұнын дәлме-дәл көрсету үшін сол қалпында орыс тілінде береміз. -Қ. М., С. Ж.). «На записку вашу, почтенный су л-тан, поданную мне при свидании в крепости Пресногорьковской, отвечаю: покойный отрядный начальник подполковник Набоков при первоначальном приглашении на выступление в подданство России уверял вас действительно определенно, что с подведомственного вам народа не будет требоваться рекрутской повинности и никаких сборов, кроме обычного ясака. Относительно же определения к вам казаков для сохранения от барымтачей, по сему предписано мною отрядному начальнику сотнику Швабскому защищать вас и, наконец дабы воспретить линейным казакам выкашивать траву в местах, принадлежащих киргизцам Аманкарагайского округа, то осем дано распоряжение командиру Сибирского линейного казачьего войска».

Сол 1831 жылғы 3 қыркүйекте ол Сібірлік линияның казактар әскерінің командиріне жазған №38 хатында былай депті: «...запретить казакам занимать принадлежащие киргизцам места без их согласия». Сондай-ақ сол күні жазылған №39 хатта: «Отрядному начальнику господину сотнику Швабскому... Кочевки султана защищать от барымтачей. Вам к неперменному исполнению», – деген. Сол қыркүйек айында сотник Швабский корпус командиріне қазақ сұлтаны мен старшындарының бұл өтініштері орындалады деп жоғары жаққа хабарлағанымен, линиялық казактардың жолсыздық істері жалғаса береді. Оны мына құжаттан көруге болады (Омбы архиві. 3 фонд, 541 ісі). Аманқарағай дуаны Керей болыстарының старшындары Есенеі Естемісов, Төбей Барлыбаев және Құндыбай Мамашевтың 1832 жылдың 10 желтоқсанында Батыс-Сібір губерниясының басқармасына жазған шағымдары кездесті.

Шағым хаттарында төмендегідей талап қояды:

1. Линиялық казактардың Керей болыстары қазақтарына жасап отырған жолсыздық істерін атап көрсетеді. Бұл істері қазақтардың наразылығын тудырып отырғандықтарын айта келіп, тыйым салуын өтінеді.

2. Аталған старшындарға қалааралық базарлар мен жөрмеңкелерге шығуға құқық сақтауды және барлық қазақтарға кедергісіз жол жүруге құқын сақтауды сұрайды.

3. Ішімізде тіпті болмаса, Төбей Барлыбаевқа бір іс жүргізуші-аудармашы ұстауға қаражат бөлінсе екен дейді.

Хат соңына жоғарыда аталған Керей болыстарының үш старшыны хатты растап, әрқайсысы өз мөрін басыпты. Есеней Естемісовтың мөрі араб графикасымен толтырылса, Т. Барлыбаев пен Қ. Мамашевтің мөрлері орыс және араб әріптерімен жазылған. Бұл шағым хаттан старшындардың халықтың талап тілегін патша чиновниктерінің алдына қоя білгендіктерін көруге болады.

Сол кездегі Батыс-Сібір губерниясы басқармасының бастығы инфантерия генералы И. А. Вельяминовтың арыз-хатқа жазған бұрыштамасына қарағанда старшындардың бірінші екі өтініштері қанағаттандырылған, ал үшінші өтінішке мынадай жарлық жазылыпты (өдейі қаз қалпында жазылғаны бойынша орыс тілінде беріп отырмыз):

«В сем последнем отказать, ибо, ни в одном округе нет излишних письмоводителя и иметь его на собственном содержании. О сем обвинить через областного начальника от моего имени. Исполнить в гражданской канцелярии. г. Тобольск. 10 декабря 1832 года.

Генерал от инфантерии Вельяминов».

Осыдан кейін де Басқарма бастығы Сібірлік линиялық казактар әскерінің командиріне және Омбының облыстық начальнигіне 1832 жылы 14 желтоқсанда жазған №7603 хатында: «Предлагаю Вашему превосходительству строжайше предписать командующим по линии удерживать казаков от самовольства и занятия чужого места, принять надлежащие меры к отвращению беспокойства киргизцев», – депті.

Осы хатқа Омбы облыстық басшылары төмендегідей жауап жазған: «10.01. 1833 г. Омск. Омское общее областное управление. Донесение об исполнении предписания №6703. Господину командиру отдельного Сибирского корпуса. По предписанию Вашего Высокого превосходительства от 14 декабря 1832 года 6703 поручил я войсковой канцелярии оказать защиту киргизем ведения старшин Истемесова, Барлыбаева, Мамашева от стеснений, делаемым им линейными казаками. -Генерал-лейтенант» (қолы қойылған).

Линиялық казактар мен жергілікті қазақтардың арасындағы жер дауы осы хаттан кейін де бітпейді. Казактар мен қазақтар арасында қарулы қақтығыстар болып қалып жүреді.

Губерния басшылары Керей руының Нұралы атасын ата қонысы Бүркеутал деген жерден қуып, ол жерге жазалаушы отрядтың штабын салмақшы болады. Құрылыс жұмысын Қорған қаласынан өкелінген сотталған адамдарға жасатады. Жергілікті қазақтар салынып біткен үйлерді сол күні күйдіріп жіберіп отырады. Төрт-бес үйді күйдірген соң, жаңадан штаб салудан күдер үзген соң, жоспарланған штаб үйлерін Преснов станицасына салады. Сол кезден ел аузында мына бір әңгіме қалған екен.

Бүркеуталда штаб үйлері салынып жатқан кезінде жергілікті қазақтар «Үлкен Өтеп» деп аталатын көлдің жанындағы қалың ағаш ішінен қашып жүрген жеті орыс адамын ұстайды. Бұлар түнде «Үлкен Өтептен» (Өтеп – Біржан салдың төртінші атасы, көл сол кісінің атымен аталған. -Қ. М., С. Ж.) балық аулап, күндіз ағаш ішінде шие, саңырауқұлақ теріп күн көріп жүрген штаб үйлерін салуға келген сотталған адамдар екен. Ауыр тұрмысқа шыдамай қашып кетіпті. Бұларды ұстап алған адамдар Төбей Барлыбаевқа алып келеді. Шетінен он саусағынан өнер тамған ағаш шеберлері екен. Төбейге жалынып: Барлық тапсырған жұмыстарыңды орындаймыз: ағаштан қиып үй саламыз, арба, шана, үй жиһаздарын – сандық, кебеже, орындық істейміз. Егін саламыз, жер жыртатын соқа істейміз, тек бізді казак отряд штабына ұстап бермеңіз, біз көп жылға сотталған адамдармыз, – дейді. Төбей қашқын орыстардың тілегін

қанағаттандырып, өзінің ата қонысы «Бибалай» және «Өзберген» көлінің жанындағы қалың ағаш қойнауынан қоныс береді. Бұлар сол жерде ұстахана, шеберхана ашып, арба, шана, үй жиһаздарын жасайды. Осылардың арқасында Көшебе болысының адамдары өсемдеген арба, шананы сол маңайда бірінші болып мінеді. Салтанатты жүруді ұнататын Төбей ірі қалаларда ғана мініп жүретін арбаларды жасатады. Бұл жеті отбасы жеміс өсіріп, егіншілікпен де айналысады. Бұрын астықты алыстан тасып жүрген ел енді астықты өздері егіп, қамбаларын бидайға толтырады. Ел «бөрі Төбейдің арқасы» – деп ризашылықтарын білдіріпті. Осы жеті отбасының арқасында ағаш үйді де Төбей бірінші болып салғызады. Інісі Көкенге, Көкеннің баласы Өлтиге де ағаш үй салған осы адамдардың ұрпағы еді. Жамбыл ауданының Пресновтағы аудандық оқу бөлімінің үйі Өлти байдан тәркіленіп алынған үй екен, оны осы шеберлер салыпты деседі. Осы жеті отбасының ұрпақтары қазір Святодуховка (Түлкіойнақ), Петровка (Бақырлген) селоларында тұрады.

Патша өкіметінің қазақтарды өз жерлерінен ығыстыруға байланысты жер тарылып, қазақ руларының арасында да жер дауы көбейеді. 1831 жылы көкек айында жансары Уақтың старшыны Тілеп Байкүшіков Пресногорьковтан 30 шақырым жерде (қазіргі Ақбалық, Озерный ауылдары жөнінде, Жамбыл ауданы) өздеріне тиісті Шекебай, Қарақамыс, Желқызыл жерлерін Самай, Нұралы, Қапсыт, Есенбақты керйлердің заңсыз иеленіп отырғанын шағымданып Губерния басшыларына жазады. (Омбы архиві, Фонд 3 опись 2, іс-238). Губерния басшылары бұл даулы мәселені шешуді дуанға тапсырады. Дуан Төбейге жүктейді. Төбей осы дауды шешу үшін Керей – Уақ билерінің мәжілісін өткізеді. (Төбей Барлыбаев бұл кезде Батыс-сібір шекаралық комиссиясының мүшесі болатын. - Қ. М., С. Ж.).

Мәжілісте Жансары уақ жағынан Жарылқамыс би, Керей руларынан Тоқсан би шығады. Тоқсан бидің бұл кезде жасы ұлғайып тоқтаған шағы екен, бір жағынан сыйлас адамы Төбейдің сөзін жерге тастамай, бір жағынан бұл жер дауына екі рудың бірлігі үшін шығады. Мәжілісті жүргізіп отырған Төбей бірінші сөзді даугер жағынан Жарылқамыс биге береді. Жарылқамыс би

Уақ пен Керейдің түптің түбінде бір атадан тараған ағайынды ел екенін, өуелден көрші қонып ауылы аралас, қойы қоралас, түстікте төсі, төсекте басы қосылған рулар екенін айта келіп, – Уа, ағайын, ата қонысымызға орыстар штаб салып (Пресногорьковты айтады. – Авторлар) шебін құрып, тынысымызды тарылтты, ата қонысымыздан айырды. Аз ғана атаның баласы Жансары Уақтың барар жері, басар тауы қалмады. Мына Шекебай, Қарақамыс, Желқызыл атадан келе жатқан жеріміз еді. Орыстар келгенше жеріміз жеткілікті болғасын ағайыншылықпен пайдалануға беріп едік, енді Керей балалары, көптіктеріңді, орыстарға жақындықтарыңды білдіріп, өз жерімізді өзімізге бермей отырсыңдар. Бізді орыстардың талауы аздай, енді сендер күш көрсетіп отырсыңдар, қайтарыңдар жерімізді! – деп Жарылқамыс би алдында жатқан қамшымен салып-салып қалды.

Сөз кезегі Керей рулары атынан Тоқсан биге беріледі. Тоқсан би қамшысын алдына тастай сала, Жарылқамыс бидің қамшымен жер сабалағанын ұнатпай өктемдей сөйлеп, кіріспе сөзге бармай, даулы мәселеге тура көшеді.

– Уа, Жарылқамыс би, өзіңнен басқаны көрмейтін көрсоқыр ма едің? Ақылды өзінен көреді, ақылсыз ағайыннан көреді, – дейді атамыз. Орыстар тынысымызды тарылтып, жерімнен айырды дейсің, Керейдің қай атасы өзінің ата қонысында отыр?! Сенің жеріңе «штаб» салса, Көшебенің жерінде Кпитанды салды. Нұржолы, Самай аталары тоз-тоз болып өз жерлерінен айрылып, бір шеті Есіл өзенін жағаласа, бір шеті Көкшетау жеріне босып кетті. Балға (Сибан руы) атасы ұрпағы Мәуліт, Бескөл жерінен қуылып келгесін өз жерімізден ойып алып орын бердік. Алдайдың Ескене атасы ұрпағы Мәуліт жерінен (Становое селосы маңында болған) қуылып келді. Сен осыны көрмей отырған жоқсың, Жарылқамыс, қиястықпен айтып отырсың! Қолыңдағы қамшыңды мықты болсаң жеріңді тартып алған анау орыстарға шошаңдат! – деп қарсыласын сөзбен тұқыртып алып, Тобеймен алдын ала келісіп алған шешімін айтты. Шешім бойынша жоғарыда аталған жерлерді Жансары уақ пен Керей рулары екіге

бөліп алатын болды. Дауласушы жақ өділ сөз, тура шешімге қарсы шыға алмай келісімін берді.

Сөйтіп, Төбейдің тапқырлығымен, Тоқсан бидің ақылдылығымен екі ру арасындағы даулы мәселе дұрыс шешіледі.

Ел ішінде Төбей мен Тоқсан би арасындағы тағы бір өңгіме сақталып қалған екен. 1830 жылдары ел ішінде жер дауы, жесір дауы, барымташылар көбейіп кеткесін, Төбейдің айтуымен жасы келіп қалса да, Тоқсан биді Еменалы болысының биі қылып сайлайды. Бірер жылдан кейін Тоқсан би биліктен бас тартады. Мұны естіген Керей-Уақтың Төбей бастаған жақсылары, болысбилері Тоқсан биге келіп: – Би аға, мына қысылтаяң заманда халықтан қол үзіп, билікті тастағаныңыз қалай, көп болып сұрай келдік, райыңыздан қайтыңыз, – дейді.

– Уа, ағайын, мен би болғасын халқыма пайдам тие ме деп ойлап едім, ал жақсы би болу үшін мен алдымен, патша жандаралдарының көңілін табуым керек. Олардың көңілін табу үшін халқымды өзім тонау керек. Бұлай би болғанша, болмағанның өзі артық емес пе? Аталарымыздан қалған мынадай сөз бар екен. – Аққумен істес болсаң – көңілің пәк болады. Қаршығамен істес болсаң – тамағың тоқ болады, қарғамен істес болсаң – шоқығаның боқ болады. Осы сөздің дұрыстығына көзім жетіп, билікті тастап отырмын, – депті. Осылайша сөзін естіп отырған орысшыл би-болыстарды бір түйреп өтеді. Жиналған жақсылар би ағаларына ештеңе айта алмай, бастарын салбыратып, жер шұқып отырып қалады.

Ел аузындағы өңгімелер бойынша және архив деректері бойынша да Тоқсан бидің Еменәлі болысының билігінен тез кетуінің тағы бір себебі болған. Тоқсан бидің туған ағасы Сексен орыс отаршылдарымен қарсы күресте халықтан батыр атағын алған адам. Ол қол ұстап Преснов станицасының жазалаушы отрядымен талай соғысып, жеңіске де жетіп отырған. Керейдің Алдай атасына тиісті жерді қарудың күшімен қорғап отырған. Осы бір кезде мынадай бір оқыс оқиға болып қалады.

Ол уақытта қазіргі Жамбыл ауданы, Айымжан ауылының оңтүстік жағындағы Қайранкөл, Суаткөл, Солдаткөл деген

көлдерді, «Ескі көң» деген жерді Алдайдың Ескене аталары мекен еткен. Қайранкөлден Пресновтың казак-орыстары балық аулайды екен. Бір түнде құрған аулары жоғалады да, мұны сол маңайдағы Ескене аталары балаларынан көреді. Қазақтар мен орыстар арасында төбелес болып, екі қазақты өлтіріп кетеді. Болған оқиғаны «Бейіт ағаш» деп аталатын жерінде отырған Сексенге хабарлайды. Сексен тапа-тал түсте қапысыз отырған Пресновқа шабуыл жасап, қазақтың «қанға қан» заңдылығымен бұл да екі адамын өлтіріп, үш бірдей белгілі адамын ауылға ат көтіне өңгертіп алып келеді. Ауылға өкелгесін үшеуін тыр жалаңаш шешіндіріп аяқ-қолын байлап қожға сүндетке отырғызады. «Енді қазақтарға тиісетін болсаңдар өздерің сияқты бүкіл Пресновтың еркектерін сүндеттейміз» – деп үшеуін жаяу қайтарып жібереді. Дініне берік болған Сексеннің бұларды сүндетке отырғызу себебі, алдында Пресновтың бір байы үш қазақты еріксіз шоқындырған екен.

Бұл оқиға Преснов станицасы тұрғындарын қатты қобалжытады. Станица басшылары Батыс-Сібір генерал-губернаторына Сексеннің намысқа тиер озбырлық істері жайлы шағым-хат жазады. Хатты тексеруді 1824 жылдан Батыс-Сібір шекаралық комиссиясының мүшесі Төбей Барлыбаевқа тапсырады. Төбей Барлыбаев қазақтар мен орыстар арасындағы талай даулы істерді «арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей» бітімін тауып, екі жақты ақылмен келістіріп жүреді екен. Бұл жолы да тексеру уақытын созып «ұзын арқан кең тұсауға» салып жүргенде, орыстар Пресновтағы түсіп жүрген үйінің әйеліне Сексенге у бергізеді. У ішкенін сезген Сексен жау қолында өлмейін деп атына міне сала өз қолымен ауылына келіп, жан тапсырады. Қазіргі «Бейіт ағаш» деп аталатын қыстауына жерленеді. Денесін орыстар мазақ етпесін деп, қабірін қылға араластырған балшықпен жабады. Сексеннің өлгенін естіген Пресновтың орыс тұрғындары той қылып, үш күн арақ ішкен деседі.

Сексенге өшіккен орыстар туыстарына күш көрсете бастайды. Сексеннің інісі Тоқсанға да бұдан кейін бұл жақта халық арасында билік жүргізу қауіпті бола бастағасын орыстардан

аулақтау Терісаққан өзенінің Есілге құяр тұсына қазіргі Пески станциясының оңтүстік-батыс бетіндегі «Западное» селосы маңына қоныс аударуға мәжбүр болады. Өзінің өсиетімен осы жерге жерленеді. 2000 жылы тамыз айында бейітінің басына ескерткіш қойылды.

Төбей Барлыбаев қоғамдық қызметін қазақтардың мүддесін қорғауға өте шебер пайдаланып, қандастарының арасында зор беделге ие болады. Ақыл-парасаттылығымен, тапқырлығымен губерния, уезд басшыларының да тілін тауып қазақ ішіндегі сенімді адамдарының бірінен саналады. 1840 жылдың қыркүйек айында Есеней Естемісовтың орнына Аманқарағай дуанының кеңесшісі (заседатель) етіп сайлайды. Тиісті құжаттың көшірмесі (Алматы архиві, Фонд 374, опись 1. Дело №611).

Төбей Барлыбаевтың Аманқарағай дуанының кеңесшісі болатын 1840 жылы аудан екіге бөлініп, бір бөлігі «Арғын дуаны» деп аталып, Оренбург губерниясына қарап кетеді де, Аманқарағай дуанында қалған болыстардың тізімі, экономикалық-өлеуметтік жағдайы төмендегідей болады.

(Алматы архиві. Қор-345. Тізім -1. 1с-№1869).

Дуан. болыс яттары	Дуан, болыс басшылары	Ауыл саны	отбасы	ер- лер	Әйел- дері	Жыл- қы	Сиыр	Қой
Аманқа- рағай дуаны	Аға сұлтан Шыңғыс Уалиханов	1	1	1	1	300	50	150
	Төлегіттері	—	6	10	12	—	—	—
	Дуан кеңесшісі Төбей Барлыбаев	—	1	2	2	100	30	100
Баржақ- сы уақ	старшыны Ермек Тоқпанов	—	1	3	2	300	35	400
	Барлығы	11	661	983	689	2977	1342	3103
Жансары уақ	стар. Тілеп Байкүші – ков	—	1	2	4	150	20	200
	Барлығы	11	638	995	763	3567	1560	4770
Бидялы уақ	стар. Беркін Малқаров	—	1	1	4	80	20	100
	Барлығы	10	661	692	684	5200	1650	21000
Сибян	стар. Жұман							

керей	Қондыбаев	—	3	6	5	60	20	—
	Барлығы	6	403	1106	505	4066	1420	12000
Көшебе-Есенбақты	стар. Малдыбаев	—	1	2	2	90	30	300
	Барлығы	5	320	910	450	3500	600	6600
Еменалы	стар. Күлібек Тоқсақов	—	1	2	3	100	30	—
Керей	Барлығы	11	701	1327	703	2100	1355	3000
Самай	ср. Тайпақ Салулатов	—	1	1	2	75	55	40
Шағалақ	Барлығы	10	571	1091	667	2895	1333	5037
Балта								
Керей	Барлығы	4	246	738	861	3406	1201	4383

Пограничное управление Сибирских киргизов отделение исполнительное донесение о выборах ст. Сутана и заседателей 23.05.1841 г, №3449 г. Омск

Аманкарагайский окружной приказ от 2 сентября 1840 года №2464 представил в Пограничное управление 2 общих приговора о избрании по случаю истечения срочного времени вновь бывшего ст. Султана Чингиза Валиева, по нем кандидатом на Джансары-Уаковской волости султана Чалабая Чуакбаева, заседателем Көшебе-Киреевской волости старшину Табей Барлыбаева, по нем кандидата Иманалы-Киреевской волости бия Каирбеке Токсанова и вместо отбывшего в Оренбургское ведомство поручика Язы Яюва, Бидалы Уаковской волости бия Тулегена Айтеннова и по нем кандидата Кураилы-Уаковской волости бия Есенбая Буднева.

Избраны: ст. Султаном; — Чингиз Валиев; Исенею Истемисову отказать по необычному характеру. Заседателями: Табей Барлыбаев и Толеген Айтеннов.

Табей Барлыбаев Құсмұрын сыртқы округінің приказының (дуанның) заседателі (кеңесшісі) болып тұрған кезінде Сібір қазақтарының шекаралық басқармасының тапсырмаларын аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановпен бірге орындасып, онда жіберілетін құжаттарға аға сұлтанмен бірге қолын қойып, өзінің жеке (фамилиясы жазылған) мөрін қойып отырған. Мысалы шекаралық басқарма Құсмұрын округіне бұл округтен Орынбор

ведомствосына өтіп кеткен қазақтардың салған төлеу жөнінде жарлық бергенде, оған аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов пен оның заседателі Төбей Барлыбаев мынадай жауап хат (рапорт) жолдаған:

«Сібір қырғыздарының (қазақтарының. -Авторлар) шекаралық басқармасына Құсмұрын сыртқы округі приказынан

РАПОРТ

Шекаралық Басқарманың №7914-ші өткен 16 ноябрьдегі Указын (Жарлығын) орындау жолында округтік приказ өр уақытта Орынбор ведомствосына өтіп кеткен біздің округтің қырғыздары туралы ведомость беріп отыр. Мұнда біз олардың төленбеген налогін Сібір ведомствосынан алып тастау үшін әдейі көрсетіп отырмыз.

Аға сұлтан майор

Ш. Валиханов

Заседатель Т. Барлыбаев (печать)

№5961-8 ноябрь 1845 ж.

Почта бөлімі. Стол 1.

Құшмұрын».

Есеней Естемісов халыққа қатал болмағанмен сауаттылығы төмен, саясатқа шорқақ болған. Сондықтан ел басқаруда атқарушы тұлға Төбей Барлыбаев болған.

Төбей Барлыбаев осы қызметті атқара жүріп қиын заманда қиналған халқына ізгілік жолын нұсқап, орыс отаршылдарынан елді арашалаған елдің иесі, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, ұрпаққа ұстаз болған, озбырлықтан әділеттілікті арашалаған адам болған. Сондықтан Төбей елдің сүйіспеншілігіне бөленген, халық арасында зор беделге ие болған. Сегіз Серінің «Жайлылығы Төбейдей болсын», – деп өлең жолына қосуы да Төбейдің азаматтығын анықтай түседі.

Төбейдің парасаттылығын аша түсетін тағы бар оқиғаға тоқталайық.

Алматы архивінің (фонд нөмір, іс нөмір 1345) көлемі 82 парақтан тұратын «Переписка о ссоре между З. Байтокиным и

Исенеєм Истемисовым* (1843-1845 гг.) деген құжат бар. Қысқаша мазмұны төмендегідей: Есенеї Естемісов әйелі Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысының болысы Зілғара Байтоқиннің қызы Қанікейді жөбірлеп, төркініне апарып тастайды. (Есенеїдің Ұлпанға үйленген кезі болу керек. - Авторлар). Бұған қатты намыстанған Зілғара Батыс Сібір шекаралық басқармасына Есенеїді қаралап арыз-шағым жазады. Хатында Есенеїдің Марал Ишан қозғалысына қатынасып, Ресей үкіметіне қарсы қол бастап соғысқанын, Кенесарымен құда, оған қарсы соғысқан жоқ, тек Кенесарының қолынан аталас ағайынының малын алып қалғанын, Уақ, Қанжығалы руларының жерін тартып алғанын жазады. Есенеї де Зілғараның жазғандарынан ақталып, оның өзінің қылмысты деген істерін тіркеп тұрып жазады. Осындай мазмұнда біріне бірі қарсы үш мәртебе хат жазысып, бірінің қылмысын бірі өшкерелейді. Батыс Сібір губерния басшыларының да керегі осы еді, екі рудың ең беделді адамдарының арасын аша түсіп, қылмысты істерін тіркей береді. Енді Қанікейдің жөйі кейін қалып, (23.04.1845-15.12. 1845 жж. Арасында) екеуіне де хаттарында жазылған қылмысты істері бойынша қаралау іс ашылды. Бұл істі тексеруді ресми түрде дуанның екінші кеңесшісі (Дуанның бір кеңесшісі Ресей жағынан болған. - Авторлар) Тимофеевке тапсырады. Губерния басшыларының бұл істі өз мақсаттарына пайдалана бастағанын сезген Төбей Барлыбаев істі шешуге өзі араласып, алдымен екеуін де ақтап, одан кейін қазақшылық жолымен татуластырып, істі жапқызады.

Жоғарыда аталған архивтік Істегі соңғы құжаттың көшірмесі төмендегідей:

Құсмұрын сыртқы округінің приказы

—♦-----♦-----♦



Құсмұрындуанның аға сұлтаны
Есенеї Естемісовтың мөрі

Сібір қырғыздарының шекаралық
басқармасының начальнигі мырзаға

Естемісов би мен подполковник
Байтоқиннің келісуі туралы хабарлама
8.12. 1845. №5951

Сіздің мәртебеңіздің 1844 жылғы 1-декабрьдегі №20 және №3834 предписаниеңіздің (бұйрығыңыздың) облыстық управителі (облыс) Естемісов биді өзінің өйелі подполковник Зілғара Байтокиннің келісімге келгенін айтты. Естемісов өзінің өйелі Қанікейді қайта алды және мұсылман ғұрпымен ұстауға (бірге тұруға) уәде берді. Осы туралы Сізге округтік приказ мәлімдейді.

Аға сұлтан майор Валиханов (қолы)
Заседатель Төбей Барлыбаев (қолы)

Төбей Барлыбаевтың мөрі

Осылайша Төбей Барлыбаевтың арқасында екі ру басшыларының арасындағы жанжал жарастықпен аяқталады.

Төбей Барлыбаевтың жер дауына байланысты тағы бір жанжалды сауаттылықпен, парасаттылықпен дұрыс шешкеніне архив деректеріне сүйеніп мысал келтірейік.

Алматы архиві, фонд нөмері 345, Іс нөмері 2915 «Дело о спорных местах между казахами Кушмурунского и Кокчетавского округа по реке Ишим» деген құжатта Андағұл – Ораз Бөйімбет болысының старшыны Көшенов Есіл өзені бойындағы Салпақты, Алакөл, Аққан Барлық, Терісаққан атты жерлерді Көкшетау дуанының жерлері екенін, Құсмұрын дуанының заңсыз пайдаланып отырғанын жазып, бұл жерлерді қайтарып алуға уездің шешімін шығартып алады. Шешімге Құсмұрын дуаны (Аға сұлтан – Шыңғыс Уәлиханов, заседателі – Төбей Барлыбаев) комиссиясына Есіл өзеніне құятын Жыланды және Терісаққан бойының ежелден Керей-Уақтың жаз жайлауы екенін, ескі зираттарының да сол жерде, тіпті есімі үш жүзге мәлім Керейдің атақты биі Тоқсан би Жабай ұлының да бейіті осы жерде екенін, және 1830 жылы Құсмұрын (бұрынғы Аманқарағай) дуаны құрылғанда осы дуанға қарағанын жазады. Архивте сақталып қалған көлемі 8 парақтан тұратын осы шағым-хат Төбейдің өз қолымен сауатты, жүйелі, нақты дәлелдермен жазылған. Ақыры Жыланды, Теріссаққан жерлерін Көкшетау

дуанына қайтарып алады. (Қазіргі Целинный ауданының жерлері).

Осы сияқты Төбейдің халық үшін атқарған ұлағатты істерінен көптеп мысал келтіруге болады.

Төбей Барлыбаев ел билеумен қатар қазақ фольклорын, шежіресін, шешендік сөздері мен аңыз-жырларын жинаумен де айналысқан. Ол сол кездегі атақты ақын, шежіреші, өнші Сегіз сері Баһрамұлымен жақын көңілдес, тілектес болған. Сегіз сері де оны сыйлап өткен. Белгілі жазушы Төлеш Сүлейменов өзінің Сегіз сері турал кітабында былай жазады: «Кішкентай бидің асынан келгесін үйінде ат тынықтырып алып, Сегіз Көшебе елінің басшысы Төбей Барлыбайұлының он сегіз қанат ақ ордасында мейман болады. Серінің келу құрметіне оның дос-жарандары мен ағайын-туғандары жиналып үлкен мәжіліс құрады. Сонда көпшіліктің сұрауы бойынша өнші-ақын «Тұрмыс» атты ұзақ толғауын домбырамен айтады.

Өлеумет, өтіндіңдер сөйлейін сөз,

Үйінде Төбей ағаң келдік қой кез.

Тілекті сіздер қойған орындайын,

Жырларым алтын болмай шықса да жез, – дей келіп, ту ұстап жауға аттанғанын, жеткіншекті өнерге баулу үшін, кез келген жерде насихат айтып жүргенін, жұрттың жүрегіне кілтті өн мен күй арқылы табатынын сипаттайды. Осы үйде Сегіз «Назым-Гүлше» дастанының жаңа нұсқасын жырлап, тарих арқылы махаббат сезімінің құдыретті күшін аңғартқан» (Аталған кітап: 204, 206 беттер).

Сегіз сері қайтыс болғаннан кейін Төбей ақсақал (70-тен асқан кезінде) аяулы інісінің мұрасын, әсіресе шежіресін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа жеткізуді ойластырады.

Қазір Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба және текстология бөлімінде (папка №853, 1-тізім, 38 бет) Сегіз Серінің өзі жазып таратқан атақты Ақсақ темірдің ақылшысы болған Танаш бидің арғы бабасы сонау Жанай-Ерлан биден басталатын Орта жүз Ашамайлы Керейдің көлемді шежіре-жылнамасы сақталған. Сегіз Серінің осы

шежіресін өзі де толықтырып, өлең жырларын, қисса-дастандарын Омбының Мемлекеттік архивіне тапсырған Төбей Барлыбаев екен. Сөйтіп Төбейдің арқасында Сегіз серінің шежіресін толықтырғаны жөнінде белгілі жазушы Ислам Қабышұлы «Керейлер керуені» (1978 ж., 92 бет) деген тарихи монографиясында да жазады.

Төбей Барлыбаевтың кейінгі ұрпақтарының шежіресі былайша таратылады:

Төбейден:

Қожахмет Ермұхамед, Ешмұхамед Төшмұхамед (Төштит)

Би Қожахмет Төбеев Алматы орталық архивтің дерегі бойынша 1855 жылы Сибан-Керей болысының кеңесшісі (заседателі) болған. (Фонд нөмері 345. Опись -1. 1. -420). Би Қожахмет Төбеевтің Құсмұрын дуанының Сибан-Керей болысында заседатель болғаны туралы 1855 ж. 18 июльде жазылған құжатта да көрсетілген (Омбы обл. мемл. архиві, Ф.3., оп., 3., д. 3765).

Қожахмет пен Ермұхамедтен ұрпақ жоқ.

Ешмұхамедтен екі бала – Хасен, Құсайын туады. Хасен Кенесарының Сыздығының Ақберік деген қызын алған. Құсайыннан екі бала – Мәмбет, Қамза туады. Бұлардан да ұрпақ жоқ. Құсайын туралы ел арасында мынадай өңгіме сақталып қалыпты. Құсайын кесір, қисық, ешкіммен амандаспайтын, үйіне келген қонақты да қарсы алмайтын, ағайынмен араласпайтын адам болыпты. Бірақ айта қалғандай гармонист екен. Итемірдің Күзембайы Сегіз серінің баласы Мұстапаға осы туысын жөнге салып беруін сұрайды. Өйткені үнемі қылыш тағынып жүретін өр мінезді Мұстападан жұрттың бөрі қорқады екен. Мұстапа бір күні Құсайынның үйіне келіп түссе, Құсайын теріс қарап қыңырлығына бағып сәлем де бермей, дұрыс қарсы алмайды. Мұндайды көрмеген ел қадірлісі Мұстапа қылышын қынабынан суырып алып: «Қане маған сәлем бер! Үйіңнен дәм татқыз, өйтпесе басыңды шабамын!» – деп жанына жетіп барады.

Құсайын қатты қорқып, алдында құрдай жорғалапты. Осыдан кейін Құсайын түзеліп кеткен екен дейді.

Төбейдің төртінші баласы Тәштит Барлыбаев ел басқарған өз кезінің қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен, көрнекті тұлға болған адам.



Құсжұрын дуанының кеңесшісі
Төбей Барлыбаевтың мөрі

АЛЖЫҒАН ҚАЖЫ БАРЛЫБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Омбы, Алматы архивтерінде Алжыған Барлыбайұлы болыс, не би болды деген деректер жоқ. Ел аузындағы өңгімелерге қарағанда Алжыған өз кезінде ірі бай және діни адам болыпты. Меккеге барып қажы атанған, кейін тіпті хазірет атанып Қызылжар мен Омбыда мешіт салдырған. Сонымен қатар саудамен де айналысқан. Оның ірі саудагер болғандығы сондай, ол керуен ұстап, шет елдермен де сауда жүргізген.

Өлкетанушы, фольклорист Қаратай Бигожиннің айтуынша, өрі ақын, өрі хазірет Көрпеш Баһрамұлы (1799–1851) өзі науқастана бастаған соң, Қызылжар қаласындағы Шақшақ би мешіті (Ресей патша өкіметіне толық бағынбай тұрған кезде ХҮІІ ғасырдың үшінші ширегінде ашылған ескі мешіт) мен медресесін (ол да сол кезде ашылған) Алжыған хазіретке табыс етіпті. Алжыған осы медреседе шөкірттерге діни дөріс беретін ғұлама екен. Көрпеш сонымен қатар Алжыған қажыға аталмыш қала төңірегіндегі жерін де қараздап, қала бастығының мөрін басқызып, қолын қойғызып табыс етіпті. Себебі, Көрпештің Сейітжан сал, Құшан сері деген ұлдары салдық-серілік құрып, өнер жолымен кетеді де шаруаға қарамайды.

Сол кезден бастап осы күнгі Жамбыл ауданындағы Петровка селосының орнында болған ескі ауыл «Бақыр ілген» аталған екен.

Алжығанның дастарханы мол, қонаққа өрқашан есігі ашық болыпты. Осындай жомарт қажыны мақтап көп ақындар өлеңдер шығарыпты. Сонымен бірге сол кездерде Алжыған қажының Қызылжар қаласында ашқан сауда дүкендері, өз қаражатына салдырған қонақ үйі, қолөнер бұйымдарын жасайтын шеберханасы болыпты. Ол жайында Атығай Бөйімбет Торжан Ендібайұлы (1825–1909), Матақай Керей Көрпе Үркімбайұлы (1824–1889), Балта керей Байеке Бабасұлы (1834–1917), осы күнгі Шал ақын ауданындағы Афанасьевка селосы орналасқан Бабас ағашы деген қоныста дүниеге келіп, сол жерді мекен еткен Қанапия Басалқаұлы (1841–1918), Түмен губерниясына қарасты «Қош, қарағайда» туып-өскен (елі Балта Керей), Ескене Керей Бейеке Айдаболұлы (1838–1918), Жансары Уақ Мұқан Құлыкешұлы (1841–1916) ақындардың Алжыған қажыны мақтап шығарған өлеңдерінде де жақсы айтылған. Кезінде үстем тап өкілдеріне арналған өлеңдерді сақтауға, айтуға жұрт қорықты да, ол өлеңдер сақталмады. Солардың ішінен тек қана Есенеі Естемесовтың қолында болған Көрпе Үркімбайұлы ақынның өлеңінің мына бір үзіндісі бізге жетіпті:

...Алжекеңнің алысқа қолы жеткен,

Басыра мен Бағдатты басып өткен.

Керуенін парсылардың ылғи жалдап,

Мекке мен Мөдинаға барып жеткен.

Омбы мен Қызылжарда мешіт ұстап,

Мұсылманның жұртына даңқы кеткен.

Алжығанның ел ортасына көшіп баруына оның Қызылжар қаласы маңындағы жерін Омбы саудагерлері алып, өз имениелері етуі себеп болған екен.

Ел үлкендерінің айтуынша, артында перзенті жоқ Есенеі Естемесұлы көзі тірісінде өзінің Қызылжар, Омбы қалаларындағы сауда дүкендерін, шеберханаларын, қонақ үйлерін қағаздатып, қала бастықтарының мөрлерін бастыртып, қолдарын қойдырып, жақсы көретін құдасы, досы Алжыған қажының атына аударған екен. Ал, Алжыған хазірет Есенеідің асында азаға жиырма бес тайлақ пен жиырма бес боз байтал өкеп салыпты.

Алжыған қажы, міне, осындай адамгершілігі мол, елге беделді, байсалды адам болған.

Алжығаннан Ақыш қажы (1850–1927) туған. Ол да өке жолымен Меккеге барып қажы атанған. Болыс, би болғаны туралы тарихи дерек болмаса да ел аузында бір-екі сайлау болыс болған деседі. Ақыш та, оның немере ағасы Әлти де жас жігіт кездерінде мансапқорлыққа өуес болмапты. Олар ең алдымен өке дәулетін сақтай отырып, әрі қарай баий түсуді көздепті.

Ақыш пен Әлти қажының қыстауы бірге болған. 2000 жылы 13 мамыр күні «Вибалай» атты Әлти қыстауында болғанымызда Садуақас қызы Қәғида ана: «Мынау Жақсы ағаның үйінің орны» деп Ақыш қажының үйінің орнын көрсетті (Ақыш қажыны туыстары «Жақсы аға» деп атаған екен – Авторлар). Ақыш та саудамен айналысқан ірі бай болған адам екен.

Ақыш қажыдан Шайхылес және Қалике есімді екі бала туады. Шайхылестен төрт бала: Нәжметден Қазі, Қари, Қаппес туады. Нәжметденнен Қабдуәли туған... Шайхылестен төрт бала: Нәжметденнен Қабдуәли туған. Ол ертеде қайтыс болған. Одан туған 4–5 қыз қазір Бескөлде тұрады.

Итемір Барлыбайұлы

Серіз сері Баһрамұлының:

«Жүрісі Итемірдің сөзіндей болсын

Көзі ботаның көзіндей болсын» – деп өлең жолдарына қосқан Итемір Барлыбайдың үшінші баласы. Шежіре бойынша Итемір 1804 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болған. Денесі Айымжан ауылы маңындағы Сексен зиратына жерленген. Туған жылы туралы шежіреде осылай жазылса, Алматы архивінде басқаша жазылған.

«Список султанов, биев, почетных киргиз Кушмурунского округа за 1850 г.» (Фонд 338. Оп. 1. Дело 317) деген құжатта былай жазылған: «Итемир Барлыбаев – старшина 52 года. Скромен и умен, богатство посредственное, Сиван–Кирей–Кошебе (отд. Чентар). В октябре 1817 года награжден старшинским званием от генерал-лейтенанта Гладышева. Летние пастбище в 110 верстах». Бұл құжат бойынша Итемір 1798 жылы туған. Шындығында осы дерек дұрыс болар, өйткені 1817 жылы старшин атағымен марапатталғанда ол шежіремен алсақ (1804 ж.), 13 жаста ғана болар еді, бұл өрине шындыққа жанаспайды.

Тағы бір құжаттарда 63 жасында 1861 жылы Анна лентасына тағылған алтын медальмен марапатталған деген дерек бар.

Жеке қағаз (анкета), мемлекеттік сараптау жеке куәлік (удостоверение личности) арқылы толтырылатынын ескере отырып, Итемірді 1798 жылы туды деген дұрыс.

Алдымен ауыл молдасынан сауат ашқан Итемірді Барлыбай қажы үлкен баласы Төбей оқыған оқу орындары – Преснов одан кейін Пресногорьков орыс мектептерінде оқытады. Мектепті үздік бітіріп, орыс тілін жетік меңгерген Итемір ағасы Төбей сияқты ел басқару жұмыстарына жасынан араласады. Алдымен тілмаш, одан кейін 18 жасында Сибан – Көшебе болысының биі болады. Содан билік жүйе жойылғанша, яғни 1868 жылғы қазақ елін басқару реформасына дейін осы қызметті атқарады. Ел басқару жұмыстарында өділдігімен, турашылдығымен, жомарттығымен, елге жасаған қайырымды істерімен халықтың құрметіне бөленеді.

Кезінде ақын Әбубәкір Кердері Шоқанұлы (1861–1905) Итемір туралы.

Бұрынғы өткен билер сондай еді.

Қақ жарған қара қылды қандай еді.

Қызығып дүниеге жол айтпаған

Ақылы жанып тұрған шамдай еді.

Демеген біреу алыс, біреу жақын,

Өкшесі аумайтұғын тамдай еді, – деп жырлаған.

Итемірдің халықтың жер-суынан айрылған қиын кезде қорған болғанына, халықтың жоқтаушысы болғанына бірер мысал келтірейік.

Қазақстанның орталық мұрағатында Итемір Барлыбаев туралы көптеген материал кездесті. Солардың біреуіне «Дело о захвате казахами земельных участков, принадлежащих киргизам Кушмурунского округа» деген іске тоқталайық (Қор нөмірі 345, Іс – 335).

Сыйбан–Көшебе Керей болысының биі Итемір Барлыбаев 26.09.1853 жылы Құсмұрын дуаны өкімшілігіне арыз жазады. Арыз мазмұны төмендегідей:

Осы жылы (1853 ж.) Құсмұрын дуанына линиялық казактарға жер бөліп беру үшін Омбыдан топографтар келді. Казактар осыны пайдаланып, таныстықпен қазақтардың ата қоныстары шұрайлы жерлерді алып және 15–20 шақырым қазақтарға тиесілі жерге кіріп кеткен. Сөйтіп Ресей тарапынан жер туралы келісім бұзылады. Итемір Барлыбаев өзінің арызында казактардың осы сияқты жөнсіз істерін жаза келе төмендегідей талаптарын қояды:

1. Казактар алған жерлерін қайтару керек.
2. Губерния қазақтардың жерін қорғау туралы Заң шығару керек.
3. Заңсыз істері үшін жер бөлген, жер алған адамдар тиісті жазасын алсын.
4. Жер қайтарылмаса (казактар алған жер), қазақтар өкіметке салық төлемейтін болады.

Осы талаптары Сібір қазақтарының шекаралық басқармасында шешілмейтін болса, жоғары өкімет орнына хабарлайтынын айтып, батыл жазған. Бұл хат шекаралық

басқарманы біраз өбігерге салады. Жерді заңсыз алған казактар үстінен іс қозғалып, осы арыз бойынша 12 адамға өртүрлі жаза қолданғаны туралы хат бар.

Сөзіміз дәлелді болу үшін осы іске байланысты бір құжаттың аудармасын берейік.

Сібір қырғыздарының шекаралық бастығының
қызметін атқарушы мырзаға

Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасы.

Шаруашылық бөлімі № 2 стол.

Қырғыздардың жерін линия казактарының
тартып алуы жайында

Мәлімдеме

Құсмұрын округі Сибан–Керей болысының биі Итемір Барлыбаев 1853 ж. 26 қыркүйекте сондағы приказға мынаны жазған: жоғары бастықтардың бұйрығымен казактарға егін егу үшін жер учаскесін кесіп беруге линия бойына топографтар іс сапарға жіберіліпті. Казактар осыны пайдаланып, жақсы жерлерді көптеп кестіріп алуда, дала жағына 15–20 шақырым шығып кеткен. Бұлай бола берсе, қырғыздар қыстақтарынан айырылып, шаруашылықтары құлдырайды. Мұны дұрыс шешу үшін жоғары бастықтар депутат белгілеуі керек және оларға дала жағының жерін қорғауды, орыстар мен қырғыздардың ежелден келе жатқан жер туралы дауларын бітіру тапсырылсын...

Шекаралық басқарма Құсмұрын приказының 28 қазандағы № 2760 мәлімдесінен алып және Сибан–Керей болысының биі Итемір Барлыбаевтың 19 қарашадағы № 8 ІІІ мәлімдемесіне сүйеніп айтарымыз: казактар бүйте берсе, қырғыздар қыстақтарынан айырылып, шаруашылықтары күйзеліске ұшырайды. Осы жөйді Сіздің мәртебеңіздің қарауына береді және Құсмұрын округінің қырғыздарының жерін линиялық казактардың тартып алуынан қорғайтын бұйрық шығаруыңызды сұраймыз.

Бұдан арғы істер туралы басқармаға хабарлауыңызды өтінеміз.
1853 ж. Қараша. № 8111. Полковник (қолы, мөрі).

Итемір Барлыбаев туралы тағы бір дерек 1855 жылғы 27 июльде Сібір қазақтарының облыстық басқармасының кеңесшісі подполковник Уәлихановқа жазған хаты. Осы хатты келтіре кетейік:

27 июль 1855 г.

Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі подполковник Валиханов мырзаға.

Құсмұрын округінің Сибан-Керей болысының старшинасы Итемір Барлыбаевтан.

Донесение.

Сіздің мәртебеңіздің Құсмұрын округінің приказына жіберген № 24-ші хатыңыз және ол приказдың биылғы 14 июльде маған жіберген № 2379 предписаниесі бойынша айтарым:

Мен денсаулығының төмендеуінен Үшқайың урочищесіне Сізге келе алмадым. Дауласқан қырғыздар жөнінде: Асаубай Итекин байды жолдастарымен Сіздің мәртебеңізге Тіленші би Тоқпаевтің көзінше биылғы 22 июльде жібердім.

Старшина Барлыбаев.

Бұл Итемір Барлыбаевтың өз қолымен жазған мәлімдеменің (донесение) ксеро-көшірмесі.

Мәлімдеме соңында өзінің мөрі қойылған. Бұл ксеро-көшірме Шыңғыс Уәлихановтың Құсмұрын дуанының аға сұлтандығынан кейін Сібір қазақтарының облыстық басқармасының кеңесшісі болып істегенін де анықтайды.

2002 жылғы тамыз айында біз Омбы облыстық Мемлекеттік архивінен Итемір Барлыбаев қол қойған тағы бір құжат таптық. (ГАОО. Ф. 3. Оп. 3. Д. 4158, св. 547, л. 4 –6). Бұл құжаттың мәтіні Есеней Естемісовты келесі үш жылдыққа Құсмұрын округіне аға сұлтан етіп сайлағандары туралы айтады:

«Его Превосходительству Господину Председательствующему Совета Главного управления Западной Сибири.

Акт о выборе на должность старшего султана Исеней Истемисова.

1858 года июля 11-го дня в наступившее вновь трехлетие для выбора старшего султана Кушмурунского округа, мы нижеподписавшиеся, имеющие право участвовать при сем выборе на основании 19 пр: к Ш. Т. Приложения к ст. 861 Уст. О службе по выборам, предварительно были оповещены Кушмурунским окружным приказом, для этой цели прибыли в водворение приказа в присутствии о него выслушав предложение по сему предмету, и будучи в полном собрании с соблюдением узаконении 3-го тома Устава по выборам ст.: 871, 872 и 874 единогласие с общего согласия избрали на предыдущее трехлетие в сей округ старшим султаном Исенея Истемисова, в чем к этому Акту прилагаем свои печати.

Капитан султан Джалбыр Абдуллин (печать)

Султан Торежан Абдуллин (печать)

Заседатель Динарбек Токпаев (печать)

Волостной управитель би Бекберды Бештомин (печать)

Старшина Итемир Барлубаев (печать)

Би Караул Бектубаев (печать)

Би Шаупкел Мендекин (печать)

Би Чанка Мендекин (печать) «А

Итемірдің шежіресін таратсақ, Итемірден — үш бала: Күзембай, Ешқұлы, Көшқұлы. Күзембайдан — Үмітбай. Үмітбайдан — Шұғайып, Шұғайыптан — жеті бала: Тоқтамыс, Асыл, Ақыл, Мауыт, Шұға, Серікбай, Райхан. Ешқұлыдан Молжігіт туады. Молжігіт Әлтидің керуен басы болған.

Итемірдің үлкен баласы Күзембай Барлыбаев (1829–1919) көп жылдар болыс болыпты. Одан кейін 1916 жылға дейін үздіксіз Қызылжар уезінің жер-су бөлімінің начальнигінің орынбасары болып қызмет атқарыпты. Сол кезде қартайған Күзембайдың барлық жұмысына атақты Абылай Рамазанов көмектесіп жүріпті. Күзембай бір кездерде төбе би болған көрінеді.

Күзембайдың ел ішінде беделді болыс, әділ би болғандығын өзінің «Ұлпан» атты кітабында ғұлама жазушы Мүсірепов та көрсетеді. Есенеі қайтыс болғаннан кейін оның «асын өткізу өзірлігінде жүрген Байдалы би, Күзембай болыс бастаған отыз шақты адам ауыл сыртында кеңесіп отыр еді, үш салт адам

жақындап келіп сәлем берді» – дейді жазушы. Одан әрі бұл адамдарды Қожық Мақашұлы (өрі батыр, өрі қарақшы) өдейі жібергенін, солар арқылы Қожықтың Сибан еліне қыр көрсетіп отырғанын баяндай келіп, жазушы Ұлпанның: «Мұны не дейміз? Қожық лаңының осымен аяқталғаны дейміз бе? Болмаса басталғаны дейміз бе?» – деген сұрағына:

«Есекем тірі болса тоқталғаны дер едім. Күн бізге қалған тұста басталғаны деуіміз керек болар... Екі жүз жігіт ұстап, Есілдің екі жағындағы елдерді күнде бір тонап отырған Қожық енді Керейге ауыз салайын дегені де! Асты дұрыс өткіздірмейді ол», – деп жауап берді Көшебе – Сибанның болысы Күзембай» – деп жазады.

Одан әрі Ғабең Сибанның басшы адамдары бес болыстың приговорын жасатып, Қожықты өмір-бақи оралмастай болып «Итжеккенге» айдалсын!» – деген шешімге келіп, бұл жұмысты Күзембай болысқа тапсырды дейді. Мұнымен де шектелмей, Сибан елі жасақ жинап Қожықтың ауылын шауып, өзін балаларымен Қызылжарға айдатады. «Болыс-билер Қожықтың жеті мың жылқысын, екі мың түйесін қағаздап «түгел қазынаға түсіру үшін» Күзембай болыстың ауылына бұрылды» – дейді Ғабең. Күзембай болыс қазақша да, орысша да сауатты адам болған екен.



Сибан-Көшебе болысының сұлтан-би
Итемір Барлыбаевтың мөрі

Төшмұхамед Төбейұлы

Барлыбаев (1833–1903 ж.ж.)

Азан айтып қойған аты Төшмұхамед болғанмен, ел аузында жөне де ресми құжаттарда, сірө, орысша атауға да жеңіл болсын деген болу керек, «Төштит» деп аталады.

Өте зирек болып туған Төштит алдымен ауыл молдасынан оқып, үш жыл ішінде Құранның көптеген сүрелерін жатқа біліп, «бала молда» атанады. Баласының қабілетін байқаған Төбей Пресновтың (Капитан) орысша бастауыш мектебіне оқуға береді. Орыс тілін тез меңгеріп, бастауыш мектепті үздік бағамен бітірген Төштитті бұдан кейін Пресногорьковтағы (Стап) «Высшая начальная школа» деп аталған училищеге береді. Училищені өте жақсы төмамдаған Төштитті сол кездегі дуанның тілмашы Семен Бекетовтің ақылымен Сибан-Керей болысына тілмаш қылып жібереді. Сөйтіп, Төштит он алты жасынан ел билеу жұмысына араласады. Семен Бекетов Есеней мен Төбейдің досы («тамыры») болатын. Төштит Пресногорьковта үш жыл осы кісінің үйінде тұрып оқып, тәрбиесін алған. Семен Бекетов демократтық бағыттағы оқығаны, тоқығаны көп, қазақ тілін жақсы білетін, парасатты адам болатын. Қазақтардың жоғары жаққа арыз-шағымдарын да осы кісі жаза беретін. Сондықтан қазақтар жақсы көріп, оны «Бекеттің Ыспаны» деп кеткен. Осындай адамның Төштиттің азамат болып, ел басқарушысы ретінде қалыптасуына ықпалы зор болған.

1850 жылдары Семен Бекетов өзінің басқа жұмысқа ауысуына байланысты Төштитті өзінің орнына Құсмұрын дуанының тілмашы қылып кетеді. Тілмаштық қызметінің арқасында Төштит жас кезінде – Санкт-Петербург, Екатеринбург, Тобыл, Омбы қалаларын аралап, көпті көреді. Оның үстіне табиғатында өнерпаз болып туған ол көптеген музыкалық аспаптарда ойнайтын талантымен де көзге түседі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» Төштит Сегіз серінің де назарына ілегіп, ол туралы «Мінез әдемілігі Төбейдің Төшмұхамедіндей болсын! – деп Сегіз сері өзінің бата-өлеңіне қосқан.

1855 жылдары Төбей демалысқа шығуына байланысты өзінің ұрнына Құсмұрын дуанының кеңесшісі қылып 22 жаста Төштитті сайлаттырады. Бірақ осы жылдары Құсмұрын дуаны қысқарып, Көкшетау дуанына қосылып қалады, Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов еді. Осы бір кезең туралы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» кітабының бетінде былай деп жазады:

«Шыңғыстың халі бұрнағы жылдағыдан да ауырлаған. Қарамағындағы қалың елді тұтас алғанда, Керей мен Уақ бір жүйе болып, Атығай мен Қарауыл бір жүйе болып, қазір екі жүйе «түйе айдайды». Алғашқы жүйемен Шыңғыстың екі заседателінің бірі – негізі Көшебе Керей Төбейдің Төштиті, екінші жүйесін Тоқтамыс ханның ұрпағы Сөбдінің Әбдіғафары (Маңдаев) билейді». Сөйтіп, Сәбит Мұқановтың жазғанындай бұрынғы Құсмұрын дуанына қарасты Керей – Уақтың билігі 22 жасар Төштитке қалады.

Төштит дуандық жабылғанша Көкшетау дуанының кеңесшісі (заседателі) болады. 1860 жылғы жөне одан кейінгі сайлауда да кеңесші болып сайланғаны анық. Шыңғыс Уәлиханов 1860 жылы 1 маусымда Петербургтегі Шоқанға жазған хатында былай дейді: «Сүйікті ұлым Мұхамед-Ханафия мен Әбу-Мақыжанға осы сөлем хатымызды жолдаймыз. Біздің жайларды сұрасаң, бұл демге шейін, құдайдың арқасында, сау-сәлемат жүріп жатырмыз... Өзіміз қазір дуаннан (Көкшетау қаласынан) елге қайтқалы жатырмыз. Соғыс губернаторы келіп, тексеру жасап, маған, Әбдіғапарға (Маңдаев), Төбей баласы Төштитке сайлау жасатып, барлық жұрт бір ауызды болды да ешкімді алмастырмай, бөрімізді де орнымызда қалдырды...».

Көкшетау дуанында аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың заседателі (кеңесшісі) болып жүрген Төшмұхамед (Төштит) Төбеевтің аты осы дуанға байланысты Омбы облыстық мемлекеттік архивінің екі құжатында кездесті. Біріншісінде: Түмен облысының тұрғыны Семен Перевалов деген кісі 1863 жылғы 12 ші ақпан күні Батыс Сібір губернаторына Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов пен оның заседателі Төшмұхамед Төбеевтің үстінен арыз-шағым жазады. (Омбы обл. Мемл. Архиві, фонд 3, опись 4, дело 5440). Онда ол Көкшетау

дуанына қарасты Айыртау болысының қазақтары Семен Переваловтың 16 жылқысын ұрлап әкеткенін, Шыңғыс Уәлиханов пен Тәшмұхамед Төбеевтің қазақтарға болысып, жылқысын екі жыл бойы алып бермей отырғанын айтады. Сібір қазақтары облысының Соғыс губернаторының Батыс Сібір губернаторына 1864 жылғы 15 қаңтарда жазған хатына қарағанда бұл арыз мезгілі өтіп кеткендіктен шешілмей аяқсыз қалады. Бұдан біз дуанның қазақ басшыларының шынында да қазақтарға іші бұрғанын байқаймыз.

Екінші, 1867 жылғы май айында Сибан-Керей болысының старшындары Батыс Сібір Бас басқармасына Көкшетау уезінің бұрынғы аға сұлтаны Зілгарин Мұса мен оның інісі Әлібек Сибан-Керейлерге тиісті жерлерді тартып алғаны туралы шағым жазады. Осы құжатта Тәшмұхамед Төбеевтің де аты кездеседі. (Омбы обл. Мемл. Архиві, фонд 3, опись 4, дело 4465). Ақмола облысы губернаторының Батыс Сібір Бас басқармасына 1870 жылғы 14 қаңтарда берген жауабында бұл шағымның жалғал болып шыққаны айтылған (Сонда: Фонд 3, оп. 5, д. 7315). Бұл құжаттар Тәшмұхамбет Төбеевтің 1867–1868 жылдары өлі де Көкшетау дуанында заседатель болып істеп жүргенін және Шыңғыс Уәлихановтан кейін 1867 жылдан бастап осы уездің аға сұлтаны болып Мұса Зілғара баласының істегенін білдіреді.

Тәштит билікті Көкшетаудағы жылында екі-үш рет болатын жиналысқа қатысқаны болмаса өз елінде отырып жүргізген. Тәштиттің беделі аға сұлтан Шыңғыстан артық болмаса, кем болмады. Өйткені Батыс Сібір губерниясының советнигі Керей руынан шыққан Көшеннің Тұрлыбегі одан кейін болған баласы Нәгербек Тәштитпен өте жақсы болды. Тәштиттің нағашысы Есеней Естемісовтың туған бөлесі Көшенов оны үнемі қолдап отырды. Екіншіден, «Қарадан шыққан» деп аталатын қазақтардың да басқаруда хан тұқымынан кем соқпайтынына патша чиновниктерінің көздері жете бастаған. Тәштит сияқтылардың ел басқаруда хан тұқымынан жоғары түсіп жатқанын да білмей отырған жоқ. Оның үстіне Шыңғыстың қарсыластары бұрын губерния бастықтарының ішінде ықпалы күшті Шоқаннан ығысып келсе, енді ол қайтыс болғасын бас

көтеріп, жоғары жаққа шағым хаттар түсіре бастаған. Осының бәрі Шыңғыс Уәлихановтың беделін түсіріп, Тәштиттің беделін арттыра түскен.

Тәштит ұйымдастырушылық, адамгершілік, өнерпаздық қабілетімен патша чиновниктерінің де көзіне түсіп, 1860 жылы 7 наурызда 27 жасында «хорунжий» атағымен марапатталған.

Тәштиттің 1868 жылы дуандық жабылғаннан кейін қай жерлерде қызмет атқарғаны туралы толық дерек жоқ, бірақ 1890 жылдары Петропавл уезі, Преснов болысының биі болғаны анық. Оған дерек мынадай.

«Даланың генерал-губернаторының 1891 жылғы 18 июньдегі № 43 бұйрығы:

Қыр облыстары губернаторларының ұсынуы бойынша жаһутталып қызмет қылғандары үшін төменде аталмыш кісілер марапатталады:

Ақмола облысында

Екінші дәрежелі шапан алған:

1. Петропавл оязы Преснов болысының биі хорунжий Таштит Табаев (Кітап «Дала уалаятының газеті». Құрастырушы Ү. Сүбханбердина. 1994 ж. 249 бет)».

Айта кетерлік бір жай, Тәштит кейбір деректерде «Барлыбаев», кейбір деректерде «Төбеев» болып, екі фамилияда кездеседі.

Тәштиттің кейінгі ұрпағы туралы Әлти қажының немересі Сермағамбет Сейітахметұлы былай дейді:

«Тәштит атамыздың елдің құрметті адамы болғаны туралы ел арасында көп айтылады. Соның бір белгісі елдің үлкен-кішісі Тәштитті «Төтең» деп атап кеткен екен. Кейінгі ұрпағы былай таратылады:

Тәштиттен бір бала – Қамза, Қамзадан екі ер бала: Меден, Нұраш, бір қыз бала – Сайран туады.

Меденнен үш бала: Әміржан, Бағытжан, Қажыгелді, төрт қыз бала: Күлзипа, Мәриям, Күлпан, Үмітжан туады.

Нұраштан үш ер бала: Серғали, Серік, Берік, алты қыз бала: Ақлима, Жаңыл, Дәмелі, Сәуле, Шолпан, Жамал туады.


Төштиттің баласы Қамза ағамызды 1934 жылдан бері білемін. Осы жылдары Барлыбаев балалары елге баруға қорқып, Омбы – Түмен облыстарында көшіп-қонып жүргенде бірге болдық.

Қамза ағай батыр мінезді, ұрда жық, бір беткей адам болғанмен, өте әділ, тура адам еді. Ұрлық жасаған, теріс мінез көрсеткен, біреуге нақақтан зорлық жасаған адамдарды ұрып тастауға дейін баратын. Қазақтар ғана емес селонның бүкіл орыстары қорқатын одан. Қамзаның ең сүйікті жұмысы аңшылық болды. «Кестен» деген жүйрік аты, «Иоқа» деген аңшы иті, бүркіті, қаршығасы болды. Басқа жұрттар шөп шауып, отын тасып шаруашылығымен айналысып жатса, бұл кісі қысы-жазы аң аулап, далада жүретін. 1938 жылы көшіп-қонып жүрген қазақтар бірігіп бөлек колхоз ашты. Колхоздың аты жоғары жақтың айтуы бойынша болу керек, «Парижская коммуна» деп аталды. Колхоздың басқармасы Назаркеннің Серғазысы Қамзаны халықтың қорқатынын, аңшы екенін ескеріп, егінді қорғаушы (объезщик) қылып тағайындады. Қамзадан қорқатын ауыл адамдары егінге түспесін деп, бұзауларын да екі аяғынан тұсап қоятын.

1939 жылдың жазында Түмен облысы, Қазан ауданы «Бірлік» деген колхозға көшіп келдік. Мұнда келгесін ағамыз барлық жұмысты тастап, тек қана аңшылықпен айналысты. Өлі есімде бір күні 17 қоян өкеліп, ағайындарға үлестіріп берді. Жұрт мінезі тартпаса да, мырзалығы өкесіне тартқан десетін.

Қамзаның үлкен баласы Мәден ағаш шебері, өрі етікші болды. Сол маңайда одан асқан етікші болмайтын. Күйеуге ұзатылатын қалыңдықтардың етіктері Мәденнің қолынан шығатын. Ерлердің байпақты етіктерінің, қыздар киетін сықырлауық етіктерінің неше түрлерін тігетін. Өзі өте ақжарқын, ешкімнің көңілін жықпайтын көпшіл, ағайынға сыйлы адам еді.

Мөден мен Нұраштың ұрпақтары Түмен облысы, Сладков ауданының Усово деген селосында тұрады. Мөден мен Нұраш Пелевин деген селоның қасында «Самай зираты» деген зиратқа жерленді. Мөденнің Бақытжан деген баласы Қызылжарда тұрады. Мөден ағайдың әйелі Алтыншаш, Нұраш ағайдың әйелі Нағыш жеңгелеріміз қазір бар, Сладков ауданында балаларының қолында тұрады.





Көкен Барлыбаев ұрпағы

Көкен-Барлыбай Шәукерұлының ең кенже ұлы. Архив деректерінде, ел аузындағы өңгімелерде Көкен Барлыбаевтың болыс-би болып ел басқарғаны туралы деректер жоқ. «Сері» – деген атақты қосып алып, «Көкен сері» атанған. Сергіз сері Баһрамұлы (1818–1854), Нияз сері Бекдәулетұлы (1818–1893), Біржан сал (1825–1897), Шәрке сал Қарабайұлы (1824–1907), Шағырай шешен Төбетұлы (1836–1924) сияқты атақты сал-серілердің тобында болып, серілікпен аты шыққан. Шежіре бойынша Көкеннен Өлти қажы туады. Көкен «Баян» зиратына жерленген, көп жасамаған адам.

Өлти қажы Көкенұлы Барлыбаев

Өлти қажы 1854 жылы «Өзберген» көлі жанындағы Көкен серінің қыстауында туып, 1926 жылы өзінің «Вибалай» қыстауында қайтыс болған. Петровка (Бақырлген) селосынан 3–4 шақырым жердегі «Бертіс» зиратына жерленген. Өлти қажы ресми құжаттарда «Барлыбаев» және «Көкенов» деп екі фамилияда кездеседі. Өлти қажы Алдай руының Мысық деген тұқымының қызы Ділдебайға үйленген. Барлық балалары осы Ділдебай анадан туған.

Өлти қажының да би-болыс болды деген дерек жоқ. Бірақ қазіргі Жамбыл ауданы жерінде заманында Өлтиден асқан бай болған жоқ. Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» бірінші кітабында: «Өлти Көкенов – Керейдің ең байы да, ең беделдісі де», – дейді. Ел ішінде Өлтидің байлығы туралы неше түрлі өңгімелер бар. Ол өңгімелерге қарағанда, Өлти қараңғы «сасық» бай болмаған. Қазақ арасынан шыққан ең бірінші капиталистердің бірі болған және орыс капиталистеріндей сауатты бай болған. Ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, маңдай тері, табан ақысымен дәулетін асырған. Саудамен байыған. Мысалы, ел ішінен жас төлдерді арзанға сатып алып асырап, өсіріп Ресейдің алыс қалаларындағы мал базарларына апарып сатқызған. Ол жақтан жұртқа қажетті киім-кешек, ыдыс-аяқ, қамыт-сайман т. б. дүниелерді арзан бағамен алдырып ел ішінде қымбат бағамен саттырған. Қорған қаласының банкісінде өзінің есеп-шоты

болған. Біз егеменді ел болғанша тарихымызды өрескел бұрмалап, бай біткенді істен алғысыз қылып жамандап келдік. Адам баласына бітетін жамандықтың бәрін байларға жаптық. Байлық ақыл-оймен емес, кісі қанаумен ғана келеді дегенге сендік. Байқап қарасақ, Өлти сияқты байларды «бай» деп қана қоймай, қазіргі заман тілімен кестелеп «бизнесмен», «іскер адам» десек, қателеспейтін сияқтымыз. Оны мынадан да көруге болады. Өзі болыстыққа сайланбай, керей-уақ ішінде өзінің қалаған адамын болыс сайлатқызған. Өйткені, болыстық орын сатып алынатын болған, кім ақшаны көп берсе, сол болыс болған. Өлти қалаған адамына қарызға ақша беріп, болыстыққа сайлатқан. Әрине, болыстыққа таласқан кейбір байлар Өлтидің бұл ісіне қарсы болғанмен, шамалары келмейді. Олар онымен күресейін десе, капиталы жетпейді, өйткені Өлтидің байлағына теңесер бай жоқ. Сөйтіп, Өлти қарызға берген ақшасын екі есе қайырып алып, бір пайда тапса, екіншіден өзінің сайлаттырған болыстары арқылы бүкіл өңірге үстемдігін жүргізген.

1890 жылдардан бастап осы күнгі Жамбыл ауданының жеріне орыс шаруалары (переселенецтер) көшіп келе бастайды. Олардың біразы Өлти қыстауының маңына: батысына – Святодуховка (Түлкі-ойнақ), шығысына – Петровка (Бақырлген), Богдановка (Толыбай) селоларын салады. Аш-жалаңаш келген орыс шаруаларына Өлти көмектесіп, егіндерін салуға көлік беріп отырған, әрине тиімді пайдасы үшін берген. Өлтидің сол көмегіне риза болған шаруалар өздерінің балалары мен немерелеріне де ол туралы айтып отырса керек, осы селолардың қарт тұрғындары осы уақытқа дейін «Өлти Көкенович» деп оны зор ілтипатпен еске алады. Майбалық ауылының (Жамбыл ауданы) тұрғыны қарт ұстаз Нұрғалиев Уәли Святодуховка селосының көнекөз тұрғындары И. А. Волков пен М. С. Абрашкиндердің айтуынша, Святодуховка селосының біраз шаруалары 1913 жылғы қыстан Өлти байдың көмегі арқасында шыққан, үй салуға, егін сеуіп, егін оруға Өлтидің малдарын пайдаланған, өзара тиімді қарым-қатынас жасаған, – деді.



Әлти Көкеновтің бейітінің басында ортада Еңбек Ері Төлебай Мұстафи Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында Әлтидің байлығы туралы Боржабай мен Бөкеннің өңгімесін келтіреді:

– «Жылқысы екі мыңды алқымдап жүр дейді-ау осы үйдің!... Сиырды да мол ұстай бастапты ғой... жөне» немістің қызыл-қасқа швиці болса керек. Өрқайсысы күніне үш шелектен сүт береді дейді. Бір-бірінің ауырлығы қазақы сиырдың үшеуіне татиды білем! Қойды да мыңнан асырып ұстайды деседі! Сауда малы қанша!... деп Бөкен мал жағын айта бастаса:

– Төйір-ай, малды байлық дегенің не қылғаның!... Ақшада емес пе байлық?... Ақшасын айтсайшы оның! – дейді Боржабай.

– Сонда қанша екен? – деген сұрау береді Бөкен.

– Оның ең сенімді приказчигі – Қопабайдың Ысыманы менімен дос еді ғой, – деп жауап береді Боржабай, – екеуіміздің айтыстпайтын сырымыз болмайды. Соның сөзіне қарағанда, бұл Әлти Қорған қаласындағы бөккені ұстаған төрт миллионердің біреуі екен ғой. Былтыр патша түскеннен кейін Әлти қараз ақша қалады деген сөзді естиді де, бөңкедегі бар ақшасын алтынға айырбастап алмақ болады. Соған Әлти өзінің үлкен баласы Садуақас пен Ысыманды жұмсайды.

Бөңке бастығы пара алады да, алтын беруге ризаласады.

– Иә, оны естіп ек, – дейді Бөкен, – сонда қанша алтын алған екен?

– Ысыман өтірік айтпайтын кісі. Оның сөзіне қарағанда, суммасы бір миллион сомдай болса керек!.. Темір сандыққа салған алтынды құрым кигізге орап, ауылға елеусіз түрде өкетіпті. Одан кейінгісін Ысыман білмейді. Қауесет сөзге қарағанда елеусіз жерді қазып тықса керек. Қайда екенін Әлти мен Садуақастан басқа жан білмесе керек...

– Шіркін, соның үстінен түсер ме еді! – деп арман етеді Бөкен.

– Миллион сомның алтыны көп дүние-ау! – дейді Боражабай, – саудаға салса қандай тамаша болар еді!.. Біз Қалшақтың құнсыз он мың сом қағаз ақшасымен де сауда жасаймыз деп келеміз. Бөкен, Ө?!

– Ол рас, – деп Бөкен қоштап қояды да, – осы Әлти жыл сайын Атбасар, Тайыша, Қоянды сияқты жәрмеңкелерден мыңдаған өгіз жинап, Қорғанның ет заводына құлатып тұрушы еді. Биыл сол саудасын істемей, үнсіз отырып қалды-ау!... Сонысы несі екен?! – деп сұрады Боржабайдан». («Өмір мектебі», екінші кітабы, 13-14 бет).

Әлти қажының байлығы туралы естіген адамдар ел ішінде көптеп саналады. Солардың бірі қазір Петровка селосында (Жамбыл ауданы) тұратын Көшебенің Таузар атасынан тарайтын Мөнту (Есмағзұм) Қонқаев ақсақал. Ол Барлыбаевтар әулетінің шежіресін жақсы білетін тоқығаны көп адамдардың бірі. Осы уақытқа дейін Барлыбаевтар ұрпақтарымен туысқандық қатынас жасап тұрады. Енді осы Мөнту ақсақалдан естіген әңгімелерге тоқталайық.

Әлти Қазақстанның солтүстік өңіріндегі теңдесі жоқ алғашқы ірі капиталист болған. Қызылжар, Қорған, Омбы қалаларында, Преснов, Пресногорьков станцияларында сауда орындары болған. Көптеген приказчиктер ұстаған. Солардың бірі Сегіз Серінің Вибізара (1850–1933) деген қызын алған Ахмет Тұрсынбайұлы (1850–1892) болған. Ахмет Тұрсынбайұлы орысша-қазақша сауатты, сауда ісін жетік білетін, өз заманының озық азаматы болыпты. Әлти қажының керуен басшысы, өрі приказчигі

Молжігіт Ешқұлұлы (Итемір Барлыбаевтың немересі) болыпты. Молжігіт атына сай зор денелі адам болған, азан айтып қойған аты ұмытылып, халықтан «мол жігіт» деген сөзден алынған жаңаша атымен аталып кеткен. Ал, керуеннің қорғаушы жасақтарын басқарған Керей руының Шағалақ атасынан тарайтын Боқпан батыр болған. Боқпан батыр да басқа адамдарға ұқсамайтын зор денелі, ерекше туған адам болыпты. Оны кез келген қазақы жылқы көтере алмаған. Өлтидің бір үйір ауыр жүк тартатын тұқымды жылқылары болған, Боқпан соларға ғана салт мінген. Боқпанның батырлығы, күштілігі, балуандығы туралы ел ішінде неше түрлі өңгіме тараған.

Өлти саудамен Қорған, Ірбіт және Ресейдің басқа қалаларына 130-140 арба жүк керуенін, жүздеген қара малдарын айдатқызған екен. Сол кезде керуен жолындағы Аманқарағай орманында бірнеше ұялы аю және қасқыр болып Өлтидің керуеніне көп шығын келтірген екен. Бір жолғы сапарда салт келе жатқан Өлтиге аю шабады. Қатар келе жатқан Боқпан байқап қалып шоқпарымен аюды тас төбесінен ұрып, Өлтиді өлімнен алып қалады. Қатты риза болған Өлти Боқпанға бір үйір жылқы берген екен. Боқпан Аманқарағайдағы Өлти керуеніне көп шығын келтірген аю мен қасқырларды тегіс қырып, керуенге, айдалатын малға жол ашады. Бірде Боқпанның аюға сілтеген шоқпары қате кетіп, аюмен жекпе-жек күрескен. Ақыры аюдың арланын екі қолымен қылқындырып өлтірген. Бұл оқиғалардан кейін Боқпанның аты шығып «Боқпан батыр» атанады. Енді – дейді Мөнту ақсақал, – Боқпанның мешкейлігі және Өлтимен танысуы туралы ел ішіндегі өңгімені айтайын.

Өлти баласы Садуақасқа Шайғөз Уақ Тілемістің (Торсанның әкесі) қызы Ықышқа құда түскесін, Тілеміс Өлти жағын құдалыққа шақырады, Қазақ салты бойынша құдалыққа өнер адамдарымен, балуандарымен, мешкей адамдарымен барады екен. Тілемістің құдалыққа союға бір үйір жылқы семіртіп, жатқанын естіген Өлти қажы құлақ естір жерге құдалыққа баруға етті көп жейтін, қымызды көп ішетін адамдарға хабарландыру салады. Құдалыққа баруға сол төңіректегі атақты мешкей Сегіз серінің

Мешкейлігі Тілендей болсын
Мықтылығы Қуаныштай болсын
Жайлылығы Төбейдей болсын

Сергектігі Есболдай болсын, – деп өлеңге қосқан Тілен, бір отырыста бір ту қойды жеп қоятын Итемірдің Күзембайы, Сегіз серінің балалары Мұстафа, Мұсайын, Мадьяр Кеңбейіл сияқты ет жемпаздар тізімге легіп жатады. Тізім жасалып жатқанда Боқпан келеді. Ерекше біткен тұлғасына таңырқай қараған Өлти қажы: – Ал, жігітім, бітіміңді ұнатып тұрмын, өнеріңді айт, бір жегенде қанша ет жей аласың? – дейді.

– Мен қанша ет жейтінімді айта алмаймын, өйткені өмірі етті тоя жеп көргем жоқ. Дегенмен бір жегенімді айтайын. Бұдан бір жыл бұрын мына Самай руының Қазан ауылына бара қалсам, ауыл дүрлігіп жатыр екен. Ауылдың қотанына көрші Кіпитан ауылының қанғырған бір доңызы (шошқасы) кіріп кетіп, есік алдындағы ыдыстарды ластап, кептіріп қойған құрт-ірімшіктерін жеп, ойына келгенін істеп жүр екен. Өмірі доңыз көрмеген ауыл ұстамақ түгіл, күнөлі боламыз деп, тіпті көруге қорқып, не істерлерін біле алмай отыр екен. Тайшадай доңыздың семіздігіне қызығып кеттім де ұстап алып, тай қазанға салып асып, етін тұтас жеп қойдым, – деді Боқпан.

– Апырмай жарайды екенсің, сен құдалыққа міндетті түрде барасың, хабар тос, – дейді Өлти қажы.

– Сөйтіп, – дейді Мөнту ақсақал, – құдалыққа баратын күн де жетіп, Көшебе Керейдің жақсы мен жайсаңдары, сал-серілері, мешкейлері Шайғөз Уақ Тілемістің үйіне келе қалады. Тілеміс те құдалыққа сойылатын жаз бойы семірткен бір үйір жылқыларды иіріп алып келіп сойғыза бастайды. Тай қазандарға салынып жатқан сере қазыларды көріп қалған Боқпан Өлтиге:

– Мұндай қалың қазыларды шикідей де жейтін өдетім бар еді, ұлықсат етсеңіз жеуге болар ма екен, қызығып тұрмын, – дейді. Өлтиден ұлықсат алған Боқпан сере шыққан қос қазыны тұз салып шикідей жеп қояды.

– Осы құдалықта Әлти қажының Боқпан бастаған адамдары Тілемістің бір үйір жылқысын тегіс жеп қойған екен. Осыдан кейін Әлти Боқпанды қолына ұстап, керуен күзетшісінің бастығы қылып алған екен, – деп бітірді Мөкең Боқпан жайлы әңгімесін.

Әлтиге дүние-малды оның әкесі Көкеннің ағасы, әрі қажы, әрі хазірет Алжыған бергенін, яғни өз баласы Ақыш пен Әлтиді бірге өсіріп, өз дәулетін екеуіне қақ бөліп бергенін ақсақалдардың бәрі айтатын. Бұл мәселе Алжыған қажыға арналған ақындардың өлеңдерінде де айтылыпты.

Әлти кісілерге қарызға ақша берсе сол үшін олардан не еркек тоқты, не серкеш (еркек туша), не еркек бұзау өсім алып отырыпты. Бірақ Әлти қажы адам емшісіне, мал емшісіне, шеберлерге қарызға ақша берсе, олардан өсім алмапты.

Қызылжардағы, Омбыдағы Алжыған қажының сауда дүкендерін, шеберханаларын, қонақ үйлерін Әлти мен Ақыш бірігіп пайдаланыпты.



Әлтидің үйі, қазіргі Пресновкадағы аудандық оқу
бөлімінің үйі

Кеңес үкіметі орнаған соң Әлти, Ақыш қажылардың малын ұлттық қызыл әскерге деп үш рет алыпты. Бірінші рет 1919 жылы күзде Алаш орда әскеріне дайындап қойған саяқ аттары мен

түйелерін қызыл өскерлер Ташкентке айдап өкетіпті. Екінші рет 1920 жылы жазда Тухачевский басқарған № 5 қызыл армия бөлімдеріне деп Вийскіге, үшінші рет 1921 жылы мамыр айында тағы да сондай көліктерді сол № 5 армияның бөлімшелеріне деп Новосибирскіге жөнелтіпті. Ондай көліктерді үш реттен Кеңес үкіметі орындары тек Өлти мен Ақыштан ғана емес, сол Қызылжар уезіндегі атақты Күзембай Итемірұлы, Сөпі балалары (Мұсайын, Хұсайын, Иса, Рамазан) ауылдарынан да, Бике Керей Таласбай қажы өулетінен, Қаракөт тұқымынан (Дүйсенбі, Бейсенбі), Самай Керей Көшке, Нұрғожа, Жұсып қажы балаларынан, Қантай Керей Дүйсе, Баубек балаларынан, Дәулетімбет Керей Байжан, Жұрнаш өулетінен, Шағалақ Керей Шорман өулетінен (Дүйсенбі, Шынтемір балаларынан) де алып шығыс майданындағы ұлттық қызыл атты өскерге жөнелтіпті.

Өлти қажы өзі қайтыс болардан аз уақыт бұрын өзіне қызмет еткен азаматтарға: «Шырақтарым, көп жыл адал қызмет еткендерің үшін көп рахмет. Енді қалаған малдарың мен нәрселеріңді алыңдар», – деп оларға батасын беріп, ауылдарына қайтуға рұхсат етіпті.

Солардың бірі: өуелде керуенші, одан кейін приказчик болып, кейін керуенбасыға дейін қызметі жоғарлаған, Өлтидің сеніміне кірген Молжігіт Есқұлыұлы Молжігіт Өлтиден сары жорға ат пен бөйгеден екінші боп келіп жүрген «қан жирен» деген атты қалапты да: «Қажы ата, басқасын өзіңіз біліп беріңіз», – депті. Өлти өз ризашылығымен Молжігітке қалаған екі жүйрігін де беріп, еңбегі үшін тағы да қосымша мал, кілем, текемет, киім-кешек беріп, ауылына көшіріп аларып салғызыпты.

Кезінде дүниені тұтамыдап ұстаған сараң бай Өлти қажының ықыласы шағалақ керей Боқан батырға, Көшебе керей Таузар руынан шыққан Тілеужан балуанға, Әшім Танабасұлы шеберге ерекше түсіпті. Есімдері аталған осы кісілерге Өлти жыл сайын соғым беріп тұрыпты. Өлти мен Ақыштың сауда керуендері алыс сапарға аттанғанда, сол керуендердің бір тобында (үш керуенге қамқоршы боп) Боқан батыр болса, енді бір тобында Тілеужан балуан болыпты.



Өлтидің мұражайдағы бұйымдары

Өлти қажы ақындарды ерекше құрметтепті. Мысалы: 1894–1895 жылдардың астасқан қысында Керей елінде қыстап қалған Әсет Найманбайұлы ақынды қадірлі мейман етіп, өз ауылында бір жарым ай ұстап Үкілі Ыбырай Сандыбайұлын Өлти, Ақыш қажылар туған інісіндей жақсы көріп, оған кезекпен жыл сайын соғым беріп тұрыпты.

Садуақас пен Сейтахмет Көкеновтер

Садуақас 1879 Өлтидің 25 жасында туады. Өлти қажы 46 жасында шаруадан қалады да, бай шаруашылықты 21 жасар Садуақас басқарып өкетеді. Өлти қажы өзінен кейінгі байлардың бірі Шайғөз Торсанның тұқымы Ықышты құда түсіп, Садуақасқа өпереді.

Өлти қажы сол өңірдің теңдесі жоқ байы бола тұра өзі де, балалары да болыс қылуға тырыспаған, өйткені өзі сияқты ірі сауда адамдарына ел басқарудан сауда ісі тиімді деп білген.

«Өткен жаз Өлти байдың балалары мен Сөпі байдың балалары болыстыққа таласады да, Преснов аталатын қазақ болысынан Сөпі балалары Таузар атты болысты бөліп өкетеді», –деп жазған Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінің» 1-ші кітабында (456 бет). Сөбеңнің айтуынша, сол себепті қазіргі Жамбыл ауданының жеріндегі Преснов болысы Таузар және Аққусақ болысы болып екіге бөлінеді. Сол 1917 жылы құрылған Аққусақ болысының бірінші болысы болған Өлти баласы Садуақасты бұдан бұрын болыс болды деген дерек жоқ.

1918 жылдың шілде айының аяғында Садуақастың болыстық кезінде осы Аққусақ болысында үлкен тарихи оқиға болады. Мұнда Алаш Орда басшыларының ұйымдастыруымен үлкен жиналыс болып, оған Ақмола облысының Қызылжар және Көкшетау уездерінің 22 болысының өкілдері және алашордашылардың басшылары қатысады. Жиналыстың күн тәртібінде большевиктердің қауіпінен құтылу үшін Алаштың милициясын құру, оған қазақтан жігіттер алу мәселесі тұрады. Жиынға Алаш Орданың Орталық Комитетінің мүшесі Міржақып Дулатов, Омбыдағы облыстық Алаш Орда комитетінен келген Ережеп Итбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Қазі Торсанов, Қызылжардың уездік комитетінен келген Салмақбай Күсемісов, Жұмағали Тілеукин, Көкшетау Алаш Ордасынан келген Ерқосай Мұқышев тағы басқалар қатысқан. Осы жиынның шығынын және оқыған алаш азаматтарын күтуді Әлти қажы мен Садуақас түгелдей өз мойындарына алған. Алаш Орданың милициясына жігіттер беруге күштерін салады. Осындай уездаралық ірі жиынның Садуақас басқарған Аққусақ болысында болуы да тегін емес, Садуақастың саяси бағытын анықтайды. Әлти мен Садуақастың қазақ зиялыларын қолдап, олардың қазақтарға бостандық өпереміз деген ұлтжандылық патриоттық сөздеріне сенім білдіруі, өздерінің де осы бағытта, Алаш Ордашыл екендігін көрсетеді. Бірақ, Алаш Орда тарихында алашордашылардың осы сияқты ірі жиынының шығынын көтергені бағаланбай жүр. Садуақастың дүние-мүлкінің төркіленуі, жер аударылуы себептерінің, бір ұшқыны да осы жиынды өткізуде, алашордашылдығында жатыр. Бұны Қызылжар және Алматы архивтеріндегі Садуақасты төркілеу протоколдарында ашық жазған.


Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде (Қор №5, 1с №156, 32 бет) 1928 жылғы 10 қыркүйекте жазылған төркілеу протоколында Төңкеріс (Жамбыл ауд.) ауданының екінші ауылынан Әлтиев Садуақас, үшінші ауылынан Арбабаев Әбдір, төртінші ауылынан Рамазанов Абылай отбасымен қоса төркіленгені жазылған. Осы үш отбасынан төркілеу кезінде мемлекетке не алғанын айта кетейік: (Үй ішіндегі дүниеден басқа)

Әлтиев Садуақасан – 78 жылқы, 38 ірі қара мал, 130 қой, 2 бричка, 2 шөп шабатын машина; 1 лобогрейка, 1 соқа, 1 тарантас арба, 2 жалшы. Садуақастың жасы 40-та! Отбасында 5 адам бар.

Арбабаев Әбдірден– 90 жылқы, 91 қара мал, 100 қой, 1 түйе, 2 бричка, 1 арба, 1 шөп шабатын машина, 30 десятина жер, 2 жалшы. Жасы 60-та. Отбасында 8 адам.

Рамазанов Абылайдан– 30 жылқы, 30 ірі қара мал, 60 қой, 3 бричка, 1 ағаш үй, 2 киіз үй, 2 жалшы. Жасы – 45-те. 2 өйелі бар. Отбасында 6 адам бар.

Осы адамдарды отбастарымен бірге Ақтөбе қаласына жер аудару туралы үкім шығарған.



Сейтахмет және Маржама

1928 ж. Ақтөбе.

Петропавл архивінде жоғарыдағы адамдарды тәркілеу бір протоколмен жасалса, Алматының орталық мемлекеттік архивінде «О конфискации имущества и выселении гр. Альтиева Садвакаса проживающего в Тункерейском районе г.

Петропавловск» – деген арнайы құжат бар. (Фонд 135, опись 1, дело 89).

Бұл құжат бойынша төркілер алдындағы малының саны төмендегідей: жылқы – 352, сиыр – 218, қой – 302. Төркілеу протоколында үй ішіндегі дүниелерді бөлек жазған. Жер аударылуға тиісті отбасыларының тізімін жазып, осы адамдарға анықтама қағаз (справка) беру керектігін жазыпты. Тізімі төмендегідей: 1. Садуақас Әлтиев, әйелі – Күлжамал, баласы – Сәуір, қыздары – Мағиша, Қағида, шешесі – Ділдебай, інісі – Сейітахмет, Сейітахмет әйелі – Мөржама. Сейітахмет балалары: Сабыр, Сермағамбет, Әлмағамбет, қызы – Қабиба. Тізім осылай жасалғанмен Садуақас шешесі Ділдебай жер аударылар кезде ауырып қалып, Ақық деген қызының қолында қалып қояды. Ақыры 1931 жылдары қызының қолында қайтыс болады. Жамбыл ауданы, Қарағаш аулының маңында Жетібай зиратына жерленеді.

Жоғарыда аталған Алматы архивінің ісінде Садуақастың КазЦИК-ке (Қазақстан Орталық атқару комитеті) жазған арызы бар. Арыз Садуақастың қолымен араб өріпімен жазылған. Арыз мазмұны төмендегідей: «1928 жылы яғни төркілер кезінде малымыз бір отбасыға, маған жазылған. Малдың жартысы інім Сейітахметтікі, жергілікті болыс басшылары барлық малды өдейі жазып отыр. Көрсетілген мал саны екі отбасыға бөлінгенде КазЦИК –тің төркілеу туралы нұсқауы бойынша төркілеуге жатпаймыз. Сондықтан қайта қарауға сұраймын». Арызға қоса екі отбасы екенін анықтайтын құжат (раздельный акт), мал салығын уақытында төлеп отырғаны туралы анықтама берілген. Петропавлдың горотделінің бастығы В. И. Ищенко деген адам қол қойған, мөр басқан. Арыз КазЦИК-тің отырысында қаралғанмен төркілеу, жер аудару үкімін күшінде қалдырады. Нұсқау (инструкция) бойынша төркілеуге мал саны толмағанмен, төңкеріске дейінгі атақты бай болғаны және «Алаш Орда» партиясын қолдағаны ескерілген (қаржылай көмектескені).

Садуақастың інісі Сейітахмет (Сейтак) көз көргендердің айтуы бойынша шаруашылыққа, байлық жинауға Садуақастай болмаған. Атасы Көкен серіге ұқсап той-думанды, серілікті

көбірек қуғанға ұқсайды. Сейітахмет молдадан оқып хат таныған. Жас кезінде өлең-жырлар мен қиссаларды оқыған. Оның 1909 жылы шыққан Абайдың өлеңдер жинағын оқығаны туралы мәлімдемені біз Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінен» білеміз. Онда Сәбең 1916 жылдың аяғында Стаптағы (Пресногорьковтағы) высшечначальной школда орысша 4 класта оқып жүрген Баймағамбет Ізтөлиннен хат алғанын, ол хатта Баймағамбет Сәбитке татар ақыны Ғабдолла Тоқаевтың өлеңдерін беріп жіберіп отырғанын жаза келе, қазақтың Абай деген күшті ақыны болған екен, оның өлеңдер жинағы Ғалауәтден Мамековте бар екен, бірақ оны Әлтидің Сейтахметі оқиын деп сұрап өкетіпті. Қолыма түссе өзіне ұнаған өлеңдерін саған көшіріп жазып жіберемін депті. Осыған қарағанда Сейтахмет Абайдың өлеңдерімен сол 1916жылы-ақ жақсы таныс болған.

Ағасы Садуақасқа сеніп кеткендіктен шаруаға қыры шамалы болса керек. Бірақ, Сәбит Мұқановтың деректері бойынша Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Преснов болысының ревком председателі болған. «Өкімет қызметкері болып атқаратын ешбір жұмыстары жоқ, кейбір болыстық ревкомның қал-жайы күлерлік дәрежеде қызық екен. Мысалы, Преснов болыстық ревкомның председателі боп атақты бай – Сейтақ Көкенов тағайындалған екен. Одан кейін, Есім Досполов дейтін оқығандау біреу, продразверстка қызметінде жүрген Костин деген кісіні ертіп өкеледі де, Сейтаққа: «Сен байдың баласысың және ақтардың кезінде болыс болғансың, енді Совет ревкомына бастық бола алмайсың, сенің орныңа мен болам», –деп, барлық істерін, мөрі мен штамын тартып өкетеді. Аз күннен кейін Сейтақтың үйіне Васькин дейтін оған таныс милиция начальнигі келеді де, Сейтақ оны ертіп апарып, Есімнен ревкомның істері мен мөрі қайтарып алады. Оның ертынан баяғы Костинді ертіп, Досполов «Кеңсе» мен мөрді қайта өкетеді. Мен барған кезде осы алма-кезек тартып алысу өлденеше рет қайталанған екен!...» (Бұл 1920 жылы болған оқиға. – Аторлар. «Өмір мектебі. Екінші кітап, 214бет).

1923 жылдың жазында Сәбит Орынбордан жазғы демалысқа елге келеді. Бір жағынан оны үш болысқа сайлау өткізуге жібереді. «Преснов болысында исполком председателі әлі де Әлти

баласы Сейтақ екен. Үйі жолымда, оның да өу-жайын байқай кеткім келді. Өлти төрт ақ үй тігеді екен: өзінікі, Садуақастікі, Сейтақтікі және қонаққа арналған үй. Соңғы үй бос тұрғанмен, жолда салт жолыққан Сейтақ мені өз үйіне түсірді» – деп жазады. («Өмір мектебі». Екінші кітап, 476 бет).

Сәбит Мұқановтың бұл деректеріне қарағанда Сейтахмет Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Преснов болысының болысы (ревком председателі) болғаны дау туғызбайды.

Түмен облысының Қазан ауданында Сейтахмет балалары Сабыр, Сермағамбет Көкеновтармен көп жылдар бірге тұрған, қазір де осы ауданның Ельцовка селосында тұратын Балахмет Есмағзамұлы Анафиннің де Көкеновтар жайлы естелігі көңіл аударарлықтай.

1943 жылы, –дейді Балахмет ақсақал, –Омбы облысының Клепиково (орман іші) дейтін жерде Омбы облыстық орман шаруашылығында мастер болып істедім. Сабыр мен Сермағамбет те осы шаруашылықта жұмысшы болып істеді. Бір күні Клепиковаға осы шаруашылық бастығының орынбасары Григорьев Николай Алексеевич деген адам тексеруге келді. Мен көрсеткен жұмысшылардың тізіміне қарап отырып: «Көкенов Сермағамбет деген кім?» – деп сұрады. Оның кім екенін және Садуақасовпен бірге тұратынын білген соң: «Мені Садуақасқа жеткізіндер», –деді. Біз не айтарымызды білмей қорқып қалдық, өйткені Садуақас ақсақал бұл кезге дейін көп көзіне көріне бермей жасырын жүретін. Қазақша жақсы білетінін қайдан білейік «үйінде жоқ» –деп айтқалы отыр едік, бізді түсініп қалып: «Қорықпаңдар, мен Өлтидің, одан кейін Садуақастың 8 жыл тілмашы болып істегенмін, әрі Садуақастың жерлесімін, туған жерім Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов селосы, Өлтидің «Вибалай» қыстауында да тұрдым»,–деді. Жұмысымызды тексеруге облыстан келген адамның қазақы, Садуақасқа жақын адам болғанына біз де қуанып жатырмыз. Селодан 4-5 шақырымдай жерде ағаш арасында отырған Садуақастікіне бардық. Садуақас үйіне жақындай бергенде маған: «Сен менің кім екенімді айтпа, көрмегелі 25 жылдан астам уақыт өтті, таныр ма екен, көрейік», –деді Григорьев қазақша жатық тілмен.

Садуақасов есік алдында жүр екен, біз де арбадан түсіп амандасып жатырмыз. Екеуі бір сөт бір-біріне қарап тұрып қалды, бір уақытта Садуақас: «Ой, сен Коля емессің бе? –деп құшақтаса кетті. Осылайша арада көп жылдар өткесін табысқан достар Садуақастың үйінде өткен-кеткенді айтысып екі күн бірге болды. Бұрын орыс басшылардан қағажу көріп жүруші едік, осы кездесуден кейін олар біздерге (қазақтарға) басқаша қарай бастады. Сөйтіп, Садуақастың шарапаты бізге де тиді.

1928 жылы Садуақастың үйін төркілегенде (бұл кезде Әлти өзі жоқ, ол 1926 ж. Қайтыс болған) аудан орталығы Майбалыққа Әлтиден қалған дүниелердің өзін 61 бричкаға артып өкелген, – дейді Мәнту ақсақал, – тіпті арқанның өзі 2 бричка болған. Бір жиында 200-ден астам көрлен кеселермен шай берген. Екінші отырғанда басқа түсті кеселермен шай берген. Бұл ыдыстың бір түрі ғана! Майбалық Төңкеріс ауданының орталығы болғанда Әлтидің қарағай үйін көшіріп өкеліп мектеп үйі қылыпты. Кейін Пресновқаға көшіріп өкелген. Қазіргі аудандық оқу бөлімінің үйі Әлтидің сол үйі екен.

Жамбыл ауданы, Амангелді аулының тұрғыны 86 жастағы Бәрі Төлегенов қари де Әлти, оның баласы Садуақас туралы көп біледі. Оның өзімен әңгімелескенімізде: «Менің өкем Төлеген Әлтидің жылқысын 5 жыл баққан екен, – деп бастады әңгімесін. – Алдымен, Әлтидің бас жылқышысы Күдербек өкемді 15 жасында бақыршы қылып алады да, жұмысы ұнағасын жылқышы қылып алады. Өкемнің айтуы бойынша, Әлтидің екі мың жылқысын 15-20 шақты жылқышы бағады екен және көп адамдардың жылқышы болуға қолы жетпейді, өйткені Әлти жылқышылардан ештеңе аямай жақсы ұстапты. Өкеме мінуге деп бір жақсы ат, малдануға құлынды бие берген. Жыл сайын соғымдық жылқы беріп отырған. Әлти берген жылқының тұқымы осы кейінгі уақытқа дейін болды.

Мына бір оқиғаның да куәсі бодым, –дейді Бәрі ақсақал. 1928 жылы Төңкеріс ауданы құрылып, орталығы Майбалық болған жылы Садуақас Әлтиұлының дүние-малы төркіленіп, дүниелерін торғ қылып аукционға салып сатты. Бала кезім, өкеммен бірге еріп келіп, осы аукционға қатынастым. Халық көп жиналды,

Өлти байдан қалған дүниелерді бірнеше бричкаларға артып өкелді. Көпшіліктің қызықтағаны ол кезде бұл басқа ешкімде болмаған арбалары еді, өзі жүргенде қоңыраулы дыбыс шығарып отырады екен. Емен ағашынан жасалған доңғалақтарының беріктігіне жұрт таң қалысып, саудамен бүкіл Ресей қалаларына барған бричкалар ғой десіп жатты. «Бричкалар сатыла ма, қаншаға бұлданды? – деген сұраққа басшылар жағы бричкалардың сатылмайтынын, ауданның коммуналдық шаруашылығына (комхоз) тегін алынатындығын айтты. Кейін аудан орталығы Майбалықта салынған үйлердің қарағайларын Қорған облысынан осы бричкалармен тасыған екен.

Бір кезде аукцион басталып кетті.

– Мынау Өлти байдың кілемі, алғашқы бағасы – 100 теңге!

Көне, кім ақша береді? – дейді сатушы.

Жұртшылық: 115 теңге – 130 теңге – деп өсіріп жатты.

Қасқыр ішік, самауыр тағы басқа үй ішілік асыл бұйымдар да сатылып жатты. Өкем Төлеген осы жолы Өлтидің жылқышысы болғанда өзім мінген ер еді деп, өзінің белгісі бар, таза қалайыдан жасалған Жапон ерін сатып алды. Өлі есімде Қарағаш аулынан Ораз деген кісі Өлтидің жиырма литрлік самауырын осы аукционда сатып алды. Кейін білсем, аукционда Өлтидің, одан кейін Садуақастың шаруашылығында жұмыс істегендерге бастапқы бағасымен сатқан екен.

Енді Бөрі ақсақалдың өңгімесін үзіп, осы самауыр туралы айта кетейік. Осы самауыр қазір Қызылжардағы облыстық өлкетану мұражайында экспозициялық залда тұр. Самауырдың көлемі жиырма литрдей су сиятындай, оның алдыңғы жағында шүмегінен жоғары он самауыр медальдарының суреттері бар. Бұл самауырдың көрмелерде жоғары орын алғандығын, сапасының аса құнды екенін көрсетеді. Медальдардың орта кезінде самауырды шығарған зауыттың белгісі және үш қатар жазылған мынандай сөздер бар:

«Братъя Алексей, Иванъ

Баташовы

Тула»

Мұражайдың осы самауырға арналған инвентарлық карточкасында былай деп жазылыпты:

«Самовар приобретен у Нуртазина Аушарипа (1927 года рождения, род Керей, местный). Семье Нуртазиных (родителям) самовар достался при конфискации имущества Алти бая в 1921. Пользовались постоянно в семьях сельчан. Собиратель: Акбердина Г.Н. 7 июля 1991 г».

Карточкада неге екені белгісіз 1921 жылы алынды деп қате жазылған, толтырғанда самауырды тапсырушы адам жаңсақ айтып қалуы мүмкін. Самауырды анығында 1928 жылы Әушәріптің атасы Ораз сатып алған. Содан самауырды өлкетану мұражайына тапсырғанға шейін ұрпақтары пайдаланған. Мұндай үлкен, өрі сөнді самауырды өр түрлі жиындарда бүкіл ауыл үйлері пайдаланған көрінеді. Ақырында 1991 жылғы шілде айында самауырдың соңғы иесі Әушәріп оны өлкелік мұражайға тапсырыпты.

Естуіміз бойынша, – дейді Бөрі ақсақал, – Әлти қажы да маңайына өкесі Көкен сияқты сал-серілерді, аңшы-балуандарды ұстаған. Әлтидің Андамас деген балуанының жауырыны жерге тимеген екен. Әлтидің өкесі Көкеннің Барлыбайдан бірге туған ағасы Итемір қазының да атақты екі балуаны болыпты, бірі – Сегіз серінің шөкірті Керейдің Шағалақ атасынан тарайтын Шөрке сал, екіншісі – Бөділ балуан Шағырайұлы (Шағырай Сегіз серінің немере ағасы), Қазақ ғұрпында балуандар күреске ру немесе аталар атынан түскен. Бір атаның балалары, не ағайынды адамдар, не ағайынды адамдардың балуандары күреспеген, күресуге тиісті болған жағдайда кішісі үлкенге күреспей жол берген екен. Осы себепті ағайынды адамдардың балуандары Андамас пен Шөрке сал күресіп көрген жоқ екен. Шөрке сал да жауырыны жерге тимеген балуан, Итемір қазының керуенімен Қазан қаласына барып үлкен базарда татар, орыс балуандарын жығып, ат, өгіз көтеріп, үйретінді аюлармен күресіп, өнер көрсеткен күш иесі адам екен. Бірде Әлти ағасы Итемірге келіп:

– Аға, Андамас пен Шөрке сал теңдесі жоқ балуандар ғой, екеуін оңаша бір жерде күрестіріп көрсек қайтеді, –деп, ақылдасады. Бұл ұсынысты Итемір қазы құптап, екеуін

күрестіреді. Аңдамас пен Шөрке салдың да жастары алпыстан асып, шау тарта бастаған кездері екен.

– Менің де бір арманым Аңдамаспен күресу еді, – деп Шөрке сал Аңдамаспен ұстаса кетеді. Аңдамас көп күреспейді, Шөрке салды алып ұрады.

– Апырай, мынау құдайды да жығар, – дейді жамбасы тұңғыш рет жерге тиген Шөрке сал. Шөрке салдың осы сөзі кезінде ел ішінде кең тарап кетті, – дейді Бөрі ақсақал.

Мағжан Жұмабаев «Туған жерім– Сасықкөл» деген өлеңінде:

Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл,

Байларың кедейлерге қарасқан көл.

Ағайын тату-төтті, қоныс бірге,

Саулықты сағат сайын сұрасқан көл, –

деп сол кездегі байлардың қайырымдылығы, ағайын арасының татулығын сөз етеді. Міне, Өлти бай да өз кезінде кедей-кепшікке қайырымды болған көрінеді. Оның адамшылығы мен қайырымдылығы жөнінде Жамбыл ауданындағы Богдановка (Толыбай) ауылының тұрғыны облысымызға белгілі атақты механизатор, Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафин өзінің өкесі Өмірхан Мұстафиннің Өлтиді өте адамгершілігі мол, қайырымды, қолы ашық адам ретінде айтқан өңгімелерін есіне алады.

Төлебайдың өкесі Өмірхан Өлтидің, одан кейін Садуақастың шаруашылығында жұмыс істеп, ең сенімді адамдарының бірі болыпты.

Алдымен бала кезінде атқосшы болып кірген өкем, –дейді Төлебай ақсақал, – кейін шаруашылығын басқарған екен. Осы жұмыста Садуақас бай ретінде төркіленіп, жер аударылғанша істепті. Өсіресе, Өлти қажының өзінің баласындай ұстағанын өкем жиі айтып отыратын еді.

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабында жазғанындай төңкеріс кезінде Садуақас өкесі Өлти қажының айтуымен малдарын, басқа да қымбат дүниелерін Қорған қаласындағы банкілер арқылы алтынға айналдырады. Петропавл архивінде көрсетілгендей, төңкеріс алдында басқа малдарын есептемегенде 1500 жылқысы болыпты. (Қор №5, іс №156, 32 бет). Осы алтынды

Садуақас пен өкем Әмірхан екеуі ешкімге сездірмей жасырын бір жерге тығады. Осы әңгімені, – өкемнің өз аузынан естідім, бірақ қанша алтын, қай жерге тықтыңдар деп сұрасам: «Оны қайтесіңдер» – деп тіс жарып ештеңе айтпады. Бұдан Садуақас пен өкемнің туыстыққа бергісіз жақын болғанын айыру қиын емес.

Садуақас жер аударылар алдында өкеме еңбегің деп біраз көмек жасапты. Өкем аңшы болатын, немістің қолға түсе бермейтін қымбат тұратын мылтығын, ат өбзелдерін (қамыт-сайман), өзінің мініп жүретін арбасын, тағы басқа үй ішілік қымбат бұйымдарын беріп кетіпті. Осылардың кейбіреуінің жұрнақтары осы уақытқа дейін бар. Садуақасты жер аударғасын «Өлтидің құйыршығы» деп өкемді қудалай бастайды, қорыққан өкем Краснояр жағына көшіп кетіп, сол жақта 5-6 жыл жүріп келуге мәжбүр болады, – деді Төкең.

Бұл арада айта кетерлік бір жай, өкелер арасындағы осы сияқты достық, өзара жарастық Төлебай мен Өлти қажының қазіргі ұрпақтарының арасында жалғасып келеді. 2000 жылы 13 мамыр күні Садуақастың қызы Қағида ана, Садуақастың інісі Сейітахмет баласы Сермағамбет ақсақал, Сейітахмет немересі Нағашыбай және осы кітаптың авторлары бар Өлти қажының қыстауының орнын, бейітін көрмек болып, Төлебайдың үйіне түстік. Бізді ерекше бір ықыласпен қарсы алып, жолбасшы болып Өлти қажының «Вибалай» қыстауына апарды (Петровка селосының оңтүстік-батыс жағында 4-5 шақырым жерде). Осы қыстаудан 1928 жылы жер аударғанда бірге болған Қағида ана сол кезде он бір жаста екен, үйлердің орны есінде қалыпты. Мынау біздің үйдің орны (Садуақастікі), мынау қажы атамның (Өлти қажы) үйінің орны, мынау Жақсы ағаның (Ақыш қажы), мынау арада үлкен қойма болған деп бәрін айтып берді. Өзі туған үйінің орнына отыра қалып, бір уыс топырағын алып иіскеп, көзіне жас алып, осы жерде өткен балалық шағын жас кезін есіне алды ма, бір уақыт үнсіз отырып қалды. Қалтасынан орамалын алып, бір уыс топырағын орап салып алды. Осы қыстаудан жер аударғанда үш жаста ғана болған Сермағамбет ақсақал да «кіндігімнің қаны тамған жер ғой», – деп, үйінің орнына аунай

кетті. Қағида ана өксігін баса алмай, туған жеріне алып келген Нағашыбайға қайта-қайта рахметін айтып, батасын беріп жатты.

Осындай туған үйінің орнына 72 жыл өткесін оралып, кіндік қаны тамған жердің топырағын құшып жатқан қарттарға бей-жай қарап тұру мүмкін емес екен: «Шіркін, туған жер неге мұнша ыстық болдың екен, адамның өзі қартайса да осы бір сезім қартаймайды екен! – деп ойлайсың.

Ал, Өлти қажының бұл қыстауы шынында да табиғаттың бір тамаша жеріне орналасқан екен. Қыстауды үш бірдей жағынан қоршаған қайың, терек, тал аралас қалың ну орман қоршаған, тек солтүстік-шығыс жағынан ғана кіретін кең ашық жері бар. Жағалай өртүрлі исі аңқыған табиғи гүлдері өседі. Олар ұлы Абай айтқандай жазғытұрғы кезде «масатыдай құлпырып» көз тартпай ма! Қыстаудың маңайында бірнеше сол кезде суы мол айна көлдер болған. Олар қазірде бар, бірақ, өкінішке орай, суы азайған. Егер жақсы суретші болып, бұл жердің суретін салса, атақты Левитанның қыл қаламынан шыққан суреттерден кем болмас еді деп ойлайсың. Бір өкініштісі, жылдан жыл өткен сайын бұл жердің де ағаштары сиреп, көлдері суалып, бастапқы көркінен айырылып барады!

Бұдан кейін Төлебей Өмірханұлы «Бибалай» қыстауынан 2-3 шақырым жердегі Төбей қыстауының орнына апарды. Бұл қыстаудағы үйлердің орны да Қағида ананың есінде қалыпты. «Мынау «Төтті» атамның үйінің орны», – деп айтып берді. (Төбейді «төтті атам» деп атаған екен. – Авторлар)

Өлти қажы «Бертіс зираты» деп аталған үлкен қорымға жерленген екен. Бертіс қазіргі ұрпақтың алтыншы атасы, шежіремен санар болсақ, бұдан 150 жылдай бұрын өмір сүрген Көшебе Таузардың Күжігір деген баласынан туған немересі екен. Зират сол кісінің атымен аталып, осы уақытқа дейін Таузар атасынан тарайтындарды осы қорымға жерлейді екен. 1993 жылдары ұрпақтары Өлти қажы бейітінің басына ескерткіш – тас орнатты, тасқа былай деп жаздырған: «Руы Керей – Көшебе, Өлти қажы 1873-1925,

Белгі қоюшы Барлыбай ұрпақтары.

Өткен өмір алыстап

Толассыз жылдар жылжиды.

Аруағыңа белгі арнап,

Ұрпақтарың бас иді.»

Мұнда Сермағанбет ақсақалдың айтуынша Өлтидің туған, қайтыс болған жылдары қате жазылып кеткен. Шындығында ол 1854 жылы жылы туып, 1926 жылы 72 жасында қайтыс болған.

Алжыған, Төбей, Көкен Барлыбаевтар «Баян» зиратына жерленген, Өлти қажының қайтыс болған жері «Бибалай» қыстауына да «Бертіс» зиратынан «Баян» зираты жақын, Өлти қажыны неге өздерінің зиратына жерлемеді екен? – деген сұрауымызға Мөнту мен Төлебай ақсақалдар:

– «Баян» зиратына ең соңғы қойылған Төштит (Төшмұхамед) Барлыбаев деп естідік, бұл 1903 жыл. Содан кейін бұл зиратқа ешкім жерленбеген, ескі зират болып қалған, осыдан болу керек, – деп өздерінің жорамалын айтты.

«Баян» зираты Петровка селосының оңтүстік жағында екі-үш шақырым жерде тас жолдың сол жақ бетінде екен. Жер болып кетудің алдында тұрған үлкен қорым екен.

– 1954 жыл еді, – деді Төлебай ақсақал, – бес-алты тракторшылар анау көрінген жерден загөн бастап жыртып келе жатып осы зиратқа тірелдік. Қазақтар жағы зиратты жыртуға болмайды, орап өтейік дедік. Алдымызда келе жатқан звеноның жетекшісі тың көтеруге келген орыс жігіті айтқанымызға көнбей «соңымнан еріңдер!» – деп, зираттың үстің жыртып ала тартты. Сөйткенше болған жоқ көп ұзамай тракторының қара түтіні бүрқ етіп, моторы сөніп қалды. Содан бері осы зираттың тұсынан өткен сайын сол оқиға есіме түсіп, дұғамды оқып өтемін. Осы зиратқа жерленген Абылай ханның Керей руынан шыққан қалың қолын мінер атпен, ішер тамағымен жабдықтап отырған ең сенімді адамдарының бірі болған Баянбай жатыр. Кезінде бұл төңіректе Баянбайдан асқан бай болмаған және халықтан «жомарт бай» деген атты қосып алған деседі. Төбей, Итемір, Төштит (Төшмұмед) Барлыбаевтар қиын уақытта халыққа қамқор болған адамдар. Міне, осындай адамдардың бейіттері төбешік болып, елеусіз жатуы тарихымызды табанмен басқанмен бірдей ғой. Тым болмаса, маңайын орлап, осындай адамдар жерленген деп

есімдерін тасқа жазып қою көп қаржыны қажет етпес еді. Құдайға шүкір, осы адамдардың қазіргі ұрпақтары да баршылық. Баян байдан 13 бала болған екен, қазір осы 13 баланың біраздарының ұрпақтары бар, – деді Төлебай бізге «Баян» зиратының басында.

Осы жолғы сапарымызда Төлебай Өлти қажының «Өзберген» көліне де апарды. Қазір жанынан өтетін тас жолдың өсерінен суы азайып, қамыс өсіп кеткен көлдің кезінде суы мол, жағасында қалын өскен орман, көрікті көлдердің бірі болғаны көрініп тұр. «Бұрын, – дейді Қағида ана, – шығыс жағы тас жолға дейін, оңтүстігі мынау қайыңды орманға дейін жетуші еді. Көлдің маңында мылтық атуға тиым салынғандықтан, көлдің беті қаз-үйректен көрінбейтін. Тереңдігіне сырық бойламайтын көлге Өлти қажы Ресей көлдерінен балықтың неше түрлі тұқымдарын өкеп жіберіпті. Осы көлдің басында қысы-жазы балықшылар ұстап, балықты да кәсіпке айналдырған екен.

– Үлкен шалқар көл еді, бала көзімізде үш шақырым жердегі «Вибалай» қыстауынан суға түсуге келуші едік. Шеті құм-қайрақ еді, қазір шетінде аяқ жуарлық та су жоқ, – деп Қағида ана үнсіз тұрып қалды. Мүмкін ішінен: «Анам талай су алған, өкем де атын суарған», – деді ме, әйтеуір өткен өміріне оймен сапар шеккендей күйде болды.

– Өлти қажы өкесі Көкенге тартқан сауықшыл да адам болған екен, – деп бастады тағы бір әңгімесін Төлебай. Менің ұлы өкем Мұстафа ел ішінде ақындығымен аты шығып, «Мұстафа ақын» атанған екен. Өлти қажы Мұстафа атамды да ақын ретінде ұстапты. Атамнан қалған бір әңгімені айтайын. Үкілі Ыбырай мен Өлти қажы көңілдес болыпты. Бірде Өлти қажының ауылында осы «Өзберген» көлінің жағасында Үкілі Ыбырай қатысқан үлкен той болыпты. Тойда Үкілі Ыбырай өлең шығарып айтып, өнерін көрсетеді. Тойға Өлти қажының үлкен баласы Өбілдің қайын атасы Бике (ру аты) Бейсенбі болыс та қатысады. Тойға тройка жегіп, байлығын көрсете келген төккаппар Бейсенбі Үкілі Ыбырайға: «Сен мен туралы өлең шығарып айтшы», – дейді. Сонда Ыбырай:

Бейсеке, сенің өкең Ақбыр зорман.

Бекшебай заманында болған қорған.

Баласы Жаңбыршының Жаназар би

Ол дағы келе жатыр ескі қорған, – депті.

Бейсенбі Ыбырайдың алдына бес тиындық марка тастапты. Сонда Ыбырай Бейсенбі болыстың қорлағаны деп санап, жұлып алғандай:

Жер астынан жік шықты десе дағы

Қаракөт сенің өкең қай күнде оңған.

Жарминнің көшірінде жүруші едің,

Бұл күнде құтылдың ғой темір тордан, – деп

жалғастырыпты. «Жарман» дегені орыстың бай купесі екен. – Алда, тілің кесілгір Ыбырай-ай, менен бір жылқы, – деп Бейсенбі төмен қарап отырып қалған екен. Күнәлі болмайын, ел аузындағы сөзге қарағанда, осы бір шумақ өлең Үкілі Ыбырайдың «халық жауы» болуына себепші болған деседі.

Осы тойда қажының – «Өзберген» көлінен балық аулайтын Дмитрий деген орыс балықшысы болады. Қазақша өте жақсы сөйлейтін Дмитрий Үкілі Ыбырайдың өлеңді суырып салып айтқанына таң қалып: «Қане, қазақ ақыны, сен маған бір шумақ өлең шығарып айтшы», – дейді. Үкілі Ыбырай кім екенін, тұрмыс жағдайын сұрап алып:

Ой! Баласы көпір орыс Метрейсің,

Жаз шықса балық аулап тентірейсің.

Үйінде бір соқыр қаз, шолақ сиыр, екі тауық

Құдайдан одан артық не тілейсің?! – депті.

Сонда Дмитрий шал: «Ой, Ыбырай, нағыз ақын екенсің. Бірақ қате айтқан жерің бар: кімнің көпір, кімнің мұсылман екенін сен қайдан білесің. Оны бір құдай ғана біледі, – дейді. Сонда Ыбырай: «Апырай, мынаның сөзі қалай өткір еді, – деп, домбырасын қоя салыпты.

ҚАҒИДА САУДАҚАСҚЫЗЫ

Қағида ана 1917 жылы Әлти қажының «Бибала-ай» қыстауында туған. Өкелерін төркілеп, жер аударғанда 11 жаста болған Қағида ана көп жағдайларды жадында сақтап қалған. Қуғында, елден жырақ жүргенде отбасыларының көрген

азаптарын, қиыншылықтарын тебірене отырып айтып береді. «Бибалай» қыстауында отырған жерінде төркілегенде қымбат дүниелерді 7 бричкаға артып өкеткені, малдарын да айдап өкеткені есінде қалыпты.

Шешесі Ықыш (Садуақастың бөйбішесі) екі жасында қайтыс болып, өкесінің інісі Сейітахметтің өйелі Мәржама шешейдің бауырында болады. Саудақастың екінші үйленген өйелі Күлжамал (Күлшай) жер ауып барған жерде ауруға шалдығып, туыстары алып кетеді.

Қағида жас кезінен өн салып, өлең шығаратын ақын жанды адам болады. 1933 жылы бірге туған ағасы Сәруар жоғалып кеткенде қатты қайғырып өлең шығарады. Осы өлеңді жасының келіп қалғанына қарамай 1999 жылы тамыз айының 17 күні Нағашыбайдың үйінде айтып берді. Өлеңнің мәтіні мынадай:

Сөз сөйлейін үлкендер
Тыңдалса сөзім ішкі сыр.
Айтыңдар, халқым, біздерге,
Бауырымнан хабар білсеңдер.

Бауырым кетті алысқа,
Бөйге атындай жарысқа.
Жақсылық берсін бір алла
Өмпөния халыққа.

Келіп түсті ауылға
Көп кешікпей атты таң.
Кетіп бауырым қалғанда
Шықпай қалды шыбын жан.

Көп күн болды кеткелі.
Қайғылы жүрек біткелі.
Айрылып ұшқан ақ сұңқар
Ұстауға қолым жетпеді.

Өлеңді жас кезінде (16-17 жаста) шығарғаны көрініп тұрса да, туысының жоғалып кеткеніне қайғысын, сағыныш сөзімін білдірген.



Сабыр, Қағида, Сермағамбет

Қағида ана 17 жасында 1934 жылы Керейдің Таз руынан Сабыр деген кісісіне тұрмысқа шығады. Бірақ көп отаса алмайды, Сабыр қайтыс болып, одан Тұяқ деген бала қалады. Тұяқ қазір Омбы облысында тұрады. Одан кейін қазақтың өмеңгерлік жолымен Сабырдың жақын туысы Қыздарбай Тасқұлов деген кісіге тұрмысқа шығады. Бұл жолдасынан Табылды, Бақтыбай, Бақытжан дейтін балалары бар. Қағида ананың өзі Түмен облысы, Сладков ауданында балаларының қолында тұрады. Сермағамбет інісіне, інілерінің балаларының үйіне келіп тұрады. Біз бұл кісімен інілерінің үйінде екі рет жолықтық, әкелерінің қоныстарының орнын бірге араладық. Сонда жасы сексеннен асса да, қайратты және өткендегі көрген-білгендерін өлі жадында жақсы ұстағанын көрсетті.

Сермағамбет Сейітахметұлы

Барлыбаевтың естелігі

1 .Жер ауған жылдарымыз.

Баспа бетіне қарап отырсақ, жазушылар, журналистер «Өткен күнде белгі жоқ» деген шешендік сөзді өзгертіп, «Өткен күнде белгі бар» деп жүр ғой. Мен де осыған әбден қосыламын. Өткен күнде белгі болмаса тарих, шежіре бола ма?!

Есімді біліп, етегімді жапқалы біздің әулеттің бұрмалаңы көп өмір жолдары бәрі көз алдымда. Біздің аталарымызға аласапыран қиын уақытта Қызылжар өңіріндегі қазақтарды патша үкіметінің отарлау кезеңінде ел басқару үлесі тиді ғой. Бұл – қазақтың ел басқарушылары үшін былай тартсаң арбаны сындырып, былай тартсаң өгізді өлтіретін өлара кезең еді. Аталарымыздың ел үшін, халық үшін сіңірген қызметі айтылмай қалып, жиналған байлығы ғана аталып қалғаны ма деп ойлаушы едім. Құдайға шүкір, осы кітаптың авторлары Омбы, Алматы қалаларындағы архивтерді ақтарып, аталарымыздың халық үшін істеген қызметтерін айғақтайтын деректер тауып отыр.

Байқап отырсақ, аталарымыздың өз дәуірінің алдыңғы қатарында болуынан да болу керек, өмірлері замана тарихымен тұтасып, өзгеріп, өмірдің қызығы мен шыжығын көп көрді.

Өр жағын білмеймін, шежіре бойынша аталарымыз ХҮІІ ғасырдан бері қазіргі Жамбыл ауданы жерін мекендеген. Жамбыл ауданындағы Петровка селосының батыс және оңтүстік жағында 3-4 шақырымдай жерлерде аталарымыздың сол уақытқа жататын қорымдары (зираттары) да бар.

Осы Петровка селосының батыс жағында 5-6 шақырымдай жерде аталарымыздың «Вибалай» атты қыстауы болды. Апамыз Қағида Садуақасқызының айтуынша, Садуақас әкемізді 1928 жылы күзде осы қыстауда отырғанда төркілейді. Ақтөбе қаласына жер аудармақ болып, Мөкешін станциясынан поезға мінгізеді. Күздің қара суығында тақтайдан жасалған вагонға мінгізген отбасымыз ауыр азап көрді. Шешемнің ауырып жүрген

кезі еді, суыққа тигесін ауруы тіпті асқынды. Бізді, балаларды, шешеміздің жанына орап жатқызып қойып, вагон ортасындағы темір пешке өкелеріміз күні-түні от жағып отырды. Осындай ауыр азапта 5 күн жүріп Ақтөбе қаласына келіп жеттік. Отбасымызда 12 адам болды: Сәдуақас өкеміз, жолдасы – Күлжамал, баласы – Сәруар, қыздары – Мағиша, Қағида, інісі – Сейітахмет өкеміз, жолдасы – Мәржама шешеміз, балалары – Сабыр, Сермағамбет, Өлмағамбет, Өнуар, қызы – Қабиба.

Үлкен шешеміз Ділдебай (Сәдуақас пен Сейітахметтің шешесі) тұрмысқа шыққан Ақық деген қызының қолында ауылда қалып қояды. Ақтөбеге Төңкеріс ауданынан бізбен бірге төрт отбасы: Рамазанов Абылай, інісі Рамазанов Мұқаметжан, Арбабаев Өбдір, Көшкенің Жақыптары келді.

Ақтөбе жеріндегі біздің отбасымызға тиген үйдің төрт қабырғасы бар демесең, күтімсіз, қысқа дайындалмаған үй екен. Оның үстіне отын жоқ, отынды қымбат бағаға өзіміз сатып алу керек болды. Байларды тап ретінде жойғысы келген үкіметтің жер ауып келгендерді өлсе өлсін, өлмесе қалсын деген саясат ұстағанын сезген өкелеріміз тірі қалудың қамына кірісіті. Отырған жерімізде бізге жер ауып келгендерге, сенімсіздікпен қарады. Біреумен жүз шайысып қалсаң болды, бай болғаныңды алға тартып «халық жауысың» дейді. Жер ауып келгендер ішкі істер бөлімінің де қатаң бақылауында болды және лауазымды қызметтерге ұлықсат етілмей, қара жұмыстарға ғана алынды. Өйтеуір, өкелеріміздің шаруаны дұрыс ұйымдастыруының арқасында болу керек, аштық көрмедік. Өйткенмен, әсіресе, алғашқы жылы қиыншылықты көп көрдік. 1928 жылды Ақтөбе қаласында қыстап шыққан отбасымыз 1929 жылдың жазында Ақтөбеден алыс емес Қаратоғай станцияының жанында тұрдық. Бұл жер біздің отбасымыз үшін құтсыз жер болды. Осы жерде тұрғанда Өлмағамет және Өнуар деген нәресте інілеріміз бірінен соң бірі қайтыс болды. Екі бірдей баласының қазасы, әсіресе, шешемізге өте ауыр тиді. Бұрын да денсаулығы нашар шешеміздің науқасы ауырлай түсті. Бұл ауырлық аз дегендей, сол жылы үйіміз күйіп кетті. Үй ішіндегі дүниеміз тегіс өртеніп кетіп, үстіміздегі киіп жүрген киімімізбен ғана қалдық. Ағайындардан

аулақ бөтен жерде баспанасыз қалу оңай болған жоқ, үкімет болса да қырын қарайды.

1930 жылдың көктемінде Қаратоғайдағы құтсыз қонысты тастап, сол маңайдан алыс емес, Илек деген өзеннің бойында «Жайсаң» деген шағын ауылға көшіп келдік. Қазақтың «өрттің арты қайырлы болады» деген сөзі расқа айналып, «Жайсаң» аулына келгесін-ақ жағдайымыз түзеле басталды. Шаруашылыққа өте қолайлы жер болды, егін егіп, мал өсіріп дегендей торала бастадық. Осы ауылда отырғанда Мариша деген апамыз Ақтөбелік Мөнап деген жігітке тұрмысқа шықты. Жалғыз жігіт еді, бізбен бірге болды. Тиісті жер аударылу жылымызды аяқтап ел жаққа беттегенде де бізбен бірге болды. Апамыз ауырып қайтыс болса да бізбен бірге тұрып, өзіміздің бір жанымыздай болып кетті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына біздің үйден кетті, артынан «хабарсыз» деген қара қағаз алдық. Біздің үйдің тәрбиесінде болған Күлбағира деген қызын қолымыздан ұзаттық. Қазір Тюмень облысының Вердужье ауданында тұрады. Балалары бар, 7-8 үй болып отыр.

Елге оралар 1933 жылы тағы бір ауыр жағдайға ұшырадық, үлкен ағамыз Сәруар (Садуақас баласы) бір күнде үшті-күйлі жоғалып кетті. Жан-жаққа хабар салдық, ешкім ештеңе білмейді. Қытай еліне өтіп кетті деген бір жансыз хабар болды, бірақ анығы осы уақытқа дейін белгісіз. Әйелі Көшкенің Жақыбының қызы еді, бір жарым жыл отырғасын туыстары алып кетті. Бір қыз бала қалып еді, жастай қайтыс болды.

Жер ауып жүргенде ауыр жағдайымызды айтып шешеміз Мөржама ауылға өлеңмен хат жазған болатын. Өлең-хат ұзақ болатын, кезінде жазып алмағандықтан, көбі ұмыт қалыпты. Есте қалғаны мынау:

Біз шықтық төуекелге белді байлап,
Нәрсені керек-жарақ алдық сайлап.
Көшесін Мөкөшіннің күңіренітіп
Поезға міндік кешке ия құдайлап.

Поезға жұма күні міндік кешке
Болады деді алдымызда пересадке.

Болса да пересадке аман өттік
Бес күнде Ақтөбеге барып жеттік.

Бес күнде Ақтөбеге жеттік барып
Жан-жақтан жер аударылып келген халық
Мал қамар, жыртық үйді бергенінде
Жыладық «елім-ай?» деп еске алып.

Сөлем де шерлі анама құлынынан,
Айрылған күнде базар қызығынан.
Көзімнен биттей таса қылар ма едім,
Айрылдым дүниенің қызығынан.

Сөлем де Ақықпенен Қабиденге
Келмейді жатсам ұйқым ұзақ түнге.
Қақ жарып қалың елді келетұғын
Келесің, апатайым, енді кімге.

Аман бол, ағайындар, бір туысқан
Сөлем де құдаларға құдай қосқан.
Бұл тұрмыс басқа түскен тастан да ауыр,
Түбіне көз жіберіп байқап тұрсаң.

Қалике шама келсе өзі келсін,
Қабиден жас та болса қасына ерсін.
Адасып шетте жүрген бауырларын
Бір көріп туысқанға көңіл бөлсін.

Жас Сабыр келсін дейді Ағатайым
Есіме сағынышпен түсті уайым.
Адасып шетте жүрген бауырлардың
Көзбен көріп білмейсің бе қалы-жайын.

Дүниеде не көрмейді адам басы,
Адамның қиын екен замандасы.

Түскенде сен есіме қайран, баурым,
Домалап тоқтамайды көздің жасы.

Қалған ел бізді есіне алмады ма?
Дүниенің көз жетпейді жалғанына.
Жер ауған мұнда бауырым бар еді деп
Сөлем хат бізге арнап салмады ма?

Станса тұрған жерім Қаратоғай,
Салған соң төңірім басқа бөрі де оңай.
Айрылып атадан ұл, енеден қыз
Жүрміз ғой улап-шулап қайран күн-ай!

Дүниеде аз да болса қызық көрдім,
Бала сүйіп өмірімді жалғастырдым.
Енді опасы бұл дүниенің болмас бізге
Ұрпаққа ғұмыр берсін, деп тілеймін.

Артта қалған ағайын аман болсын деймін
Дүниенің жақсылығын көрсін деймін.
Өрт шалса да көдеде түп қалады
Ақырының жақсылығын балаларға берсін деймін.

Балалардың бірі өтсе, бірі болар,
Тиышталып елге қайтар бір жөй туар.
Ағайын бір-біріне қосылысып
Танысып білісетін кезі болар.

Өмір сүріп өркендеп ұрпақты жалғастырсын
Алға басып шаруасын нығайттырсын.
Балалар артта қалған бақытты боп,
Бір алла өзі ғана пана болсын.

Бір алла тапсырамын жас қалған балаларды.

Панасыз бұл дүниеден қалғандарды.

Дұғай сәлем жолдаймын ағайынға.

Тілегіне жетпеді деп, мені есіне алғандарға.

1933 жылы жер аудару уақытын бітіріп, бас бостандығымызды алсақ та елге оралуға қорықтық, өйткені өлі де байларға қуғын-сүргін жүріп жатқан кез. Үкімет байларды төркілеуді аяқтап, енді «халық жауы» дегенді шығарған, сондықтан Ресей жерін паналадық. Осы жылы Ресейдің әр түкпірінде жүрген Барлыбаевтар өулеті бір жерге Түмен облысының Ялutor ауданына жиналды. Осы ауданның Клюк селосынан екі шақырымдай жерде бригадада тұрдық. Кәсібіміз колхоздан мал алып соны күтеміз, жалданып ағаш кесеміз, шөп тасимыз. Осы жылы шешеміз Мәржама қайтыс болды. «Клюк» деген ноғай ауылының зиратына қойылды. Осындай қиын жағдайда жүргенімізде, құдайдың дес берісінде үлкен өкеміз Сәдуақас түбі Керейдің Қапсыт атасынан күйеуі өліп жесір отырған Ағыбай деген өйелге үйленді. Шешемізден айрылып, жетімдік көріп отырған бізге жақсы болып қалды. Өкемізге мал-мүлікімен: үш-төрт жылқы, екі-үш сиырымен келді. Бие байланып, сиыр сауылып жаңа шешемізбен бірге үйге тоқтық келді.

Сәдуақас өкеміздің Ықыштан кейінгі әйелі Күлжамал (Сәпінің немересі Бірімжанның қызы) ауру болып, Клюкте отырғанда төркіні алып кеткен болатын.

1934 жылы біз үлкеніміз-кішіміз бар: Сабыр, Қабиба, Әминат (Алдай Дәуренбектің қызы, соңынан Күзембайдың Үмітбайының баласы Шұғайыпқа тұрмысқа шыққан), Нағима (Атығай Смайылдың Садумақасының қызы, кейін Шайхылестің Қазына тұрмысқа шыққан), Қаппас (Шайхылес баласы), Қабдуәли (Шайхылестің Нәжметденінің баласы) және мен Бычково селосының мектебінің бірінші класына оқуға бардық. Жаздағы жаңбырға, қыстағы суыққа қарамай екі шақырым жерден мектепке жаяу келіп оқыдық.

Сол кезде Сейтахмет өкеміздің мал бағудан басқа үлкен кәсібінің бірі – колхоздың малын сою болды. Ет комбинатына малдарды тірідей алмады ма, өйтеуір еттей апарып тапсыратын.

Бұл жұмыс біздің отбасымызға тоқшылық әкелді. Бұл кезде үлкен өкеміз Сөдуақас жұмыстан қалып, шаруаны басқарып, ұйымдастыруымен ғана жүрді.

1938 жылы Барлыбаевтар және сол маңайдағы қазақтар жиналып бөлек бір колхоз жасауға келісім жасады. Сол Түмен облысының Сорокин ауданында халқы көшіп кеткен «Костыли» деген ауылда колхоз ұйымдастыруға рұқсат алды. Колхозды



Сабыр, Әнуза Барлыбаевтар

«Парижская коммуна» деп атады. Басқармасы Жиенбетов Сергазы Назаркенович, бас есепшісі болып Темірбеков Мәнап Қарабасович сайланды. Колхоз мүшелерінің бәрі қазақ. Колхозға біздің Барлыбаевтар өулеті түгел кірді: Төбейден – Қамзәнікі, Алжығаннан – Қаликенікі, Итемірден – Шұғайыптікі, Көкәннен – Сөдуақас, Сейітахметтікі – бәріде балаларымен кірді. Қаратоқадан – Сәмтікке қарағандар: Мұқаннан – Қамза, Шәріп, Жамалтай үйлері болды. Мұстафадан – Ғаббас, Исқақтікі. Алдайдан – Жүкәннің Нұрышы мен Бекінікі. Жетпісбайдың

Дәуренбегі, Өтегеннің Сералысы болды. Біздің Барлыбай атамыздың туысы Малдыбайдан – Шожан қажының баласы Бейсен балалары: Қисық, Қабиден, Мәлік дегендер, Жанпейістің Нүрпейісінікі, Уақ – Шоғадан – Назарке, Серғазы, Қамза ері інісімен болды.

Жаңа колхоз алғашқы егін науқанына жақсы дайындалды. Аудан да көмегін аяған жоқ. Жерді жақсылап өңдеп, бидай және лен (кендір) септі. Бірақ бидай піспей, көктей қалды. Лен шыққанымен, жаңбырдың көптігінен шіріп кетті. Келеуі көктемде аудан басшылары ол сулы жерге егін салуға тиым салды. Аудан басшылары колхозшыларға Бердюжье ауданының Бердюжье совхозына көшіңдер деген талап қойды. Бірақ жұрт бұған келіспей, өркім қалаған жағына көшіп кетті. Сөйтіп, қазақ колхозын ұйымдастыру жұмысы сәтсіз аяқталды. Осы колхозда отырғанда 1939 жылдың жазында Сабыр Сөпінің Мұсайынының Қабдолла деген баласының қызы Әнузаға үйленді. Жарықтық Әлти қажы сонау 1923 жылы 6 жасар Сабырға жаңа туған Әнуза Қабдолла қызын айттырып батасын берген екен. Енді 16 жыл өткесін Сабыр сол атасы айттырған Әнузаға үйленді. Қажының батасы оң болып, бұлар жақсы отбасын құрды. Осы жерде («Костыли») сол 1939 жылдың 12 қазанында 48 жасында өкеміз Сейітахмет қайтыс болды. Оның мәйітін құдаларымыз Сөпі ұрпақтары отырған Кругленькое деген селоның жанындағы мұсылман зиратына жерледік.

1940 жылдың жазында Барлыбаевтар ақылдаса келе ел жаққа жақындау мақсатымен Түмен облысы Қазан ауданының «Бірлік» деген колхозына көшіп келді. Келе сала көпшіліктің күшімен Барлыбаевтар шымнан бір-бір үй салып алдық. Бұл да қазақ колхозы екен. Фамилияларын ұмыттым, колхоз басқармасы Тырнақ, есепшісі Ідіріс деген айғайынды адамдар екен. Колхоз мүшелері негізінен Керейдің Нұралы, Алдай-Қантай, Төз руларының адамдары екен. Қазір Қызылжар қаласында тұратын Байқуанышев Зағыпар ақсақал да туыстарымен осы колхозда тұрады екен. Бұл жылдар да біздің отбасымыз үшін өте ауыр болды. Сол 1940 жылғы 21 желтоқсан күні Мағиша, арада бес күн өткесін 26 желтоқсанда Қабипа деген апаларымыз қайтыс болды.

Бұл кезде отбасымыздың барлық ауыртпалығы ағам Сабырға түсті. Оның үстіне біз көшіп келген жылы бұл колхоздың да берекесі кете бастады. Колхоз мемлекетке тапсырылатын астықты Қызылжардың астық қабылдау орнына өткізеді екен. Колхоз басшылары ма, өлде астық тасушылар ма, әйтеуір, астық қабылдау орнымен келісіп, бидай орнына ақша беріп, бидай тапсырды деген анықтама қағаз алып отырған. Ал, астықты қымбат бағамен басқа жерге сатқан көрінеді. Міне, осы қылмысты істер біз келген жылдары ашылып қалып, 29 адамды жауапқа тартады. Алты адамға ату жазасы кесіледі. Оның ішінде колхоз басқармасы, есепшісі, қойма меңгерушілері, тағы басқалары бар. Үкімет колхоз мүшелерінің бір табын жылқысын тартып алады. Соның ішінде жаңа да көшіп келген біздің он бір жылқымыз кетті. Қуынып едік, ала алмадық. Байтал түгіл бас қайғы болған заман ғой: қаттырақ айтсақ, «кулак екеніңді ұмытпа», – деп есімізге салып қояды. Әкеміз Сәдуақас «өткенге өкінбе, қайырымсыз малды іздеме», – деп бізге ақыл айтқасын, қуынуды қойдық.

Зағыпар ақсақалдан естуіміз бойынша, осы ауылда сол кезде атақты өнші Біржан салдың Теміртас деген баласы болыпты. Ол Пресновка жағында жүргенде қылмысқа ілегіп, сырттай 8 жылға сотталған екен. Содан елден қашып шығып, «Бірлік» колхозындағы туыстарын паналап жүрген жерінен елге тінту жүргізгенде, милиционерлер ұстап, тұтқынға алып кетеді. Сол кеткеннен Теміртас елге оралмай түрмеде қайтады. Оны менің өзімде бір көргенім бар: арық, ұзын бойлы, бойы екі метрге жуық кісі еді. Түрегеліп тұрғанда төбесі үйдің потологіне тірелетін еді.

Біздің отбасымызға дау-дамай жүріп жатқан «Бірліктен» де кетуге тура келді. 1941 жылдың жазында Ишим қаласынан 35 шақырым жердегі лесхозға көшіп келдік. Ол жерде екі ауыл қазақтар отыр екен. Біздің 4-5 үйіміз соларға келіп қосылды. Кәсібіміз ағаш кесу, тасу, үю сияқты жұмыстар. Бұл жерде өулетімізбен 1945 жылға дейін отырдық. 1945 жылы Қорған облысының Мокроусов ауданындағы Семизкольский совхозының Стекланный деген фермасына көштік. Бізді бұл жерге Ебіней деген туысымыз көшіріп апарды.

Ебіней туралы бірер сөз. Аталарымыздың шежіресінде жазылғандай Өлти қажының Өбіл деген баласы қайтыс болғасын оның жесір қалған өйеліне қазақтың өмеңгерлік жолы бойынша қайнысы Сөдуақас аяқ салады. Өуелде Өлти қажы бұл жағдайды білмей қалады. Бірде ол ұзақ жол жүріп үйіне келсе, бір жас нәрестенің даусы шығады. Бөйбішесінен бұл үйге жас нәресте қайдан келді деп сұрайды. Бөйбішесі болған жағдайды айтып береді. Қажы мұны естігесін, бұл менің лұқсатымсыз болған іс деп, қатты ашуланып, келінін жас баласымен төркініне, әкесі Бейсенбі қажыныкіне апартып тастайды. Бала нағашы жұртында өсіп, «Бейсенбин» деген фамилиясын алады.

Біздер бұл жағдайдан бейхабар болатынбыз, кейін азаматтық жасқа келгесін ғана білдік. Содан бері туыстық қатынасымыз үзілмей келеді. Ебінейден Жарас атты бір ер бала, Мөркен және Өзира атты екі өйел бала туды. Ебіней өйелімен қайтыс болды. Мамлют ауданындағы Ленин ауылында жерленді. Балалары өсіп-өніп әр жерде жүріп жатыр. 1947 жылы Жарас Қадишаға үйленді. Ол келгенде Ебінейдің екі қызы өлі тұрмысқа шықпаған еді. Қадиша ол екеуін өз қолынан тұрмысқа шығарды. Ата-енесін жақсы күтті. Олар қайтыс болғанда, жолымен фөниден бақиға шығарып салды. Ебінейдің Мөркен деген қызының күйеуі Өубөкір қайтыс болған. Бір баласы Астанада, бір баласы Көкшетауда, бір қызы Қызылжарда, қалған балалары қасында тұрады. Өзира балаларымен Түмен облысының Армизон ауданында тұрады. Жарастан үш қыз туып, олардың балалары да ер жетіп, шаңырақ құрып отыр. Бір қызы Частозерде, екі қызы Астанада тұрады. Өздері үлкен қызымен Частозерде тұрады. Бұл үйді ұқсатып ұстап отырған Қадиша. Астанадағы үйін бір қызына берді. Өздері қыздарының үйлеріне барып жүреді. Қазір Жарас 74 жаста, Қадиша 72 де. Осы күнге дейін балаларына көмектесіп жүреді. Бізбен де қарым қатынасын үзген жоқ.

Стеклянныйда бір жыл ғана тұрдық. Сол жерде 1945 ж. 8 наурызда Нұрмағамбет туды. 1946 жылы жазда Қорған облысының Частозер ауданының Дроновка селосына көшіп келдік. Осы жерде 1947 жылы 16 желтоқсанда Аймағамбет туды. 1948 жылдары сол ауданының Бутыра, Лебяжье селосында

тұрдық. 1948 жылы Түмен облысы Қазан ауданына қарасты Қызыл ту ауылына көшіп келдік (Ельцовка селсоветі). Осы ауылда сол 1949 жылдың 25 желтоқсанында мен Алдай Жүкеннің Бекісінің қызы Құсниқамалға үйлендім. Атамыз Әлти қажы бізді де жас бөбек кезімізде атастырып қойған екен. Осы жерде 1951 жылғы 13 наурызда Баймағамбет дүниеге келді. Сол жылы өкеміз Сәдуақас қайтыс болды. Бүкіл ел болып арулап, сол Қызыл тудың зиратына қойдық.

1952 жылы сәуірдің 12-сінде мен өскерге алындым. Сабырлар Солтүстік Қазақстан облысының Соколов ауданындағы Налобин колхозының Дубровное бөлімшесіне көшті. Осы жерде 1954 ж. 12 мамырда Есмағамбет туды. Мен өскерден 1955 жылы оралдым.

Осы жерде 1955–1959 жылдар аралығында Амангелді, Нағашыбай, Күлбөршін, Күләш есімді балалар дүниеге келді. Бұл кезде Дубровноедағы үйіміз өрі тозды, өрі жан басы қосылғасын тарлық етті. Колхоз не үй бермеді, не үй салуға құрылыс материалдарын бермеді. Енді үй беретін жер іздеуге тура келді. Сабыр ағамыз мені Ресейдің колхоз – совхоздарынан үй беретін және қолайлы жұмысқа орналастыратын орын іздеуге жіберді.

Қорған облысының Петухов ауданындағы Большекаменский с/советінің «Заря коммунизма» колхозының (орталығы Ақтабан селосы) Ново-Михайловка деген бөлімшесіне келіп (1961 жылғы 12 мамыр күні) 160 тайынша, 70 жылқы бағатын болып келістім. Колхоз екі үй салуға құрылыс материалдарын бермекші болды. Сол 12 мамырдан бастап жаныма көмекшіге 15 жасар Аймағамбетті алып, колхоздың малын баға бастадым. Уақытша колхоз берген вагончикте тұрдық. Көпшіліктің көмегімен күзге дейін екі ағаш үй салып алдық. Үй дайын болғасын қыркүйек айында Сабырлар да көшіп келді. Осы жерде Өнуар, Баян, Қадиша, Сәуле, Ақан деген балалар дүниеге келді. Бұл жерде 1967 жылға дейін бөріміз бірге тұрдық.

1967 жылдың қазан айында мен Лебяжка деген фермаға көшіп келіп, мал фермасын басқардым. Менің басқарған фермам аудан бойынша бірінші орында болып, біраз абырой, атаққа ие болдым. Бірнеше рет аудан, облыс басқарушы орындарынан мақтау грамоталарын алдым, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» деген

белгімен де марапатталдым, талай рет премияға да ілектім. Сол фермада 1992 жылы пенсияға шықтым. Осы жерде 1995 жылы Есмағамбет Явленкаға көшіріп алып келгенше отырдым.

Ал, Сабыр семьясымен Нұрмағамбет, Аймағамбеттердің жұмыстарына байланысты Мамлют ауданының Белый совхозына 1968 жылы көшіп барды. 1980 жылы Баймағамбет Бескөл ауданының Озерный совхозына бас зоотехник болып тағайындалғаннан кейін Сабырларды сол жерге көшіріп алды. Соңынан ол Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып орналасқасын Бескөлге көшіріп алды.

1928 жылы кеткеннен туған жерімізге осы сияқты көп қиыншылықтарды көріп, қилы-қилы кезеңдерді бастан өткізіп оралдық.

Бір айта кетейін дегенім күнкөріс үшін Ресейдің Түмен, Қорған облыстарының біраз жерлерінде болсақ та Барлыбаевтар өулеті жұбын жазбай бірге болдық. Басқа түскен қиыншылықтарды бірге көрдік. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» дегендей ауыр кездерде бірлігімізді берік сақтадық.

Өкелеріміз Сәдуақас пен Сейітахметтің еншілері тоқшылықта да, жоқшылықта да айрылмай өтті. 1928 ж. Байларды төркілегенде негізінен малының санына қараған болатын. Сәдуақас өкеміздің төркілеген уақыттағы малын екі отбасына бөліп жазса, жер аударуға жатпайды екен. Енші бөлуді ерсі көрген өкелеріміз бұдан осылайша зиян да тапты. Бірі аға, бірі іні болып өмірден сыйласып өткен өкелерімізді біздер де өкелерге бөлінбей «үлкен өке», «кіші өке» дедік. Осындай тәрбиені көрген Сабыр екеуіміз де «сенікі, менікі» демедік. Балаларымыз да Сабыр екеуімізді «үлкен өке», «кіші өке» деп атады. Менен тумады деуге ауыз да бармайды. Атадан келе жатқан сыйластық, бірлік кейінгі балалар арасында да жалғасып келе жатқанына, құдайға шүкіршілік етемін.

Сабыр ағамыз екеуіміздің туысқандық сыйластығымызды көрген менің жолдасым Құсыни мен Сабырдың жолдасы Әнуза жеңгем өте тату болды. «Абысын тату болса ас көп» дегендей, бұл да үлкен отбасымыздың ынтымағын арттырып, жұртқа үлгі етті.

Жер ауып, қуғын-сүргінде жүргенде ауыртпашылық Сабырға түсті, жұмысқа ерте араласып, жас кезінен көп бейнет көрді. Үлкен отбасымыздың ауыртпашылығын көбіне Сабыр көтерді. Балалар ер жетіп, жақсы-жақсы жұмыс атқарғасын бұл дүниенің де азды-көпті қызығын көрді.


Әнуза жеңгем өте таза, қолы ашық, дастарханы мол, қонақжайлы, үй шаруасын жақсы ұстады. Атақты отбасының (Өлти қажы шаңырағы, Садуақас-Сейітахмет шаңырағы) шаңырағына сай ұлағатты ана болды. Бұл кісі 15 құрсақ көтерді. Қуғын-сүргіннен қашып, қайта-қайта көшіп жүргенде соғыс жылдары туған Қайыргелді, Күлзабира деген балалары бір жасқа толмай қайтып кетті. Амангелді деген ұлы да 1955 жылы туа салысымен қайтып кетті. Қалған 12 баласы аман-сау ер жетіп, әр қайсысы жеке шаңырақ көтерді. Сабыр мен Әнуза ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, ер жеткен балаларының қызығын да көрді.



Сабыр, Әнуза, Шұғайып бейіттері

Бірақ осы балаларды өсіріп, оқытып, аяқтандырғанша қаншама қиыншылықтарды бастарынан кешірді. Үйелмелі-сүйелмелі 12 баланы күтіп өсіру оңай ма? Ал ағам мен жеңгем еш

бір мойыған емес. Екеуі де еңбекқор болды. Сабыр сырттағы жұмыспен айналысса, Әнуза үй ішін тап-тұйнақтай ғып ұстады.



О дүниедегі туыстарының бейіттері

Сол балалардың киімін жуу, көйлек-көншегін жамау, уақытында тамағын дайындап беру, мектепке дайындап аттандыру, оқудан келгесін қарсы алу – бәрі жеңгемнің мойнында еді. Оның үстіне бөріне лайықты киім тігіп, жүннен шұлық тоқып дегендей істері де көп еді. Сабыр болса олардың сырт киімдерін сатып өперіп, етік, пималары жыртылса өзі жамап, табандап беретін. Екеуі де өз ісіне мығым шебер еді. Ақша жетпей жатса Сабыр ет, тері-терсек сатып, Әнуза жеңгем жүн, жұмыртқа сатып та қажетті қаржысын айырып тұратын. Әнуза жеңгеміз 1964 жылы Қадияша деген қызы туғасын ардақты ана (мать-героиня) атағын алып мать-героиня

медалімен марапатталды. Ол медалі осы күнге дейін сол Қадияшаның үйінде сақтаулы.



Нұрмағамбеттің бейіті

Сабыр 1993 жылы 7 қарашада, Әнуза 1996 жылы 7 қыркүйекте (екеуі де 72 жасында) қайтыс болды. Екеуінің жаназасына дабүкіл туыстары, құда, жекжаттары, балаларының

жолдастары жиналып қош айтысты. Жиналған халықтың көптігі (мың жуық) олардың жұртына сыйлы болғанының куәсі болды.

2. САДУАҚАС ӘКЕМІЗ ЖАЙЫНДА.

Кешегі Кеңес үкіметі кезінде Қазан төңкерісіне дейінгі ел басқарып болыс болған, мал жинап бай болған адамдарды халықты қанаушылар, жұртқыштар деп адамгершіліктен жұрдай қылып келдік қой. Олардың халық үшін істеген қызметі, кезінде халыққа қорған болғаны, адамгершілік істері, халыққа күнкөріс үшін жұмыс орны болғандығы есепке алынбай, жақсысын жасырып, жаманын асыруға тырысты. Әсіресе, тарихшылар мен жазушылар өткенді саясат тұрғысынан бағалап, тарихты бұрмалап, нендей бір ұлы тұлғалардың аруағын қорлап келді. Іскер адамдардың бай болатыны, байлықтың еңбекпен келетіні ескерілмей келді. «Еңбекпен келеді» деген сөзден шығады, бірде теледидардан орыстың «кулак» (бай деген мағынадағы) деген сөзінің шығу тарихы туралы хабар тыңдадым. «Кулак» деген сөз «кулак» («жұдырық») деген сөзден шыққан екен. Жұмыс істеп келіп шаршап, басына жастық салуға шамасы келмей, жұдырығын басының астына қойып дем алған екен. Осы хабарды естігенде, Садуақас әкемнің өзімнің көзіммен көрген тынымсыз еңбекшілдігі есіме түсті.

Садуақас ұзын бойлы, денелі, көрікті, шоқша сақалды, мінезі ауыр, көп сөйлемейтін адам еді. Ол кісінің тәрбиесін көріп өстік қой. Бізді ол кісінің ұқыптылығы, еңбекшілдігі, шаруаны ұйымдастырушылығы, үнемшілдігі қатты таң қалдыратын. Бей-берекеттікке, жалқаулыққа жаны қарсы болатын. Аттың үстіне салт мінгенде көп қозғалмаңдар, арқасы алынып қалады дейтін өзі атқа салт мінгенде, қаққан қазықтай қозғалмай отыратын. Қазір шаруаны дұрыс ұйымдастырып, ұқсатып жүргендерді «іскер адам» деп жүрсек, осы сөзді әкемізге де айтуға болады. Осы кісілердің арқасы ғой үлкен отбасымыз қанша қуғын-сүргін көрсек те, аш-жалаңаш болып көрген жоқпыз, өз теңділеріміздің алды болып жүрдік.

Садуақас әкеміздің ел-жұрт алдындағы қадір-қасиетін елге алғаш рет барғанда көрдім.

1947 жылдың қысы еді. Түмен облысының Чистозер ауданында тұратынбыз, Садуақас өкеміз екеуміз ел жаққа шықтық (Преснов ауданы). Желтоқсан айы болатын, жеккен атымыз мықты, жүрдек болса да, Пресновқа дейін екі күндік жолды 5-6 күн жүріп бардық. Жолшыбай ат шалдырып шығамыз деген үйіміз қондырып, қонақ қылып өрең жібереді.

«Железный» дейтін ауылдан жайымен шыққан біз Пресновқа (өкем «Кпитан» дейтін) желтоқсанның қысқа күнінде іңірлете жеттік. Қараңғы түскесін бәрі де шаруаларын бітіріп, есіктерін жауып алған. Көшеде кездескен бір адамнан өкем іздеген адамдарын сұрады. Елден кеткелі 19 жыл болған екен, сұраған адамдарының бәрі орыс, біреуі өлген, біреуі көшіп кеткен, өйтеуір біреуінің үйін сұрап алдық. Бір үлкен үйдің сырланған қақпасын тарсылдатып едік, әр жағынан гүрілдеген жуан дауысты, үй иесі болу керек:

– Бұл кім? – деп дауыс қатты.

– Иван Борисович, есігіңді аш, мен Саудақас Әлтиевпін, – деді даусынан танып.

– Не айтып тұрсың, Саудақас жер ауып кеткен, баяғыда өлген, – деді де сөз бөгеліп, даусынан танып қалды ма, есігін ашты. Қолындағы керосинмен жағылатын фонарының жарығын өкемнің бетіне түсіріп танығасын, екеуі құшақтаса кетті. Үйге кіргесін өткен-кеткенді сұрастырып жатты. Кешкі қонақасқа тағы 2-3 адамды шақыртып алды. Өкем бұл кісілермен де төс тақасып амандасты. Бәрі де өкемнің бұрынғы сыбайлас, саудалас достары екен. Дастархан жайылып, самогон ішілгесін, әңгіме тіпті қыза түсті. Өкем екеуміз болса да самогон ішпейміз. Ішіп алған бұрынғы бай-казактар Кеңес үкіметінен көрген зорлықтарын айтып, маған бір қарап қойып, үкіметке тіл тигізе бастады. Байқаймын, Кеңес үкіметін жамандаған кезде өкем де басын изеп қояды. Мен аз да болса мектепте оқып, кеңестік тәрбиені алып қалған, үкіметті жамандағанын іштей ұнатпаймын.

Ертеңінде түс әулетінде Айымжан аулына баруға жолға шықтық. Пресновтың көшесінде бір үлкен қарағай үйдің жанына тоқтатып: – Мына үй Әлти Қажы атаңның үйі, біліп қой.

Жиырмасыншы жылдары төркіленіп үкіметке алынған, – деп өзі бір сөт үйге қарап тұрды. (Бұл үй қазіргі аудандық оқу бөлімінің үйі деп естідім). Жол бойы түнде бірге болған жолдастарымен Қорған, Екатериновка, Ірбіт, Атбасар, Омбы қалаларына барып сауда жасағанын айтып: «Бұлардың байлығы менен артық болмаса кем емес еді, бірақ бұлар байлықты біз сияқты малмен емес, қымбат дүниемен, алтынмен жинап жасырып үлгерді, екіншіден төркілекомиссия мүшелері негізінен орыстар болды да, бұларды сақтап қалды, – деді.

Пресновтан шыққасын өкем маған жол бойы ағаштар мен көлдердің атын атап, олардың тарихы жайлы өңгімелер айтып келеді. «Мынау, – дейді жолдың оң жағындағы көлді көрсетіп, – Өлти қажы атаңның «Қайранкөлі», осы көлде орыстардан балықшы ұстады. Біраз жүргесін жолдың сол жағындағы ұзын жал ағашты көрсетіп, «мына ағашты Киікбай шоғы деп атайды, Киікбай Барлыбай атаңмен тұстас Керей руы Таз атасының атақты шешені болған, – дейді.

«Мына оң жағындағы дөңнің жанында Көшебенің Таузар атасынан тарайтын Қожаберген жыраудың «Шөпті көл» дейтін көлі бар. 1821 жылы (жылан жылы) тамыз айында осы көлдің жағасында отырған Сартай батыр Көшекұлының аулына орыс отаршылдары кенеттен шабуыл жасайды. Сартай батыр 135 сарбазымен ауылын қорғау үшін мылтықпен қаруланған күші басым жаумен ұрыс салады. Ақыры қан майданда Сартай батыр 135 сарбазымен, 17 ұлы, 11 немересімен, бала-шағасымен бір адам қалмай қаза табады. Шақшақ би бастаған Керей-уақ адамдары жаулар өлтірген бүкіл бір ауылды анау көрінген Шөпті көлдің дөңесіне жерлейді. Содан бастап ол «Молалы көл» аталады, – деп, өңгімесін аяқтап, құран оқыды.

«Анау ағаштың жанында Сексен зираты бар, сол зиратқа Итемір, Күзембай, Үмітбай аталарың жерленген» – деп, тағы бір құран оқыды. Ауылға жақындаған тұста, – өкем, – сен бұл ауылдың неге «Айымжан» деп аталғанын естіп пе едің? – деп сұрап алды да өңгімесін бастады.

– Атақты Біржан салдың Нұржан хажы деген ағасының әйелі бір жыл отасқасын қайтыс болады. Сонан соң Нұржан

Мамыт қызы Айымжан сұлуға (1824–1842) сөз салады. Қыздың өкесі Мамыттың аталары жаугершілікте қолға түскен құл екен. Нұржан мен Айымжан бірін бірі сүйіп қосылуға уәде қылғанмен Қожағұл болыс: «Қора күзеткен құлағы кесік құл мен табаны тілік күңнен туған қызды алсаң, сені табан аузында атып өлтіремін», – деп Нұржанға алғызбайды. Азулы өкенің қарсылығына қарамай өне өкетем, міне өкетем деп жүргенде, шапқыншылар Есболдың Шайтомарынан су алып шығып келе жатқан Айымжан қызды ұстап өкетпекші болады. Қыз томардың жалтырына суға түсіп тығылмақшы болғанда, суға тұншығып өледі. Бұны ешкім көрмей қалады. Киікбай ағашында отырған Балта Керей Жақып ағаш үй салу үшін бөрене арасын тығындауға балдыр іздеп келіп, тырнауышпен балдыр алмақ болғанда, шашынан іліктіріп судан алып шығады. Ол Айымжанды таниды екен, өйеліне арулатып, Айымжанның денесін Таузар Қапан дөңіндегі Қапан бейітіне жерлейді. Сөйтіп Нұржан мен Айымжан қосыла алмайды. Есболдың шайтомары сол кезден бастап Айымжан томары деп аталады. Есбол көшіп келгенге дейін Шоқайдың шайтомары деп аталған болатын. Осы Айымжан томары 1897 жылдан бастап көлге айналған. Осы жерде 1928 жылы ұйымдасқан колхозды «Айымжан» колхозы деп атады. – Сен білуің керек, – деп өңгімесін аяқтады.

Ауылдың жанындағы осы Айымжан көлінің тусына келгенде. – Әке, түнде Кпитандағы (өзі Пресновты «Кпитан» дейтін) бұрынғы кулак, купец жолдастарың жақсы қарсы алды. Айымжанда Барлыбаевтардан да ешкім жоқ. Кімдікіне түсеміз. Ауылдастарыңыз малын баққан ақымызды бермей кетті деп, мына мініп келе жатқан жалғыз атымызды тартып алып, өзімізді үйлеріне енгізбей жүрмей ме? – дедім. Менің кесірлеу өзіл сөзіме түсініп қалып: – Әй, комсомол, оны барғасын көресің. Мен қандай бай болсам да ешкімнің еңбегін жеп көргенім жоқ. Құдайға шүкір, аш-жалаңаш, жетім-жесір, кемтарларға көмектесіп отырдым. Өзім жұмысты жұмысшыларыммен бірге істедім, мына алақанымнан күс кеткен жоқ. Өзім не ішсем, жұмысшыларым да соны ішті. Қайта ауылдың белсенділері маған жамандық жасады, жалған айтып малымды тартып алды, – деді де, – Мұсаның

Байтағының үйіне барамыз, үйін сұрастыр, – деді. Байтақтың кім екенін шежіреден білуші едім. Байтақтың әкесі – Мұса Бердібек баласы, Бердібек Өтеміс баласы, Өтеміс пен Барлыбай бірге туған – Шәукердің баласы.

Жиырма жылдай көрмеген әкем мен Байтақ құшақтасып амандасты. Көздеріне жас алып: «Бір-бірімізді көретін де күн болады екен», – деп қатты қуанғандықтарын айтып жатты.

Байтақ әкемнің мүлкі төркіленге дейін әкемнің шаруашылығында жұмыс істеген екен. Біз келгенде балалары әлі жас, өзі қыста ауылдың жылқысын бағады екен. Соғымның еті болса да мал сойып, ауылдың ақсақалдарын, колхоз басшыларын шақырып әкеміздің құрметіне жиын өткізді. Колхоздың басқармасы Жолмұқанов Мұқаметжан, селолық Кеңестің төрағасы Біка дейтін кісі екен. Әкемді көрсетіп, жамандық жасаған, жер аударуға себепші болған сол уақыттағы кейбір белсенділер әкеммен кездесуден қашқақтапты. Заманның ағымына қарай болған істер ғой, балалары бар шығар деп, ол адамдардың есімдерін атамай отырмын.

Ауылда әкем жер ауып кеткен жиырма жыл ішінде көп өзгеріс болған екен. Ауылдың көп адамдары қайтыс болыпты, біраз адамдар Ұлы Отан соғысынан оралмапты. Әкем барлығының үйіне барып дұға оқып шықты. Соғыстан кейінгі ауыр кезең ғой, соған қарамай бүкіл ауыл қонаққа шақырды.

Әкемнің келгенін естіген басқа ауылдың адамдары да келе бастады. «Сәбит» ауылында сол жылдары колхоздың басқармасы Сәбит Мұқановтың інісі Шәкен Мұстафин екен, өзі келіп аулына қонақ қылуға алып кетті. «Кенже», «Қызыл ой», «Түлкіойнақ», «Бақыр ілген» (Петровка), «Майбалық», «Жекекөл» ауылдарында қонақта болдық. Қай ауылға барсақ та әкемізді ерекше ықыласпен қарсы алады. Әкемнің ел ішіндегі қадір-қасиетінің қаншалықты екенін осы жолы анық көрдім. Қадірлеп қонақ қылып жатқандардың көпшілігі бір кездегі әкеміздің малын баққандар, шаруашылығында түрлі қызмет атқарғандар екен, егер әкеміз жазушылар жазғандай бұлардың еңбегін жеп, қанаған болса, бұлай қарсы алмас еді.

3. АҚЫҚ АПАМЫЗ ЖАЙЛЫ.

Өулетіміздің шежіресінде жазылғанындай Өлти қажы атамыздан Өбіл, Садуақас, Сейітахмет және Ақық атты бір қыз туған. Қай жылы екенін айта алмаймын, әкелерімізді тәркілегеннен бұрын осы апамыз руы алдай Төлеген баласы Оспан деген кісіге тұрмысқа шыққан. Ата қоныстары Жамбыл ауданының Қарағаш аулының маңында болатын. Апамыздан Қабиден, Еслам атты екі бала туған. Екеуі де колхоздастыру кезінде ауқатты, өлді тұрды. 1937–1938 жылдардың бірінде Қабиденді «халық жауы» деп қамауға алып, содан оралмады. Ақталғаны туралы хабар да болған жоқ, артынан іздестірген адам да болмады. Атып тастады ма, не түрмеде өз қазасынан қайтыс болды ма, оны да білмейміз. Қабиденнен Ахмедия деген бала қалып, ол Алдай Мұса қажының баласы Қалаулеттен қызы Иіске үйленген. Ахмедия кезінде жақсы-жақсы қызмет атқарды, совхоздың бас бухгалтері, совхоз директоры, аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы болды. Өзі қайтыс болған, Қызылту зиратына жерленген. Балалары Түмен облысының Қазан ауданының орталығында тұрады.

Еслам жиенімізден Зада атты бір қыз қалды. Ол өзіміздің Қаликенің Көрімінің баласы Жасұланға тұрмысқа шықты. Жасұлан мен Зада қазір Қызылжар қаласында тұрады, балалары бар. Қабиден ұсталып кеткенде, апамыз Ақық Есламның қолында қалады. Қабиден жиеніміздің түрмеден шешесі мен інісіне өлеңмен жазған хаты бар. Өлең мазмұнына қарағанда, Шаховский деген жердегі түрмеден жазылған. Ал, оның қай жердегі Шаховский екені белгісіз. Өлең кезінде ел ішінде өнімен көп айтылып жүрді. Сол өлеңнің есте қалғаны: (Өлеңнің мәтіні редакциялаусыз сол қалпында берілді. – Авторлар).

Туысым Қараталдың саясында
Қонысым алдай, уақ арасында.
Руым Смаил деп аталады.
Ауылым Найза көлдің жағасында.

Сәлем де Қапар менен Ілиясқа,
Дос едік жолдас болған жаны басқа.
Алланың рақымынан бар үмітім
Шығарған жасыл жапырақ қара тасқа.

Баласы Төлегеннің өкем Оспан
Балапан Бүркіт едім жалын атқан.
Дәлелсіз елден кетіп жерден аудық
Біздерге бұл бір заман тұрмыс тосқан.

Өкеден екі бала жетім қалдық
Азырақ шаруаны қолға алдық.
Қолымыз оң мен солға жеткен кезде
Байлардың қатарында біз саналдық.

Біз шықтық елімізден екі бала
Жолымызды оңғара көр қақтағала
Алла деген кітап сөзі
Оны да айтатұғын білгір молла.

Астыма мінген атым күрең дөнен.
Қашады таудан түлкі қия жолмен
Ойымда үш ұйықтасам барма еді менің
Айрылып бауырымнан жүрем деген.

Шаховский барағында жатыр балаң
Қайтейін қош аман бол қайран анам.
Ұрығып, кісі өлтірген жазығым жоқ
Осыны кездестірген барма шараң.

Бұл күнде Шаховский біздің қоныс
Бастығы қазақ емес көпір орыс.
Жоғыңды оған барып айтсаңдағы
Көңіліне ұнамайды оған дұрыс.

Береді сөткесіне бір қадақ нан
Көк суды түсте береді балық салған.
Көп халық әкелуге жүгіреді
Өр қайсысы оң қолына аяқ алған.

Сөлем айт Төңкеріске бір қуансын
Отырған біздің жұртқа егін салсын.
Кейінгі кедейлерді қосып алып
Бай қылып біз қатарлы оны да алсын.

Елден тартсын дөм мен тұз
Сарыарқада сайран жаз.
Туысқанның халын сөйлетіп,
Туысқан-туған тыңдаңыз.

Боз торғай шырлап ұшқан соң,
Қанатын қомдап қысқан соң,
Кез келіп жауыз жағалтай,
Қорғалап төмен бұққан соң.

Еркін жүріп тұрасың
Жоғары ұшып қонасың.
Кейде қонып, кейде ұшып,
Шарлайсың ауыл арасын.

Менен де артық күнің бар.
Өлшеусіз байтақ жерің бар.
Денең нашар етің аз
Бір жапырақ түрің бар.

Сенен де мен нашармын
Көңілдің кірін қайда ашармын.
Паналайтын жерім жоқ,
Қапәмды қайда басармын.

Қайрылмай неге барасың
Қиқулап өнге саласың.
Көтере кетсең болмай ма
Нашардың көңіл жарасын.

Бүгінгі күн ұлы күн.
Өзгеден абзал шаттықта жылы күн.
Мұсылмандар шаттықта
Жалғыз бізде қара түн.
Аттай алмай отырмыз
Жиналған нашар топырмыз.

Өлеумет саған жазғаным
Қайғыны белден қазғаным.
Ағайын-туған сені ойлап,
Қызғалдақтай азғаным.

Атаусыз қалған жандарым,
Талаумен алған малдарым.
Паналайтын жерің жоқ
Аясын алла құлдарын.

Аспанда ұшқан қараша
Тізілісіп жараса.
Саңқылдаған дауысың
Құлақ салсам тамаша.

Қай жақтан ұшып келесің,
Айта ғой болса кеңесің.
Қам көңілді біздерге
Азғана болсын демесін.

Біздің ел бар ед жолыңда
Қарадың ба оң мен солыңа.
Қайғылы жүрек сары бала
Хат берді ме қолыңа.

Қайрылып қонбадың ба біздің көлге
Аралап жүрмедің бе өрбір жерде.
Еркіңмен өр жерге сен қонақтайсың
Біздердей қамалмайсың тас қамалға.

Бүгінгі күні біздің күн
Айрылып шетке кеткен күн.
Сарғая шығып жоғары
Қараңғы боп батқан күн.

Бір айналып келерме ед,
Бұрынғы дәурен өткен күн.
Сарғайып атқан таңменен
Көкорай шыққан жазбенен.
Дәм таусылып қипыстан
шығатын бізге күнбе екен.
Құдайым дос-дұшпанға таба қылмай,
Көретін елдің бетін күн бар ма екен?

Бұл сол кезде жазықсыз қуғын-сүргін көріп жапа шеккен
мыңдаған азаматтардың бірі ғой. Елді сағынып жазған. Тек, сол
сағынған еліне қайтып келе алмай арманда өткен. Қай жерде
қашан дүниеден өткені де белгісіз.

Барлыбаевтар және Есене́й Естеми́сов

Халық жүрегінде сақталған және архивтегі жазба түрдегі де-
ректерге сүйенсек, Төбей Барлыбаев пен Есене́й Естеми́сов тарих
сахнасына бірге шыққан. Екеуі де ел басқаруда ірі қайраткер
дәрежесіне жеткен. Өмірлері өзектес, тарихи тамырлас, бір-
бірімен егіз ұғымдай жалғасып жатқан таңғажайып тұлғалар.

Мұны Біржан салдың мына бір өлең шумақтарынан да байқауға болады:

Мен келдім туған елім Керейіме,
Қазақтың жомарт халық мерейіне.
Өзімді еркелеткен жақсылар деп,
Аттандым Төбей менен Есенеіге.


Керейде советник Байдалы еді.
Қазаққа өрқапанда пайдалы еді.
Төбей мен Есенеідің заманында
Сал Біржан сүт бетінде қаймағы – еді.

Ұстазым Сегіз сері, Нияз сері
Солардан үлгі алған мен Біржан сері.
Жетпіс үш мүшеліме толғанымда
Дүние теріс айналып кетті кері.

Біржан салдың бұл өлең жолдарына анықтама беру артық болар.

Туыстығы жағынан да алыс емес, Төбей Барлыбаев Ашамайлы Керейдің Танаш биінің Көшебе атасынан тараса, Есенеі Естемісов Танаш бидің Балға (Сибан) атасынан тарайды. Оның үстіне Төбей Барлыбаев Есенеідің Матақай атты апасын алған жездесі. Есенеі Төбей Барлыбаевпен ғана емес, Итемір, Тәшмұхамед Барлыбаветармен туыстық қарым-қатынаста болып, қоян-қолтық жұмыс істеген адам. Сондықтан да Есенеі Естемісовке арнайы тоқтағанды жөн көрдік.

Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген ел қорғаны – батырлары мен игі жақсыларының бірі – Ер Есенеі Естемісұлы.



Әке-шешеміз балаларымен, немересімен «Оқжетпесте»

Ер Еснейдің биік адамгершілік иесі екенін, ел қорғаны болғанын екінің бірі біле бермейді, өйткені, оны кейбір жазушы өзінің шығармаларында саясатқа байланысты Қодар бейнесінде дүлей күштің иесі етіп және үстем топтың зорлықшыл өкілі ретінде оқырмандарға құбыжық етіп көрсетті. Енді бір жазушы «Қолына топтап ұры ұстайтын, бықсыған малы көп Ашамайлы Керейдің байы Есней», – деп, ол да қолайсыз кісі етіп көрсетіп, өз шығармаарында

шындыққа жанаспайтын сөздерді жазды.

Кешегі Кеңес дәуірінде Қазан төңкерісінен бұрынғы кезеңде ел басқарған адамдарға дұрыс баға берілмеді, олардың ақыл иелері болғандығы еске алынбады. Себебі, олардың бәрі қанаушы таптың өкілдері саналды. Билер мен бектер, батырлар, мырзалар түгел жыртқыш, мейірімсіз, қанаушылар атанды. Шындығында олар салай ма? Бұлардың жақсы істері аталмай қалды, ақты – қарасы тексерілмеді. Билердің көпшілігінің кедей немесе орташа шаруалардың өкілдері екендігі де, әділдік қасеттері де есептелмеді.

Бай болса болды, оларды ел қанаушы жыртқыш деп келдік. Кімге болсын есігі ашық, дастарханы күні бойы жиылмайтын меймандос, ғаріптерге қысылғанда қол үшін берген жомарт, ғашықтағанда азаттық өперген әділ, қамқоршы бектерді жыртқыш, зорлықшыл деуге болмайды. Біз сөз етіп отырған Есней де

заманында елге қайырымды бектер мен батырлардың бірі болғандығы шежіре деректерінен және сол дәуірдегі ақын-жыраулардың өлең-шығармаларынан көпке мәлім. Әрине, Есенеидің де аздаған пендешілігі болған көрінеді. Бірақ соған қарап, оның жұрт үшін сіңірген көп еңбегін, атқарған игілікті істерін, ел қамқоры болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Әуелі Сібір қазақтарының шорасы боп, 1819-1824 жылдары ел басқарған кезінде, кейін 1830-1859 жылдары дуанның кеңесшісі (заседатель), аға сұлтаны, кейін 1859 жылдан бастап, он шақты жыл Батыс Сібір генерал-губернаторына Бас кеңесші боп дуан елдің үстінен қараған уақытында Есенеиді «Қарадан хан болды», – деп, халық «Есенеи хан» деп атапты.

Естемісұлын Батыс Сібір мұсылмандарының Марал ишанның басшылығымен жер-су үшін болған Ресей отаршылдарына қарсы азаттық күресіне белсене қатысқандығы үшін, сонда үлкен ерліктер жасағаны үшін, кейін тонаушылардан, барымташылардан елдің жылқы, түйесін бірнеше рет айырып, иелеріне қайтарып бергені үшін қазақ, татар, башқұрт халықтары оны «Ер Есенеи» деп атаған екен.

Шора – аймақ билеушісі деген мағынада қолданылатын сөз.

Біз сөз етіп отырған Есенеи 1798 жылы –ұлу жылы наурыз айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Қызылжар (Петропавловск) қаласына таяу жердегі ежелгі ата мекені – Бескөл деген қоныста тұратын Орта жүз Ашамайлы Керейдің Сибан руына жататын Қошқарбай батыр ауылында Естеміс мырзаның шаңырағында дүниеге келіп, аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Ғабит Мүсірепов атындағы шаруа қожалығының орталығы Жаңажол ауылының төңірегіндегі «Бүркеу» – деп аталатын соңғы қонысында ауырып, 1871 жылы – қой жылы желтоқсан айында қайтыс болыпты. Елі оның сүйегін сол арадағы Жәнібек батыр бейітіне жерлепті. (Керей шежіресі бойынша) Есенеидің туған жері, туған жылы, руы, ауылы архивте де осылай жазылған. Есенеидің ата-анасы да, ағайын туғандары да, бірнеше ата-бабасы мен әже-аналары сол Бескөлдегі Ескі Керей бейітіне жерленген. Сол ескі Керей бейітіне 1745-1752 жылдары аралығында қайтыс болған. Қызылжар

маңынан Керей ауылдарының алыстап кетуіне 1826 жылы жазда Ресей патша өкіметі отаршылдарының Қызылжар төңірегіндегі, Қызылжар мен Мәуліт аралығындағы жерлерді, Мырза-ағаш (Соколов ауданы жерінің қазақша атауы) жерін өз имениелеріне айналдыруы себепкер болыпты (архивте, шежіреде бар).

1819 жылдың жазының басында хан жайлауда Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің басты адамдары құрылтай ашып, Қақ сорының жағасында Есенеиді боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киімдер кигізіп, ақ кигізге отырғызып, көтеріп, шора сайлапты. Естемісұлына сол арада ел құтты болсын айтып, Тоқсан, Маманай, Құрмысы, Шақшақ, Тіленші, Киікбай сынды дуалы ауызды билер, өулие Марал ишан, Нашан, Қолдас, Жолдыбай, Сартай, Мәуліт, Итіке батырлар, Төбей ақ баталарын беріпті. Есенеиді шора сайлауға Қызылжар, Омбы шаһарларындағы татар мырзалары да қатысыпты. Сол күннен бастап Естемісұлы 1824 жылға дейін Сібір қазақтарының шорасы болып, ел басқарыпты.

Есенеи шора болумен қатар, ұстазы Марал ишанның ғазауатын қолдап, оған әскер жинап, жауынгерлерге ат жинап беріпті. Сөйтіп, ол өзі де бұрығынсынша Ресей отаршылдарына қарсы соғысқа белсене қатысыпты.

Арқада хандық 1822 жылы жойылса да, шоралар биілігі 1824 жылға дейін сақталады. Өйткені, Есенеи, Зілғара, Тоқтамыс, Мүсет, Қожағұл (Біржан салдың әкесі), Төбей сияқты бектер үшін шоралық билік жүйесі пайдалы болды. Сондықтан олар округтердің ашылуын қаламады.

1822 жылдың басында Ресей патшасының Бас министрі Сперанский Орта жүз қазақтарында хандықты жойып, округтік (дуан) жүйе енгізгені тарихтан мәлім. Бірден округ ашуға отыршылдардың батылдары да бармаған. Әйтсе де 1822 жылы сайланған Батыс Сібір генерал-губернаторы П. М. Капцевич Солтүстік Сарыарқадан Аманқарағай, Көкшетау дуанын 1824 жылы ашуды жоспарлады. Бірақ, Аманқарағай округін ашудың сөті түспеген. Көкшетау округін құрумен қатар, сол 1824 жылы Орталық Сарыарқадан П. М. Капцевич Қарқаралы дуанын ашқан.

Орта жүзде хандық билікті жоюға тек Ғұбайдолла сұлтан Уалиханұлы ғана қарсы болып қоймай, билер мен бектер, Есеней сияқты шоралар, батырлар, хазірет-имандар, хажылар да қарсы болыпты.

Қызылжар аймағында округ ашыла қоймайды да, ол өңір Керей болысы деген атпен уақытша 1830 жылға дейін Көкшетау дуанына қарап қалады. Соның салдарынан Есеней де, оны қолдаушы Керей-Уақ бектері де отаршылдарға қарсы болып, биліктен шеттеп қалады. Оған, біріншіден, Есенейдің Марал ишан бастаған Батыс сібір мұсылман қауымының Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған халық-азаттық қозғалысына белсене араласуы, екіншіден, сол Есетемісұлының Орта жүзде хандық жүйенің жойылуына қарсы болды, Есенейдің Ресей патшасы отаршылдарының мұсылмандардың қоныстарын тартып ала бастауына, Ислам дінінің өрісін тарылтуына, мұсылман балаларын саудаға салуына, елден алым-салықты көптеп алуына, мұсылмандарды шоқындыруға ашық түрде қарсы болулары себеп болыпты. Алайда Қызылжар аймағындағы Ашамайлы Керейдің билері мен бектері: Шақшақ, Тоқсан, Киікбай, Тіленші, Итіке, Сексен, Төбей – бәрі бірауыздан елді жинап ашқан құрылтайда Есенейді Ресей патшасы Ұлықтарының рұқсатынсыз өздері қазы сайлап, даулы мәселелерді соған шешкізеді. Батыс Сібір генерал-губернаторлары: П. М. Капцевич те, одан кейінгі И. А. Вельяминов те, Н. С. Сулима да Есенейдің Қызылжар керейлерінің басшысы екенін мойындамай, оны Сибан керейдің ру басшысы деп қана таниды. Алайда, Көкшетау дуанбасшысы Зілғара Есенеймен Керей елінің басшысы ретінде санасып отырыпты.

1826 жылы жаздың басында Есеней Қызылжар шаһары төңірегіндегі өзінің ата қоныстарының жартысынан көбін Ресей отаршылдары өз иеліктеріне айналдырған соң, өз қыстауы Бескөлдiң батысында жүз сексен шақырымдай қашықтықтағы Нұралы Керейдің босап қалған, яғни штаб салудың сәті түспеген жеріне Сибан Керейдің Қорқыт өулетіне жататын ауылдарын бастап көшіп барып, үйлер салып, шөбін шауып алып, келер қысқа қам жасайды. Осы арада айта кететін бір жөй; ел аузында

Есенеі Нұралының жерін тартып алыпты деген өңгіме бар, бұл дұрыс емес. Керейдің Нұралы атасының жерін тартып алған Ресей өкіметі. Өйткені Ресей «Қасірет белдеуінен» он шақырым жердегі қазақтарды сыртқа ығыстырған. Нұралы жеріне штаб салу жоспарланады, бірақ кейін орындалмайды. Есенеіді орталықтан алысырақ ұстағысы келіп, осы жерге ұлықсат етеді. Естемісұлының Бескөлден көшкеніне оның аталас ағайыны Шоң Дәулетұлы зергердің ата қоныспен қоштасып шығарған дастанының ішіндегі мына шумақтар да дәлел бола алады:

Есенеі тоқтамайды үдере көшіп,

Жәнібек сөз сөйлейді елдей өсіп.

Бескөл мен Қызылжарым, қош –есен бол.

Жерім ең кірім жұған, кіндік кесіп.

Туған ел жер кейін қалдың, уа, дариға-ай,

Мұндай жер енді бізге табыларма-ай,

Егін сап бала-шаға асыраған,

Бескөл мен қош-есен бол, Қызылжарым-ай!

Бұл өлең жолдарынан Есенеідің ата қонысынан амалсыз көшкенін айыру қиын емес.

Есенеі қазы боп тұрғанда да, кейін де қолына жүз мүрид ұстаған екен. Ол сол мүридтер арқылы Ислам дінін насихаттаумен қатар, ел ішіндегі содырларды жөнге салып, ұрлықты тыйған екен. Ұрыларға өте қатал шара қолданған екен.

1832 жылдың аяғында қазақтың беделді де мықты адамдарының бірі – Есенеі екеніне генерал-губернатор И. А. Вельяминовтің көзі әбден жетіп, оның Қызылжар аймағын мекендейтін Керей елінің жөне Қызылжар қаласында тұратын мұсылмандардың ортақ қазысы екенін толық мойындапты. Сондықтан губернатор Естемісұлына жақсы мінездеме береді. 1835 жылы Ресей патшасының Бас министрі Есенеіді Петербургке шақыртып алып, ел тыныштығын сақтағаны үшін оған «Құрметті қазақ» атағын, Анна лентасын қадаған алтын медальды грамотамен бекітіп беріпті, әрі Батыс Сібір шекаралық комиссиясына мүше етіпті, Ресей патша өкіметінің тағы да Есенеіге бұлай оң көзбен қарауына оның туған құдасы Қасым төре Абылай ханұлы мен оның Есенгелді, Саржан есімді батыр


ұлдарымен жақсы қарым-қатынасты болуы себеп болған, Ресей отаршылдарына Есенеі сияқты мықты қазақты Қасымнан бөліп алып, өз жағына тарту ауадай қажет болыпты. Бірақ Естемісұлы қазы өзінің құдалары: Қасым және оның ұлдары Есенгелді мен Саржан сұлтандармен достығын сақтап өткен. Есенеі өз құдасы Кенесары сұлтан Қасымұлына бейбіт қазақ ауылдарын шаппау керектігін ескертіп, әрі оның Алтай тауына бекінуі қажет екендігін айтып, оған жөн сілтейді. Ол аталмыш құдаларына кезінде саяқ аттар мен атан, нарларды тарту етіп, Қасым балаларын 1838 жылға дейін көлікпен жабдықтаған бектердің бірі болыпты. (Керей шежіресі және ақын-жыраулардың өлеңдері бойынша).

Кейбір тарих туралы жазушылардың Есенеі мен Зілғараның орыс әскерін бастап, Кенесарыға қарсы аттанған деулері шындыққа жанаспайды. Кенесары қолының Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің көптеген ауылдарын шауып, жылқы-түйелерін айдап кетіп отырғаны тарихтан мәлім. Оның ішінде жетім-жесірдің де, сіңірі шыққан кедейлердің де малдары болған. Міне, осы жағдайды көзімен көрген Есенеі құдасы Кенесарыға: «Ел шапсаң, тірексіз қаласың», деп бұрын ескерткенін есіне тағы салып көпшіліктің малын қайтаруды сұрап, екі елші жібереді. Одан жауап болмайды. Кенесары қолы ауылға барымта жасауды тоқтатпайды. Есенеі амалсыздан ел ішіндегі батырларды жинап алып, оларға ауыл-ауылдан жиналған жас жігіттерді қылыштасуға, найзалауға, атысуға баулып, жаттықтыруға өмір беріпті. Сонан соң ол жаттығудан өткен жігіттерді бастап шығып, Кенесары жасағынан Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің жылқы-түйелерін айырып алып отырған. Ауылдарға күзет қойған. Кенесары жасағының шабуылын пайдаланып, Қоқан хандығы құсбегілерінің жендеттері де Қызылжар, Көкшетау аймақтарындағы қазақ ауылдарын тонап кетіп жүрген. Есенеі бастаған қол Қоқан хандығы құсабеглері жасақтарына да соққы беріпті. Бұл жайында Алматыдағы Орталық архивте деректер бар.

1830 жылы жазда Қызылжар аймағында округ Аманқарағай деген атаумен ашылады. Ресей отаршылдарының өзін округ бастығына өткізбейтінін сезген Есенеі Төбей Барлыбаев екеуі

туған құдаларының бірі –Жалбыр Абдоллаұлын (Абылай ханның көп немерелерінің бірі) аға сұлтандыққа ұсынады. Сөйтіп, өкесі де, өзі де әубастан төре атағынан безініп, қара қазаққа айналған Жалбыр мырза Есеней мен Төбейдің қолдауымен Аманқарағай дуанының алғашқы сұлтаны болып, ел басқарыпты. (Бұл туралы Омбы архивінде толық дерек бар).

1834 жылдың жазының аяғында Жалбырдың орнына Уақ руы шоңжарларының қолдауымен Шыңғыс Уәлиханұлы төре (1811-1902) Аманқарағай округіне аға сұлтан болады. Оның бірінші заседателі болып, Есеней тағайындалыпты. Бірақ Шыңғыс пен Есеней қоян-қолтық жұмыс істей алмайды. Шыңғыс елге тиышсыздану болады. Ресей патшасы отаршылдары да Кенесары қозғалысына байланысты, Есенейге сенімсіздікпен қарайды. Ақыры 1840 жылы сайлауда



Сегіз серінің бейіті

заседательдіктен түсіреді. Кенесары-Наурызбай қаза тапқаннан кейін ғана Есеней Ресей патшасы өкімдерінің сеніміне толық ие болыпты. Қызылжар уезіндегі мұсылмандардың төбе биі Күзембай Итемірұлы Барлыбаевтың басшылығымен Ашамайлы Керей елі Есенейге арнап үлкен ас береді. Ас абыройлы өтіпті. Аста Көрпе, Тоғжан, Мұсайын (соңғысы –Сегіз серінің баласы), Шағырай шешен, Шөрке сал, Байеке әншілер Есенейге арнап толғаулар, дастандар

шығарыпты. Осы ақындар Есеней қайтыс болғанда, оған арнап, бірнеше сапалы жоқтаулар да шығарып, Естемісұлы қазының ақылының қыз-келіншектеріне жазып беріп, оларға жаттатып айтқызған екен.

Есеней Естемісұлы шежіресінде мынадай деректер де бар. Есеней өзі қайтыс боларынан бір жыл бұрын Омбыдағы, Қызылжардағы қонақ үйлері мен сауда дүкендерін Көшебе керейдің Өлти Көкенұлы, Ақыш Алжығанұлы Барлыбаевтарға (құдалары) қағаздап беріпті. Олар сол үшін кейін Есенейдің асында азаға мал өкеп салыпты. Есеней Есіл бойындағы шабындық жерін Көшебе Керей Күзембай мырза Итемірұлының атына қағаздап аударыпты.

Сегіз сері бастап, балалары – Мұстафа, Мұсайын, Барлыбаевтар өулеті жалғастырған Керей шежіресіндегі Есеней Естемісұлы жайындағы деректер сол Естемісұлы туралы Омбы архивіндегі және Алматыдағы Қазақстан Орталық мемлекеттік архивтегі деректерге сәйкес келеді. Біз жоғарыдағы Есеней Естемісов туралы жазылған деректерді ел аузынан емес жазбаша жеткен Керей шежіресінен, Омбы және Алматы архивтерінен алдық. Ал, ел аузындағы Есеней туралы айтылып жүрген кейбір өңгімелер шындыққа жанаспайды. Мысалы, ел аузында Есеней Нұралы Керейдің жерін тартып алыпты, Есенейдің екі баласы Тоқсан бидің қарғысынан өліпті деген өңгімелер бар. Бұл жалған өңгімелер. Біріншіден, Нұралы, Нұрымбет жерлері «Қасірет белдеуі» үстінде болғандықтан Ресейдің шекараны бөлу тәртібі бойынша ол жерді босату керек, яғни «Қасірет белдеуінен» он шақырым жерде қазақтар болмау керек еді және Ресей Нұралы Керей жеріне штаб салмақшы болды. Бірақ сала алмады, қазақтар салған құрылысты күйдіріп жіберіп отырды. Нұрымбет Керейден шыққан Марал ишан көтерілісінің бір себебі осы жер үшін болған. Кейін осы бос қалған жерді Есенейге берген. Екіншіден, Есеней мен Тоқсан би бірін-бірі сыйлап өткен адамдар. Есеней Тоқсан биді піртұтқан адам. Есенейдің шора болып сайлануына Тоқсан би көмектескен. Тоқсан би сияқты дана адамды кісіні қарғап өлтірді деу ақылға сыймайды. Алайда, кейін өте орысшыл болып кеттің деп Тоқсанның Есенейге ренжуі шындыққа жақын.

Барлыбаевтар және Сегіз сері

Бұл тақырыптағы өңгімені Сегіз серінің өлең шумақтарынан бастайық.

Атақты Сегіз серінің жас шағынан мініп жүрген қос тұлпарының жасамыс тартып, қартайып қалған шағы екен. Сондықтан ол Есенеидің асыл тұқымды жылқысынан бір тұлпар алуды көздеп екі жігітімен мынадай өлеңмен сәлем жібереді:

Есекем Сегіздей інісіне

Бір ат берсін.

Егер Есекем Сегіздей інісіне бір ат берсе,..

Ірілігі өзімдей болсын,

Беріктігі өзіндей болсын,

Жүйріктігі Аулабайдай болсын,

Жорғалығы Байдалыдай болсын,

Сезгіштігі Төнібайдай болсын,

Мешкейлігі Тілендей болсын,

Мықтылығы Қуаныштай болсын,

Жайлылығы Төбейдей болсын,

Жүректілігі Белгібайдай болсын,

Сергектігі Есболдай болсын,

Мінез әдемілігі Төбейдің

Төшмұхамедіндей болсын.

Жүрісі Итемірдің сөзіндей болсын,

Көзі ботаның көзіндей болсын,

Берсе Есекем осындай бір ат берсін.

Мұндай бір ат бермесе,

Сегіз серінің қартайған

Возшұбары мен қанкүреңіне

Табиғат өзі қуат берсін!

Сегіз серінің осы бір өлеңінде үш Барлыбаевтың аты аталады. Олар – Барлыбаев Итемір, Барлыбаев Төбей, Барлыбаев Төшмұхамед. Сегіз серінің бір өлеңінде үш бірдей Барлыбаевтың үлгі тұта, алға ұстай айтуынан Барлыбаевтармен қаншалықты

қарым-қатынаста болуын, етене жақын болғанын айыру қиын емес. Сегіз сері әулеті мен Барлыбаевтар әулеті сол уақыттағы замана жүгін бірдей көтерді. Өз халқының жер-суынан айырылып, қоныссыз қалған мүшкіл халын бірге көрді. Халқының Ресейден жөбір-жапа көргеніне куә болды. Барлыбаевтар ел басқару және саясат саласында елге қорған болса, Сегіз сері Сартай бабасынан бастап отаршылдарға қарсы қару жұмсаған адамдар. Яғни «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жүрген жандар. Сондықтан да Сегіз серінің қоғамдық қызметі мен шығармашылығына арнайы тоқтағанды жөн еттік.

Сонау Қожаберген жыраудан келе жатқан Керей шежіресін Сегіз сері және оның балаларынан кейін жалғастырып, оны жүйелі түрде хаттап архивке тапсырған да Барлыбаевтар екен.

Барлыбаевтар мен Сегіз серінің туыстық жағынан да жақындығы бар, екеуі де де Көшебе руынан тарайды.

Барлыбаевтар Сегіз серінің шежіресін ғана емес, шығармаларын да жинастырып, қазіргі уақытқа жетуіне себепші болған. Төшмұхамед (Төштит) Барлыбаев Сегіз серінің «Наурызбай-Ханшайым» және біраз жырларын Орынбор қаласында өз қаражатымен баспадан бастырып шығарған. Оған Нұржан Наушабаев (1859-1919 жж.) ақынның «Жүсіпбекке» деген өлеңі дәлел:

Сегізді Керей Төштит көзі көрген,

Жырларға ол шығарған көңіл бөлген.

«Наурызбай - Ханшайымдай» Сегіз жырын

Жағырафия мақкамасына өкеп берген.

Жүсіпбек, қарғыс алма дүйім елден

Жинаған адамсың ғой қиссаны елден

Сізбенен біз тумастан бұрынырақ,

Бұл дастан Орынбордың қаласында

Төштиттің арқасында жарық көрген.

Жоғарыда айтқанымыздай Барлыбаевтар мен Сегіз сері әулеттерінің өмірлері тамырлас, өзектес болып, өмір деректері бірін бірі анықтай, таныта түсетіндігін ескеріп, Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығына тоқталайық.

Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) 1818 жылы ескіше барыс жылы Наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты «Благовещенский» совхозының жеріндегі Гүлтөбе – Маманайда Вұқпа көлінің жағасында Қожаберген ауылының өнерпаз азаматы Баһрам батырдың семьясында дүниеге келеді. Төбей Барлыбаевтың Қазақ ғылым академиясына тапсырған көне тарихы бар «Керей шежіресінде» Мұхаммед-Қанафияның Сегіз сері аталуына түсінік береді.

Жас кезінен-ақ Сегіз қырлы бір сырлы өте өнерпаз жігіт болып өседі. Өнші, ақын, күйшілігімен қоса, палуан, саятшы, атбегі және он саусағынан өнер тамған шебер болады. Осындай жан-жақты өнерпаздығына төнті болған ел Сегіз сері деп атап кетеді.

Сегіз серінің әке-шешесі ерте қайтыс болғандықтан, Шақшақ атасының тәрбиесінде болады. Алдымен ауыл молдасынан хат танып, одан кейін Болатнай, Қызылжар медреселерінде оқиды.

Сегіздің атасы Шақшақ Көшекұлы көзі ашық, ойшыл, өнерлі адам болған. Сегізді 1828 жылы – тышқан жылы Омбы шаһарына апарып, ондағы Сібір қазақ-орыс әскери училищесіне оқуға береді. Ол Омбыда алты жыл оқиды. Оның екі жылы орысша сауат ашу мектебі де, төрт жылы мамандық бойынша оқу еді. Омбыдағы шәкірт кезін еске алған бір өлеңінде Сегіз сері:

Орысша білім ал деп атам Шақшақ

Оқытты алты жылдай ұстаз жалдап, – дейді.

Сегіз серінің халық арасындағы беделін, батырлығын, орысша сауаттылығын жақсы білетін сол кездегі патша өкімдері оны өз мақсаттарына пайдаланғысы келіп, жазалаушы отрядтың құрамына ресми қызметке шақырады. Бірақ халқын сүйген Сегіз ондай қызметтен үзілді-кесілді бас тартады. Патша өкімдері соның соңына түсіп қудалап, қуғындай бастайды. Сегіз өзінің және туған халқының патша өкімдерінен жөбір-жапа шеккенін өз жырына өзек етеді.

Осыдан кейін Сегіз сері ел ішінде бүліншілік жасаған жазалау отрядының іс-әрекетіне ашықтан-ашық қарсы шығады. Батыс Сібірдегі патша өкімдеріне қарсы қол жинауға дайындалады. Оны мына бір өлең шумағынан көреміз.

қарым-қатынаста болуын, етене жақын болғанын айыру қиын емес. Сегіз сері әулеті мен Барлыбаевтар әулеті сол уақыттағы замана жүгін бірдей көтерді. Өз халқының жер-суынан айырылып, қоныссыз қалған мүшкіл халын бірге көрді. Халқының Ресейден жөбір-жапа көргеніне куә болды. Барлыбаевтар ел басқару және саясат саласында елге қорған болса, Сегіз сері Сартай бабасынан бастап отаршылдарға қарсы қару жұмсаған адамдар. Яғни «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жүрген жандар. Сондықтан да Сегіз серінің қоғамдық қызметі мен шығармашылығына арнайы тоқтағанды жөн еттік.

Сонау Қожаберген жыраудан келе жатқан Керей шежіресін Сегіз сері және оның балаларынан кейін жалғастырып, оны жүйелі түрде хаттап архивке тапсырған да Барлыбаевтар екен.

Барлыбаевтар мен Сегіз серінің туыстық жағынан да жақындығы бар, екеуі де де Көшебе руынан тарайды.

Барлыбаевтар Сегіз серінің шежіресін ғана емес, шығармаларын да жинастырып, қазіргі уақытқа жетуіне себепші болған. Төшмұхамед (Төштит) Барлыбаев Сегіз серінің «Наурызбай-Ханшайым» және біраз жырларын Орынбор қаласында өз қаражатымен баспадан бастырып шығарған. Оған Нұржан Наушабаев (1859-1919 жж.) ақынның «Жүсіпбекке» деген өлеңі дәлел:

Сегізді Керей Төштит көзі көрген,

Жырларға ол шығарған көңіл бөлген.

«Наурызбай - Ханшайымдай» Сегіз жырын

Жағырафия мақкамасына өкеп берген.

Жүсіпбек, қарғыс алма дүйім елден

Жинаған адамсың ғой қиссаны елден

Сізбенен біз тумастан бұрынырақ,

Бұл дастан Орынбордың қаласында

Төштиттің арқасында жарық көрген.

Жоғарыда айтқанымыздай Барлыбаевтар мен Сегіз сері әулеттерінің өмірлері тамырлас, өзектес болып, өмір деректері бірін бірі анықтай, таныта түсетіндігін ескеріп, Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығына тоқталайық.

Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) 1818 жылы ескіше барыс жылы Наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты «Благовещенский» совхозының жеріндегі Гүлтөбе – Маманайда Вұқпа көлінің жағасында Қожаберген ауылының өнерпаз азаматы Баһрам батырдың семьясында дүниеге келеді. Төбей Барлыбаевтың Қазақ ғылым академиясына тапсырған көне тарихы бар «Керей шежіресінде» Мұхаммед-Қанафияның Сегіз сері аталуына түсінік береді.

Жас кезінен-ақ Сегіз қырлы бір сырлы өте өнерпаз жігіт болып өседі. Өнші, ақын, күйшілігімен қоса, палуан, саятшы, атбегі және он саусағынан өнер тамған шебер болады. Осындай жан-жақты өнерпаздығына төнті болған ел Сегіз сері деп атап кетеді.

Сегіз серінің өке-шешесі ерте қайтыс болғандықтан, Шақшақ атасының тәрбиесінде болады. Алдымен ауыл молдасынан хат танып, одан кейін Болатнай, Қызылжар медреселерінде оқиды.

Сегіздің атасы Шақшақ Көшекұлы көзі ашық, ойшыл, өнерлі адам болған. Сегізді 1828 жылы – тышқан жылы Омбы шаһарына апарып, ондағы Сібір қазақ-орыс әскери училищесіне оқуға береді. Ол Омбыда алты жыл оқиды. Оның екі жылы орысша сауат ашу мектебі де, төрт жылы мамандық бойынша оқу еді. Омбыдағы шәкірт кезін еске алған бір өлеңінде Сегіз сері:

Орысша білім ал деп атам Шақшақ

Оқытты алты жылдай ұстаз жалдап, – дейді.

Сегіз серінің халық арасындағы беделін, батырлығын, орысша сауаттылығын жақсы білетін сол кездегі патша өкімдері оны өз мақсаттарына пайдаланғысы келіп, жазалаушы отрядтың құрамына ресми қызметке шақырады. Бірақ халқын сүйген Сегіз ондай қызметтен үзілді-кесілді бас тартады. Патша өкімдері соның соңына түсіп қудалап, қуғындай бастайды. Сегіз өзінің және туған халқының патша өкімдерінен жөбір-жапа шеккенін өз жырына өзек етеді.

Осыдан кейін Сегіз сері ел ішінде бүліншілік жасаған жазалау отрядының іс-әрекетіне ашықтан-ашық қарсы шығады. Батыс Сібірдегі патша өкімдеріне қарсы қол жинауға дайындалады. Оны мына бір өлең шумағынан көреміз.

**Болсамда өз елімде жүйрік жорға,
Еріксіз жорықшылдық түстім жолға
Патшаға қызмет етпей кете бардым,
Тұрса да бар мүмкіндік біздің қолда.**

Жазалау отрядының әскерлері Керей елі ішінде қол жинап жүрген Сегіз серіні ұстауға аттанады. Сегізге қатердің тұрғанын сезген Керей елінің басшылары: Тоқсан би, Есенеі Естемісов, Төбей Барлыбаев, Итемір Барлыбаевтар Сегіз серіге уақытша Кіші жүз еліне кетуге ақыл береді. Осы ұйғарымға келіскен Сегіз сері қасына батыр, ақын досы Мадияр Керей Нияз серіні ертіп өзін ұстауға келген жазалау отрядының қоршауынан сытылып шығып, Кіші жүз еліне сапар шегеді. Ол турасында бір өлеңінде былай дейді:

**Астымда қос тұлпарым арымады
Жендеттер бізді қуып жарымады.
Қақ жарып жаудың тобын өте шықтым
Түскен доп зеңбіректен дарымады.**

Жоғарыда есімдері аталған адамдар және ел-жұрты кіші жүз еліне аттанып бара жатқан Сегіз серіден ештеңе аямайды, жол азығын қамдап, қолдарынан келген көмектерін жасап, алдынан сөт-сапар тілейді. Сөйтіп Сегіз сері мен Нияз сері ел-жұртының көмегімен патша әкімдерінің құрығына ілінбей аман құтылып кетеді.

Енді Сегіз серінің Кіші жүз, Сыр елінен оралу жайына тоқталайық. Сегіз сері қашқын боп Кіші жүзге кеткесін-ақ Керей-Уақтың ел басшылары – старшындары мен билері – Есенеі Естемісов, Төбей Барлыбаев, Итемір Барлыбаев, Құндықбай Мамашев, Біркен Малқаров, Тастан Меңдібаев, Тілеп Байкүшіковтар Батыс Сібір губерниясына Сегіз серіге кешірім жасап, елге оралуға ұлықсат сұрап өтініш жазады. Арыз жазуды ұйымдастырушы орысша сауатты, орыс әкімдерінің арасында беделі жоғары Итемір Барлыбаев болады. Бірақ губерния әкімдері арызды қанағаттандырмайды, өйткені Сегіз серінің Исатай-Махамбет көтерілісін қолдап, қол жинап, патша әскерлерімен қақтығысып қалып жүргені туралы хабар бұл жаққа да жетеді.

Арада екі жылдай уақыт өткесін Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі басылып, көтеріліске байланысты жазалау жұмысы аяқталғасын, ел басшылары тағы да ақтау жолын қарастырады. Бұл жолғы ақтау, кешірім жасау туралы жазылған арызға Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уалиханов, атақты билер мен старшындар Төбей, Төттімбет (атақты күйші), Балғожа (Ыбырай Алтынсариннің атасы), Шөңке, Жарылғамыс, Тұрлыбектер қол қояды. Губерния өкімдері бұл жолғы жазылған арызды амалсыздан қанағаттандырады. Өйткені, қол қойған адамдар ел ішіндегі ең беделді адамдар болғандықтан бір жағынан сескенеді. Екіншіден, Кенесары қозғалысына қосылып кетеме деп қорқып Сегіз серіні жоғарыдағы сенімді адамдардың кепілдігіне ұстауды жөн көреді. Бұл ақтау ісіне Шыңғыс Уалихановтың араласпай қалуына мүмкіндік болмай қалды. Өйткені, Шыңғыс пен Сегіз сері Омбының әскери училищесінде бір кезеңде бірге оқыса, ел басшылары да Шыңғыстың қол қоюын талап етті. Сөйтіп, Сегіз сері жоғарыдағы есімдері аталған адамдардың кепілдігімен туған еліне оралды. Сегіз сері 1854 жылы ұзаққа созылған аурудан қайтыс болады.

Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығына аз да болса тоқтала кеткенді жөн көрдік, өйткені жоғарыда айтқанмыздай, Сегіз сері Барлыбаевтар өулетімен ағайындық, достық қарым-қатынастан айырылмаған. Сегіз серінің Төбей, Итемірлермен жіктері жазылмай өтсе, балалары Мұстафа, Мұсайындар Төштит Төбейұлымен, Күзембай Итемірұлымен, Көкен Барлыбай ұлдарымен аралас-құралас, ағайыншылықтарын сақтап өткен.

Сермағамбет Барлыбаев

Барлыбаевтар өулеті жайында осы кітапты жазуға көп көмектескен қазіргі Барлыбаевтардың үлкені Сермағамбет ақсақал. Оқығаны көп болмаса да тоқығаны көп Серағаң өзі шыққан өулеттің арғы-бергі шежіресін жетік біледі.

Сермағамбет Барлыбаев Әлти қажының «Бибадай» қыстауында Садуақастың інісі Сейітахметтің отбасында 1925 жылы өмірге келеді. «Менің Сөруарымның соңынан ер бала болмай

түр, сенің Сабырың бар, тағы болар», – деп, Садуақас нәресте Сермағамбетті бауырына салып алады.

«Садуақас өкемнің бауырында тым ерке өсіппін, отбасында сол өкемнен қорқып маған ешкім тыйым салмаса керек. Туған шешемнің өзі өкем Садуақастан қорқып ұрыса алмай, шөлкес істерімді кешіріп отырыпты. Сол жас кездегі өкемнің арқасында еркін өскен мінездерім болар, қазір де жасыма қарамай қандай орта болмасын өзімді еркін ұстаймын. Бірақ, – дейді Серағаң, – өкеміз қанша еркелетсе де еңбек етуге үйретті. Жас кезімізден бастап үй ішінде атқаруға тиісті жұмысымыз болды. Бой басымызды таза ұстауға, ештеңені ысырап қылмауға баулып отырушы еді» – деп Серағаң жас шағын еске түсіреді. Сол кездегі заманның ағымына қарай бұл кісі де фамилиясын біресе Көкенов, біресе Сейітахметов, біресе Барлыбаев деп жүрген.



Осы кітапты жазу барысында Серағаңмен жиі кездестік. Бізді туыстарының, балаларының үйлеріне алғызып, еркін, кең әңгімелесуге мүмкіндік тугызды. «Ақылды қария – ағынды

дария» деген ғой, өкесі Садуақас жайлы, Төбей, Итемір, Алжыған Барлыбаевтар, олардың ұрпақтары жайлы тың деректі өңгімелер айтып отырды.

– Атамыз Өлти қажы, – дейді Серағаң, – тұқым қуушылыққа (генетика заңына) сенетін. Ер бала туа қалса ұлағатты адамдармен бесік құда болады екен. 1913 жылы туған Садуақас өкемнің баласы Сәруарға 1915 жылы Көшкенің Жақыбының қызы Көтираға бесік құда түседі. Көшкенің Жақыбы 1928 жылы Төңкеріс (қазіргі Жамбыл ауданы) ауданынан Ақтөбе жеріне бірге жер аударылған Керей руы Самай атасынан тарайтын атақты адамы екен.

1921 жылы туған Сабыр ағама 1922 жылы Таузар Көшебенің Сөпі деген атақты адамының немересі Қабдолланың қызы Әнузаға бесік құда түседі.

1925 жылы туған маған 1926 Керей ішіндегі Алдай атаның кезінде болыс болып ел билеген Жүкеннің Бекісінің қызы Құсыниға бесік құда түседі.

Үшеуіміз де атамыздың батасын бұзбай, бесікте құда болған қыздарына үйлендік, – дейді Серағаң.

Жоғарыда айтқанымыздай Серағаң – қазіргі Барлыбаевтар ұрпағының ең үлкені, ұйытқысы, ақылшы адамы. Осы өулет ішінде болып жататын той-думандар Серағаңсыз өтпейді. Есмағамбет деген баласының қолында тұрғанымен басқа балалары кезектесіп, таласып өкете береді екен. Серағаң қай баласының үйіне келсе, сол үйдің дастарханын мерекелік дастарханға айналдырып, бәрі сол үйге жиналады екен. Серағаң да үлкенмін демей балаларымен, қыздарымен, келіндері-немерелерімен ойнап-күліп, думандасып, жарасып отырғанын талай көрдік.

Бір күні осындай дастархан басындағы мәжіліс дәрігер қызы Күләштің үйінде болды. Серағаң 1952-1955 жылдар арасында әскерде қызмет (служить) еткенін, төрт кластық қана білімімен штапта «писарь» болып істегенін өңгімелеп отыр еді, тамақ дайындап жүрген Күләш өкесінің өңгімесін естіп жүрсе керек:

– Папа, это не честно, ағаларға өскерде «писарь» болғаныңды айтасың да, тамақ істейтін қазанға түсіп кеткеніңді айтпайсың, айтқасын бәрін айту керек, – деді Күләш.

– Күләш дұрыс айтады, жасырмау керек, – деді басқа қыздары Күлбөршін мен Қадиша күлісіп.

– Бұлардың бәрі жабылып кетті, айтпауға да болмайды, – деп бір күліп алып «қазан» уақиғасын бастады.

– Бір күні өскерде аспазшылық орында кезекшілік еттім, бұл жұмыстың бір қиыншылығы – болғаннан кейін биіктігі кісі бойындай қазанның түбін тазалау, әсіресе көпші пісірген қазанның түбін қырып тазалау оңайға түспейді. Менің аласа бойым қайдан жетсін, аяғымның астына жөшік қойып еңкейіп қазанның түбін қырып жатыр едім, байқаусызда қазанның ішіне құладым, майлы қазанның биіктігі төбемнен келді. Аяғымда керзовый етік, сол күні жер саз болар ма, етігім де сазбалшық екен. Қазаннан көмексіз шыға алмайтынымды білсем де артынан көріп алармын деп еңкейіп қазанның түбін тазалай бердім. Денемнің кішлігінің пайдасын сол жолы көрдім, қазанның ішінде ұршықтай үйірілдім.

– Это что такое? – деген дауысқа шошып кетіп жоғарыға жалт қарасам, майор дәрежесіндегі штабтың шаруашылық жөніндегі бастығы екен, маған күлерін де, ұрсарын да білмей төбемнен қарап тұр.

Өскерде осындай бір қызық уақиға болып еді. Өзімнің де ашық ауыздығым ғой, осыны айтатын нем бар еді, енді міне, «қазанға түскеніңді жұртқа айтып қоямын» – дейді де отырады бұлар», – деді Серағаң.

Осы сияқты отырған жерін думандатып отыратын Серағаң бес уақыт намазын оқып балаларының амандығын тілеп отырса, балалары да ыстық ықыластарымен қадірлі қарттарын аялап ұстауда...

Сермағамбет ақсақал 2001 жылғы ақпан мен наурыз аралығында мұсылмандықтың тағы бір парызын атқарып, Меккеге қажылыққа барып қайтты. Сөйтіп, Серағаң арғы аталары Әлти қажы, Алжыған қажы, Ақыш қажылар жолын

қайталап қажы атанып оралды. Біз Серағаңның Мекке сапарына аттану, оралу салтанатының куәсі болдық.

Жол құрбандығы Явленка аулындағы өзінің үйінде, аудан орталығындағы мешіт үйінде, Бескөл ауылындағы Аймағамбет, Қызылжар қаласындағы Күләш қыздарының үйлерінде де шалынды. Теміржол вокзалынан шығарып салу салтанатына Барлыбаевтардың әулеті тегіс қатынасып, әкелеріне жол амандығын тілеп шығарып салды. Жолына гүл шоқтарын шашып, оң сапар тіледі. Ауылдас ақын Серік Сәлменұлы өзі шығарған өлең шумақтарын оқыды.

Жолың болсын, Серағам
Аман барып сау қайт!
Біз көрмеген ол жаққа
Баршамыздан сәлем айт.

Атағың кетсін шарықтап
Үстінен сансыз белдерің.
Алыстағы елдерден
Аман-сау жетпi үйге сен.

Үмітті қуып барасың
Ортамыздан шыққандардың
Алла оңғарсын жолыңды
Бұйырса қажы боласың.

Жақсы көріп сыйлайтұғын атамыз.
Осы болсын Сізге берген батамыз.
Алыс жолдан есен-аман келгенше
Тілектес боп мұнда біз де жатармыз.

14 наурыз 2001 жыл. Алматы – Петропавл жүрдек поезымен Мекке сапарынан оралып келе жатқан жолаушыларды қарсы алуға жиналған халықта есеп жоқ деуге болады. Соның ішінде Сермағамбет ақсақалды қарсы алушылардың саны басқалардан әлдеқайда басым. Бұл жолы да Серағаңды қарсы алуға бүкіл

Барлыбаевтар өулеті мен жақын іліктері, дос-жарандары тегіс жиналған.

Құшақтасу, сүйісу, сағыныш сөздер айтылып, әсіресе, балаларының қуанышында шек жоқ. Осы бір көріністі көріп, қазақтың қатты қуанған адамға: «Немене?! Өкең Меккеден келіп пе еді?!» – деген сөзінің нағыз өмірден алынғанына көзінді жеткізесің. Сөйтіп Серағаң 25 күн жүріп Мекке мен Мединеде болып қажылықтың барлық рәсімін жасап қажы атағын алып келді. Бұл туралы оның паспортында арнайы белгіленген.

Осы жолы Серағаңды қарсы алуға жиналған адамдар мінген мәшіндер легі Бескөлдегі Аймағамбет баласының үйіне тоқтады. Аймағамбет үйінің дастарқанының үстінде айтылған амандық-саулықтан кейін Серағаң қажылық сапарынан алған өсерін ұзақ өңгімеледі. Қасиетті Қағбаның алдында балаларының, бүкіл ел-жұртының амандығын тілеп жалбарынғанын айтты. Балаларына, ауылдастарына рахметін айтып, қалған өмірінде сол амандық үшін Құдайға Құлшылық қылатынын айтты. Келесі күндері ауыл адамдары Явленка мешітінде Серағаңның құрметіне қайырымдылық ас берді.

14 сәуір 2001 жылы жүріп-тұруға жыл мезгілінің қолайсыздығын және көптеген туыс-жекжаттарының алыс жерлерде (Түмен, Омбы, Қорған) тұратындығын ескеріп, Сермағамбет ақсақалдың бөйбішесі Құсникөмалдың жылын және Меккеден оралу құрмалдығын бір күнде берді. Түс өулетінде жылын, кешке құрмалдығын өткізді. Құрмалдық рәсімінде жиналғандар Меккеден өкелінген зәмзәм су ішіп, Меккеде құдайға құлшылық етушілер жайында түсірілген бейнефильм көрді, аудандық мәдениет бөлімінің арнайы концерттік бағдарламасын тамашалады. Аналарының асын және әкесінің құрмалдығын Есмағамбеттің өзі басқарып, өте жоғары дәрежеде өткізді.

Осы жиында да Сермағамбет ақсақалды балаларының, туыстарының ауылдастарының қатты қадірлейтінінің куәсі болдық. Жиын үстінде тағы да сол Серік Сөлменұлы Серағаңның Мекке сапарынан оралуына арнап шығарған өлеңін оқыды.

1. Кездесер сөттегі ішкі сезім.

Жүректеріміз гүпілдеп,
Сөйлескенде күпілдеп,
Шаттығымыз шүпілдеп,
Кездесер сөтті күттік біз.

2. Келіп түскендегі айтылған ойлар:

Ассалаумағалейкум, сәлем бердік қажы ағама,
Жақсы хабар тарады ел ішіне далаға да.
Ағамыздың Меккеден келуіне
Қуанып тұр үлкен-кіші балалар да.
Жүздескенде көңіліміз тасыды ғой
Апалардың шашулары шашылды ғой
Айналайын пейілі кең халқымнан.
Құшағы мен дастарханын жайып қарсы алды ғой.

3. Баршамыздың тілегіміз:

Ұзақ болғай ғұмырыңыз, қажы аға
Елдің қамын ойлайтын, асыл аға,
Ұрпағыңыз өркендеп өсе берсін.
Тілеуіңізді берсін сізге бір алла!

Құрмалдық соңында Серағаң жиналғандарға өзінің жүрек жарды рахмет, көңіл қоштығын айта келе, өзінің өлеңін оқыды.

Ассалаумағалейкум, ардақты елім,
Сусыны мен ауасын жұтқан жерім.
Алланың жазуымен Қыдыр қолдап,
Меккеге аман-есен барып келдім.

Қуанамын өздеріңді көргеніме
Төубе қылам төңірімнің бергеніне.
Ғажайып күйге түсіп толқығанда
Арнадым ішкі ойымды өздеріңе.

Ол жақта еске алдым елімді
Немерелерімді, балам мен келінді.
Алладан мінәжат қып мен сұрадым
Қабыл ете гөр деп тілегімді.

Қаптаған халық ортасында,
Қасиетті қара тастың дәл қасында,
Қиналып жүрген кездерімде
Ойыма алдым елде қалған өздеріңді.



Құлшылық еттім екі тізем дірілдеп,
Өзіммен өзім күбірлеп.
Сауабы тисін деп төңірімнің
Аттарыңды атадым осы отырған бөріңнің.

Ризамын, ағайын, жолдас, бауырыма,
Жиналып қарсы алған қауымыма.
Құдайдан жалбырынып тілей берем,
Сапарымның сауабы бөріңе де даруына.

Осы жиында Омбыдан келген Қайни анадан (Зейноланың жолдасы) Серағаңның анасы Мөржаманың Ақтөбе жерінде жер ауып жүргенде шығарған өлеңінен төмендегідей үзінді жазып алдық:

Дариға, өткен күнді сағынамын,
Ойлсам ақыл-ойдан жаңыламын.
Ақ Орда алты қанат үйім қайда?
Баяғы елде жүрген күнім қайда?

Екі ара, айналайын, сүйенішім,
Көршілер, көздерің сал құдай үшін.
Пашынан қара құндыз тер сорғалап
Жүреді жалшы болып біздің үшін.

Ақ маңдай, ала көзді Өнуарым,
Аққудың баласындай талпынғаным.
Жерінде Ақтөбенің Өнуар қалған
Қалайша қиям сені, балапаным.

Қағида, Қабиба мен Серке, Сабыр
Есікте екі көзі елді іздеген...

Өкінішке орай, ұзақ өлеңнің шумақтарын Қайни апамыз бұл жолы есіне түсіре алмады. Оған кінә да жоқ: көп жыл өтіп кетті ғой.



Қадиша Елеукеқызымен сұхбат

2001 жылғы мамыр айының 12-сі күні Қызылжар қаласында Игібай мен Күлбәршіннің үйінде Қадиша Елеуке қызы Ебіней келінімен кездестік. Бұл кісі 1930 жылы қазіргі Есіл ауданындағы Жарғайын ауылында дүниеге келіпті. Әкесі Елеуке Жақанлық баласы – руы Атығай, шешесі Айша Тұрғынбай қызы – руы Самай.

1947 жылдың басында қысты күні Қадиша әкесімен (шешесі бұрын қайтыс болған екен) Сенжарқадан 4-5 шақырым жердегі Белкин деген ауылда тұрыпты. Бір күні бұлардың үйіне екі шанамен біраз кісілер келіпті. Ол келгендер Бейсенбин Ебіней, баласы Жарас, Әлтиев Сейдахметтің баласы Сабыр, Бике Тасболат тағы басқалар – барлығы 15 шақты кісі. Бұлар Ебінейдің баласы Жарасқа Елеуке ақсақалдың осы Қадиша деген қызына құда түсіп өпермекші болып келген екен. Ебінейге бұл қызды айтып жөн сілтеген Бейсенбі қажының ағайыны Мөкентай екен. Елеуке қария Бейсенбі қажыны да, Мөкентайды да, Ебінейді де бұрыннан біледі екен. Олардың тұрмысына, адамгершілік қасиеттеріне қанық екен. Сондықтан ол қызын Жарасқа қосуға қарсы болмапты, тек қызының өзінің ризашылығы білсін депті.

Келген құдалар 4-5 күн сөйлесіп қызды көндіре алмайды. Содан сол кезде 42 жастағы Ебіней өзі барып қызға тілегін жеткізеді. Жарастың сырт пішіні көз тоярлық көркем болса керек. Қыз қанша көнбегенмен, бір жағынан жүрегі теріс те көрмейді. Ең соңында туған апасы Бибіш келіп осы жігітке бар, айрылып қалма деп қолқа салғаннан кейін қыз жарайды барайын деп көнеді. Апасы қуанып басқа құдаларға хабар береді. Құдалар жағынан Бейсенбінің Шаймолдасының қызы Шәрбан жүгіріп келіп қуанып Қадишаның бетінен сүйеді. Құдалар қуанып Қадишаны алып қайтады. Бұл кезде Ебінейлер Қорған облысының Частозер ауданына қарасты Дроновка деген селода тұрады екен.

Бұл кезде Жарас 21-де, Қадиша 17-де. Бұлар ата-енесі Ебіней мен, оның әйелі Қапиза Жәйке қызымен бірге тұрады. Соңынан

аудан орталығы Частозерге көшіп, барлығы сонда көп жыл бірге тұрады. Бейсенбі қызы Мәлике Ебінейдің жас кезінде Бике Таласбай Құрманғалиұлына тұрмысқа шыққан екен. Олардан төрт бала туған: Шөпкей деген қыз және Мейрам, Исқақ, Сәмет атты үш ұл. Мейрам соғыстан оралмады. Соңғы екеуі ауырып қайтыс болды. Шөпейден туған жиен Әлібеков Октябрь Алматыда ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, көп жыл газеттерде редактор болып істеген, белгілі журналист, қазір пенсияда, отбасымен Астанада тұрады.

Ебінейдің Жарастан басқа Мөркен, Әзира атты екі қызы болған. Мөркенді Қадияша келмей тұрып 1947 жылы Әубәкір Алатайұлына ұзатқан екен. Олардан төрт ұл, бес қыз туған Әубәкір қайтыс болған. Басқалары аман-сау жүріп жатыр.

Әзіраны 1953 жылы Қадияшаның өзі Бике Аманжол Азнабай баласына ұзатты. Оның әкесі Шөбі шешен. Әзира қайтқан. Күйеуі бар.

Мөркеннің үлкен ұлы Қабдәш Сүрікбелов Астанада Ішкі істер басқармасында істейді. Екінші ұлы Қабдолла Көкшетау маңында бір селода тұрады, Ырысты деген қызы Қызылжар қаласында бір мекемеде компьютерде істейді. Жолдасы Сапаров Асылбек.

Бейсенбі қажының Мәликеден басқа – 4 қызы, екі ұлы болған. Бір қызы Қантай Сүлейменге тұрмысқа шыққан. Оның баласы Қабікен Армизон ауданында тұрады. Үшінші қызы Мөржама Әлтидің Сейдахметінің әйелі. Төртінші қызы Шағалақ Самай Шынтемірдің Тұрғынының әйелі.

Бесінші қызы Ұмсынтай Балта Қосшығұлдың Сыздықбайының Садағына тұрмысқа шыққан. Олардың ұрпағы Түмен облысының Құлшыман ауданында тұрады.

Бейсенбінің үлкен ұлы Шөкентай ауырып қайтқан. Ал екінші ұлы Шаймолда 25 жасында болыс болған екен. 1921 жылы қызыл әскерлер келген кезде екі солдат оңы үйінен арбаға мінгізіп алып шығып бір ағаштың жанына тоқтап жапырақ сындырып әкел шыбыннан қорғайтын деп жұмсаған. Ол ағашқа қарай кетіп бара жатқанда артынан атып өлтірген. Оны көрген адамдар өлгі атқан екеуін ауылға әкеліп қолдарын байлап, Шаймолданың

туыстарына ал мыналардан өштерінді алыңдар дегенде, ешкім оларға тиіспеген. Өйткені арты неге соғарын білмей қорыққан.

Бейсенбі қажының өзін жаяу айдап өкеле жатқанда жаздың ыстық күнінде жолда түтігіп өлген. Бұлар сол Бике (қазіргі Мамлют ауданындағы Ленин ауылында) ауылындағы зиратта жерленген. Ебіней соңынан сол қажы мен оның балаларының басына ағаштан қиып үй салдырған. Сол үйдің жұрнағы өлі бар.

Бейсенбінің өзі де, кейін баласы Шаймолда да болыс болған. Олардың алты бөлмелі үлкен ағаш үйі болыпты. Ол үйді кейін бұзып Орталық ауылына апарып мектеп салғызған. Сол мектеп үйі бертінде (90 жылдардың басына дейін) тұрған.

Шаймолдадан – Шөрбан, Зада атты қыздар қалған. Шөрбаннан туған Тоқаев Есләм Есниязұлы қазір Макушин ауданында тұрады.

Қарттардың айтуынша, бірде Бейсенбі қажы көрген түсін айтыпты. Ол түсінде дәрет алатын күмістеген құманын Ебіней ұстап отыр екен. Соны өзі замандастарына: Түбінде менің шаңырағыма Ебіней ие болып қалады екен деп жорыпты. Ақыры айтқаны келіп Ебіней сол Бейсенбі атасының шаңырағына ие болып қалған ғой.

Осы шаңыраққа келін болып түскен Қадиша ата-енесін, олардың барлық ағайын-туғандарын сыйлап отырыпты. Сол үйді жүдетпей еңбектеніп, келген қонақтарды күтіп баталарын алыпты. Енесі Қапиза қайтқаннан кейін атасы Ебінейді 14 жыл бағып күтіпті. Атасы Ебіней де елге сыйлы адам болыпты. Ол 1982 жылы июльдің 26-сында 92 жаста қайтыс болғанда туыстары Мөкентаев Сұлтан: «Ебіней атамыз Бейсенбінің шаңырағын осы күнге дейін құрметтеп ұстап келгеніне біз бөріміз ризамыз» – депті.

Қадиша қайын атасы Ебінейді де өмір бойы сыйлап өткен, ол кісі қайтқанда да қазақтың салтымен шарифаттың заңымен аттандырып, ел-жұртының алғысын алған. Сол үлкендердің алғысы мен батасының септігі де тиген шығар – қазір, құдайға шүкір, сол аталарының шаңырағын ұстап аман-сау отырғанымыз – дейді өзі. Атасы мен енесі де сол Ленин ауылының зиратында жерленген.

Жарас екеуінің үш қызы бар. Үлкені Сәруар Нәукен Арықбаев деген жігітке тұрмысқа шыққан. Ол атасының фамилиясын сақтап Бейсембина болып жүр. 12 жыл аудандық партия комитетінде, кейін кітапхана меңгерушісі болып қызмет істеді. қазір Частозерде үйінде мал ұстайды, сауда-саттықпен айналысады.

Екінші қызы Алтын Астанада жасуландар даярлайтын әскери училищеде орыс тілі мен әдебиетінен 22 жыл бойы сабақ береді. Жолдасы Қизат Нұрмағамбетов.

Дәметкені Астанада тұрады. Қорған пединститутын бітірген, ағылшын тілінің маманы. Осы пәннен медициналық колледжде 8 жылдан бері сабақ беріп келеді.

Жарас пен Қадияша үлкен қызы Сәруармен сол Частозерде тұрады. Астанадағы қыздарына да жиі қатынасып тұрады.

Қадияша Бейсенбі қажының 24 таспалы тобылғы сапты қамшысын және шай ішкенде шөшке таситын подносын осы күнге дейін киелі заттардай үйінде сақтап отыр.

Бейсенбі қажының шежіресі Еменалыдан – Өлтізер (Бике), одан – Малай. Малайдан – Орман батыр, одан – Бекшебай, Құдайберген. Құдайбергеннен – Қаракөт, одан – Бейсенбі, Бейсенбі кезінде Меккеге барып қажы атағын алған, өрі болыс та болған.

Жоғарыда Қадияша анамен болған әңгімені неге толық ұсынып отырғанымызды оқырманымыз түсінген болар.

Дегенмен айта кетейік: Ебіней және одан тараған балалар Садуақас Өлтіұлының өз белінен тараған ұрпақтары. Оның қалай болғаны жайлы кітабымыздың алдыңғы бөлімінде жазылған. Есімі біздің өңірге кеңінен танымал Бейсенбі қажы осы ұрпақтың түп нағашысы.



БАРЛЫБАЕВТАРДЫҢ БҮГІНГІ ҰРПАҒЫ

Барлыбаевтардың қазіргі ұрпағы дегенде біз Сейітахмет Өлтиұлынан тараған ұрпақ жайлы айтпақпыз.

Сейтахметтің үлкен баласы Сабыр 1939 жылы 18 жасында 15 жасар Қабдолла қызы Өнузаға үйленді. Екеуінің отбасында 15 бала өмірге келеді. Олар: Қайыргелді, Күлзайра, Нұрмағамбет, Аймағамбет, Баймағамбет, Есмағанбет, Амангелді, Нағашыбай, Өнуәрбек, Баян, Ақан, Күлбөршін, Күләш, Қадиша, Сәуле. Балаларының үлкендері Қайыргелді мен Күлзайра жастай дүниесалған. Нұрмағамбет қайғылы қазаға ұшырады.

Бір айта кетейік дегеніміз, Барлыбаевтардың кейінгі ұрпақтары да аталарындай өз заманында оза туып, облысқа танымал азаматтар болды. Кеңес үкіметі кезінде аудан, совхоз ұйымдарын басқарса, үкімет құлап, Республикамыз егеменді ел болған кезде бұл әулеттің ұрпағы базар экономикасына тез бейімделіп бірінші болып шаруа қожалықтарын құрды. Өз замандастары арасында ел басқарушылық істерімен, еңбекшілдік қасиеттерімен, іскерліктерімен ерекшеленеді. Мектеп жасындағы балалары мектепте үздік оқып, көпшілігі мектепті «Алтын белгімен» бітіріп жоғарғы оқу орындарында әр түрлі мамандық алу үшін оқуда.

НҰРМАҒАМБЕТ

Жоғарыда айтқанымыздай Нұрмағамбет Қорған облысының Мокроусов ауданындағы Семизкольский совхозының Стекланный деген фермасында 1946 жылдың 3 наурызында дүниеге келген. Бірінші класқа оқуға 1953 ж. Солтүстік Қазақстан облысының Соколов ауданындағы Дубровное селосының жетіжылдық мектебіне барған.

1964 жылы Қорған облысы Петухов ауданындағы Вольше-каменское селосында орта мектепті тәмамдағаннан кейін 1965 жылы апрельден 1968 жылғы мартқа дейін осы ауданның Энгельс атындағы колхозында тракторист, комбайнер, учетчик болып істейді. 1968 жылдың мартынан 1971 жылдың августына дейін Мамлют ауданының Беловский, Дубровный совхоздарында агроном, агроном-семеновод қызметін



Нұрмағамбет

атқарды. 1971 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын сырттай оқып бітіріп – агроном дипломына ие болады. Осыдан кейін сол 1971 жылғы августа Мамлют ауданының Покровский совхозының бас агрономы болып тағайындалды. Осында бірер жыл істегеннен кейін, ол 1972 жылдың май айынан 1975 жылдың шілде айына дейін тағы да Беловский, Дубровинский совхоздарында агроном болды. Сол Дубровинский совхозында қызмет істеп жүргенде Нұрмағамбет Қазақстанның бір топ еңбек озаттарымен бірге Египет еліне саяхатқа жіберілді. Онда ол 1975 жылғы 26 ақпаннан 21 наурызға дейін бір айдай болып көптеген қызықтарды көріп, бірсыпыра адамдармен танысып, достасады.

Арнайы айта кету керек, Нұрмағамбет осы сапарында көрген-білгендерін күнбе-күн қағазға түсіріп күнделік жазып отырыпты. Сол күнделігінің бірінші бетіне «Барлыбаев Нұрмағамбет. Дневник. Петропавловск – Египет. 26/п – 21/III – 1975 г.» деп жазыты. Енді осы күнделіктен бірер үзінді келтірейік:

«26/II-75 г. День первый.

Поезд № 87, Новосибирск – Одесса. Отправление из Петропавловска 8-30. Москвы. Вагон – 8, III, 4 человека – туристы. Расположились неплохо. Обедали в вагоне-ресторане. Ужин отметили в купе. Впервые играли в карты. Проехали

города: Курган, Челябинск, Уфа и многие другие. Почти на всем пути погода была пасмурной. Изредка падал хлопьями снег.

27/II-75 г. День второй.

Проснулись в 6 час. Москвы. Подвели часы по Москве. Заказали чай. Позавтракали по-среднему. День выдался ясным. Чувствуется приближение «Запада». Снег на перроне тает. В 11-25 прибыли в г. Куйбышев. Вышли из вагонов, прошли по вокзалу. Здесь уже абсолютно тепло. В 1-40 проехали р. Волга. Проехали Пензу. Снегу мало.

1/III-75 г. День 4-ый.

Проснулись в 4 часа утра, от определенной суеты в вагоне. Утренний туалет. Собрали постель, переоделись в обычную форму. В 5-40 прибыли в город-герой. Одесса. Красивый вокзал. Прошли к автобусной остановке и очередным автобусом приехали на пристань. Ознакомились с порядком оформления документов туристам. В 2-30 сели в экскурсионный автобус и побывали в местах боевой славы города Одессы (катакомбы, памятник неизвестному матросу и др.) В 8 часов вечера пустили в теплоход. Приняли душ, написали письмо родным и близким.

2/III-75 г. День 5-ый.

Проснулись в 8-00 утра. Отдохнули прекрасно... До 11-00 получили заграничные паспорта, обменяли деньги на чеки, для расходования в пути на теплоходе в сумме 30 рублей на человека. Ровно в 2 часа дня наш теплоход «Армения» с помощью одного буксира медленно стал покидать пристань Одессы, прошел через морские ворота города и взял курс на Стамбул...

3/III- 75 г. День 6-ой – Мой день рождения!

Ребята проснулись очень рано. Я по случаю своего дня рождения еще потягивался до половины 8-го утра. Вся наша каюта поздравила меня с событием, даже многие наши туристы заходили к нам в каюту и выражали свои пожелания. Отвечал я им всем одним словом – Спасибо!.. По радио объявили, что в 10 часов утра будем проплывать знаменитые ворота в Африку – Пролив Босфор. Все туристы вышли на палубу, каждый искал и выбирал красивое и удобное место. Диктор по радио объявил и рассказывал о проливе Босфор... Мы проплываем под подвесным

мостом через пролив Босфор. Мост строили японская фирма на двух опорах двумя стальными тросами диаметром 600 мм подвешена вся конструкция моста. 120 метров над уровнем моря. Через мост могут пройти в сутки 90 тыс. Автомобилей. В проливе наш теплоход поднял флаг республики Турция, и желтый флаг – знак приглашения, местной карантинной службы на теплоход. И вот желтый катерок стал приближаться к нам и в течение 10-12 минут проходила карантинная церемония. Турки – народ приветливый, улыбки, взаимные приветствия руками... После ужина – снова на палубу. Здесь тепло, только ветер. Проехали пролив Дарданеллы.

5/III–75 г. День 8-ой.

Озабоченные приближением к Александрии проснулись необычно рано... Ровно в 10 утра мы причалили к пристани огромной Александрии...

8/III–75 г. День 11-ый.

Сегодня праздничный день. Подъем 7 ч. утра (раньше обычного). В 8-00 утра все наши туристы собираемся в один из номеров нашей гостиницы, где проводим небольшой праздничный сервис в честь наших женщин. Наш староста преподнес скромные подарочки от имени всех мужчин нашей группы всем нашим женщинам. Было всем весело, празднично...

10/III – 75 г. День 13-ый.

...После завтрака грузимся на паром, переплываем через Нил с Западного на Восточный берег, садимся в автобус и едем в «Долину царей» – место захоронения фараонов...

11/III – 75 г. День 14-ый.

...В 10-15 приехали в шумный, многолюдный Каир... Приехали автобусом в гостиницу «Клеопатра»... Затем поехали на Каирскую башню. Ее высота 187 метров. На высоте 108 метров есть вращающийся ресторан. Мы поднялись лифтом по 10 человек на высоту – 128 метров. Оттуда прекрасная обзорность всего Каира. Видели королевскую пальму (белый ствол).

18/III – 75 г. День 21-ый.

Проснулись в 7-30. Море не спокойное, качает. Прохладно. Расходуем последние боны... Уложили вещи. Ждем Одессу... В 12

обед. Показались окраины Одессы. Ровно в 2-00 сходим на берег. Меняем паспорта на свои советские... Оставили вещи в камере хранения вокзала и направились по магазинам Одессы... Бродили долго. К 7-00 часам вернулись на вокзал... В 11-25 вечера подали наши вагоны поезда № 88, и мы заняли свои места. Чертовски устали. И мы сразу же заснули...»



Нұрмағамбет пен Рахиманың үйлену то

Осы күнделікті оқып отырғанда ойлайсың: шіркін Нұрмағамбет тірі болса кітап та жазар ма еді-деп. Үйткені осы күнделіктің өзінен оның жазуға ыңғайы бар екені көрініп тұрған жоқ па! Қысқа-қысқа сөйлемдермен саяхатшының күнделікті көргендерін қызықты етіп жазған, ешбір артық сөз жоқ. Соның өзінде көптеген қажетті танымдық мағлұматтар беріп отырады. Күнделікті оқып отырып өзің де онымен бірге саяхатта жүргендей боласың! Осы күнделікті туыстары оның өмір жолымен қоса жеке кітап қып шығарса кейінгі ұрпақтарына бағалы ескерткіш болып қалар еді. Біз бұл күнделіктен тек үзінділер келтірдік.

Осы жолы ол (Нұрмағамбет) өзінің келешек жанжары Рахимамен танысады. Бірін-бірі ұнатқан екі жас кешікпей үйленіп, өздерінің жас отауын құрады. Осы сапардан келгеннен кейін 3-4 айдан кейін білікті маманды Мамлют аудандық ауылшаруашылық басқармасы өз қарамағына алып аудан бойынша совхоздардың аға семеновод – агрономы етіп тағайындайды. Ол аудан совхоздарында тұқым дайындау жұмысын жоғары сапаға көтереді.




Жаннаның қолындағы Анара және Марат

Ал 1976 жылғы қарашада Покровка совхозына бас агроном етіп жібереді. Нұрмағамбет аз уақыт ішінде осы совхоздың бұрын құлдырап кеткен егін шаруашылығын алға бастырып, аудан ішінде жоғары көрсеткіштерге жеткізеді. Енді ол облыстық басшылардың назарына ілегеді. Нұрмағамбеттің ауылшаруашылық жұмысындағы жан-жақты іскерлігін байқаған облыстық ауылшаруашылық басқармасы 1978 жылғы наурыз айында оны Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы жаңа ашылған Қарағаш совхозына директор етіп тағайындады.

Мұнда келісімен Нұрмағамбет Барлыбаев білек сыбана іске кіріседі. Жаңа құрылып жатқан совхоздың жұмысы күрделі де қиын еді, өрине. Бірақ жігерлі де білікті отыздан жаңа ғана асқан

жас директор өзінің бар күш-жігерін салып аянбай еңбек етудің арқасында аз уақытта көп жұмыс тындырады. Айналасы бір жылда совхоздың орталығы болған Қарағаш ауылында 11 мал қорасын, 320 орындық мектеп, мәдениет үйін, 31 тұрғын үй салдырып үлгерді. Бұрынғы шағын ғана ауылда қомақты да сәулетті кірпіш үйлерден тұтас бір көше пайда болды. Жас директордың жұмысының нәтижесі Ленин аудандық «Ишим» газетінің 1979 жылғы 31 шілдедегі санында шыққан И. Ошмариннің «Директор» деген көлемді мақаласынан көреміз. Енді сол мақаладан қазақшаға аудармай-ақ қаз-қалпында берейік.



Марат, Жанна, немересі Эльнур

Өттең осы мақала шыққаннан бір айдан кейін, қыркүйектің төрті күні жас директор Айтпаев Тұрар деген бір өумесер маскүнемнің қолынан қаза тапты. Бұл егін орағының қызу жүріп жатқан шағы болатын. Шаруашылық егіннің әр гектарынан 27 центнерден астық алып жатыр еді. Соның алдында ғана 3-ші қыркүйек күні ертең сағат таңғы төртте кеңседе кездеспек болғанбыз, – дейді сол кезде осы шаруашылықта парторг болып

істеген Мәнәп Байматов. Ал Мәнапты сол күні (3 қыркүйек) райкомға пленумға шақырған, бұл Явленкадан үйіне түнгі сағат 1-де келіп жатады да, сағат үш жарымда тұрып кешегі уәде бойынша кеңсеге келе жатса, Мәрзия деген келіншек жылап келеді екен.

– Не болды? – деп сұраса:

– Директорды атып тастапты, – дейді солқылдап.



1979 жыл.

Нұрмағамбет егіс алқабында

Тұрардың інісі Тұрпат өз отбасымен болған жанжалдың салдарынан асылып өлген екен. Соны «сендер өлтірдіңдер» деп

шаруашылық басшыларынан көрген. Осындай ойдағы Тұрар арақ ішіп алып үйінен мылтық алып шығып Нұрмағамбетті және екі кісіні өлтіреді. Әрине, ол тиісті жазасын алды. Бірақ өсіп келе жатқан жас директор, абзал азамат жоспарлаған арманына жете алмай кетті. Артында зар еңіреп сүйген жары Рахима, 2 жасар ұлы Марат қалды. Ал сол жылы 5 маусымда ғана дүниеге келген қызы Жанна өлі ана құрсағында еді.

Міне, содан бері 22 жыл өтіпті. Асыл жарынан айрылған Рахима 1998 жылғы 9-шы мамырда дүние салды. Бүкіл Барлыбаевтар жиналып, оны да өз жолымен арулап, сүйгенінің жанына жерледі. Нұрмағамбет пен Рахиманың балалары жетімдік көрген жоқ. Барлыбаевтар өулеті түгелімен оларды қамқорлыққа алды. Марат Нұрмағамбетұлы Барлыбаев 1994 жылы Петропавл қаласындағы № 10 орта мектепті үздік бітіріп, 1998 ж. Қарағанды мемлекеттік университетінің экономика факультетін үздік бітірді. Сол жылы ол Петропавл қалалық ішкі істер бөліміне экономикалық қылмыстармен күресуші инспектор болып орналасты. Қазіргі кезде ол салық полициясында істеп жүр, аға лейтенант. «Ат тұяғын тай басар» деген ғой. Марат та өз қызметін ұқыпты да тыңғылықты атқаруда.

Жанна Нұрмағамбетқызы Барлыбаева 1996 жылы Явленка орта мектебін бітіріп, 1999 жылы Солтүстік Қазақстан университетінің тарих-филология факультетінің шет тілдер бөліміне оқуға түсті. Қазір сонда оқып жүр. Нұрмағамбет өзінің қоластындағы мамандар мен жұмысшыларына өрқашан қамқорлық жасап отырған. Ол директор болып тұрған кезде шаруашылықта Закириянов Нығыметжан деген кісі мал дәрігері болып істейді, өзі сол шаруашылықтың Алқа – деген бөлімшесінде тұрады. Қазіргі кезде зейнеткер. Виылғы (2001 ж.) шілде айында арнайы барып осы кісімен әңгімелестік. Нығметжан ақсақал Нұрмағамбет Сабырұлын адамгершілігі мол, қоластындағы адамдарға қамқорлық жасап, жағдайын сұрап біліп, жылы сөйлеуші еді деді бізге. Бұған мынадай бір мысал келтірді. 1978 жылғы қыстың бір күні Алқадан шаруашылық орталығы Қарағашқа шамамен бара жаттым. Күн боран сымақтау және желді еді. Үстімдегі киімім жеңіл болатын. Орта жолдан аса

бере машинамен келе жатқан директорымыз сол жағымыздан қарсы тоқтай қалды. Машинасынан түсіп сөлем беріп, жөн сұрады. Күн жексенбі болатын. Демалыс күні болса да малдың жағдайын білейін деп бара жатыр едім. Осыны сұрап білген ол: «Киіміңіз жұқа ғой, тоңып қаласыз ғой» – деді. Мен: ештеңе етпес, тіпті тоңып бара жатсам, арасында жаяу жүріп алармын, – дедім. Сонда ол:

– Жоқ, ақсақал, малдың денсаулығын бақылаймын деп өз денсаулығыңызды бүлдіріп алуға болмайды. Қарағашқа барып малдардың жағдайын білгесін кеңсеге келіп мені күте тұрыңыз, мен кешікпей қайтып келемін, – деді. Айтқандай, мен мал қораларын аралап, малдардың жағдайын біліп кеңсеге келгенде, ол да келіп қалды. Мені кабинетіне кіргізіп, бір қағазға записка жазып бухгалтерге жіберді. Байқасам мына Закириянов Нығыметке бір жаңа тұлып жазып бер – деп жазған екен.

– Бухгалтер записканы оқып, бұл кісі (директор) сенің жақының, не танысың ба еді? – деді. – Жоқ, ешқандай да туысым емес, суықта жұмысқа жеңіл киіммен келе жатқанымды көріп еді. Жұмысқа тоңбай келетін бол деп беріп жатқан болар – дедім. Сонымен, не керек, үйге үстіме жап-жаңа қара тұлып киіп қайттым. Сол тұлыпты осы күнге дейін көзімнің қарашығындай сақтап жүрмін. Тіпті балаларға да бермеймін. Өзім анда-санда далаға шыққанда киемін. Тұлыпты алып келші мына жігіттерге көрсетейін – деп бөйбішесін жұмсады. Бөйбішесі көрші бөлмеден жап-жаңа үлкен қара тұлыпты алып келіп біздің алдымызға жайып салды. Шынында да күтіп ұстайды екен, өлі қарап тұр. Осы тұлыпты киген сайын марқұмды есіме аламын, топырағы торқа болсын, иманы жолдас болсын, сондай аянышты қаза болды ғой жарықтық, – деп көңілі бұзылып жыламсырап кетті ақсақал. Біздің де көңіліміз босап кетті, әсіресе бізбен барған Нұрмағамбеттің інісі Баймағамбет өңі бозарып, көзінен жас шығып кетті.

Ие, жақсы адам әрқашан халықтың есінде жүреді ғой.

Сабыр Сейітахметұлының қайғылы қазаға ұшыраған
Нұрмағамбет баласына және кейінгі ұрпағына арнап
шығарған өлеңі.

I.

НҰРМАҒАМБЕТКЕ

Қапыда өткен бір жас қыршын, арыстан
Қайғы өкеліп, денеме дерт боп жабысқан.
Нұрмағамбет 33 те жол шектің
Қайта оралмас, көз жетпейтін алыстан

Қызығына тоймай қалған баламның
Тыныш күні болмай қалды бапаңның
Ұйықтап кетсем елестейді көзіме
Марат жылап жансыз төнге барғанын.

Соны көрген екі көзден жас парлап
Құлыныңды тапсырдың сен кімге арнап?
Бір ауыз сөз айталмастан сен кеттің
Сүйген жарың артта қалды ол зарлап.

Жаратушы жалғыз алла, ғаламды
Тура атылған оқ-ажал боп қадалды.
Қалай ғана көзі қиып атты екен.
Тау киігі, ойнап жүрген маралды.

Топырағың торқа болсын құлыным
Шықпауы хақ батып кеткен күнімнің.
Ақыретте, таңда мақшар күнінде
Естіп жатшы жан өкеңнің мұңды үнін.

II.

Ғұмырың қысқа болды Нұрмағамбет
Алдында жақсылардың қылдың қызмет
Айырылып ғапылыста жас қыраннан
Қалың ел ағайын жұрт қалды еңіреп.

Ауырып, төсек тартып сен жатпадың
Аузыңа сусын беріп түн қатпадым
Алланың жазуы осылай болды, балам
Бір ауыз бақыл бол деп тіл қатпадым.

Халқыңа қызметің жағып еді
Замана бұл не деген тарын еді.
Партия нұсқауымен балапаным
Қарағаш ауылына барып еді.

Жаманның жүрегінде ар болмайды
Көк кетсе, қара жерде сөн болмайды.
Жазықсыз сені атып өлтіргенмен
Оған да ататұғын таң болмайды.

Кез келген тағдырыңа жауыз адам
Жазу солай болса егер барма шараң.
Дүниеден қызық көрмей кеттің өтіп,
Жұмақтан орын берсін хақтағалам.

Бейнең бір сағымдайын болды елес
Бұл қайғы жүрегімнен кетпек емес.
Қапыда ғайып болған ақ құлыным
Зар-мұңым өлгенімше естен кетпес.

Ғұмырың қысқа болды неден сенің
Көл көсір дариядай қайғым менің
Ата-анаң, туыстарың тағзым етер
Сен жатқан дөң-топырақ қара жерің.

Тағдырдың не жазғанын адам көред
Жас буын артта қалған өмір өред
Мен жүрем балаларға өмір тілеп
Сен тербел жер-бесікте Нұрмағамбет.

Бір сырқат меңдеп кетті буынды алып,
Мазам жоқ, сырқырайды жүрек талып.
Бейнеттің жас шағымда көрдім бәрін
Солардың нәтижесі екені анық.

Балалар, денсаулықтың қадірін біл.
Күл, ойна дер кезінде құрып сауық.
Жүрме тек селтең қағып, арақ ішіп
Қанағат төубеңе кел ауық-ауық.

Жоймаңдар осы жолда кісілікті
Өр жерден жем іздейтін болма тауық
Ойласаң жеңу қиын «ол мықтыны
Аяғы ішімдіктің үлкен қауып».

Болғанда өке -пана ана -дана
Ақылды ойың болсын туған бала.
Өмірдің бар қызығы болар сонда
Сыйлайтын ата-ананы болса бала.

Дүниені бөрі жиған өткендердің
Оралмас бақилыққа кеткендердің.
Артыңда жақсы-жақсы ізің қалса
Сол дейміз – мақсатыңа жеткен жерің.

Жігіттік көп тұрмайтын бір қызық шақ
Қадірін сол кезеңнің білсең бірақ.
Ұл-қызың тәрбиелі болса дана,
Сол деп біл маңдайыңда жанған шырақ.

Қазақтың бір төртібі сәлемдеспек
Сонан соң тілге келіп жөн сұрасу
Ағайын тіршілікте қадірлеспек.
Болмасын кеуде керіп асып тасу.

Қуанам қанат қағып өскеніңе,
Білім ап, оқу оқып жеткеніңе.
Балалар теңін тауып отау-тігіп,
Өр жерге қызмет етіп кеткеніңе

Баланы жас кезімнен көрдім қызық
Қуанып өскеніңе көңілім тынып,
Ұл туса – ат ұстар деп тілек тілеп
Шаруаны өкетер деп өзі біліп.

Алдымда балаларым – шырағымсың,
Өмірімді жалғастырар бұлағымсың.
Көз жұмып, сапар шегіп кеткенімде
Артымда қалған ізім-тұяғымсың.

Жан едім тыным таппай еңбек құған,
Жастықта шаңырақ құрып аласұрған.
Жас келіп, сырқат жеңіп, хал кеміді,
Жатамын жас баладай жаңа туған.

Арнаған жүрек сырым болсын сізге,
Өмірің, қуанышың болсын бірге.
Туысқан үлкен -кіші қадірлескен
Ұйымшыл болсаң бөрің арманым не.

Облысқа танымал ақын Мәнап
Қабдөшқызының кітапқа АРНАУ өлеңі

Еске алдым Сабыр ағай, Өнуза апа,
Елге қамқор, ұрпаққа болған дана.
Еңбекпен ұл жеткізген, қыз өсірген
Мерейлі ұрпағына болған пана.

Өмірдің нелер сырын, сыйын алған
Кеудеде ат басындай кеткен арман

Сап-сап боп өтер кетер мынау жалған
Ойлашы кім өмірде мәңгі қалған.

Жақсылар шам-шырақтай тұрар жанып
Ұрпағы өсіп өнер өмір танып
Артыңда қалған ізі балалары
Немерелер ер жетер қанаттанып.

Жалғасы өмірінің балалары
Өр қайсы бір-бір елдің ағалары.
Алтынның тот баспайтын сынықтары
Биіктеп ел алдында бағалары.

Ардақты бабаларым биік тұтқан,
Жандар бар ата-баба салтын ұққан.
Бері де он саусақтың саласындай
Еңбекқор алғыс алған қалың жұрттан.

Бабасы болса егер биік шынар,
Ұрпағы парасатты сөзді ұғар,
Заманына сай туған азаматтар
Топырағын туған жердің еткен тұмар.

Ту етіп, мирас қылған ата жолын.
Намыс пен жақсылыққа созған қолын
Танысын шежіреңді қалың қазақ
Сөт сапар, бұл кітапты жұрт оқысын.

ДИРЕКТОР

Когда разговор заходит о Кара-Агаше, кое-кто и поныне скептически усмехается: хозяйство, мол, отсталое, ничего там хорошего нет. Да, пожалуй, с этим сегодня еще можно согласиться, но перемены наметились. Хотя в повседневных делах мы как-то не всегда их замечаем.

За предпоследнюю семидневку июля решением бюро райкома партии, райисполкома, президиума райкома профсоюза работников сельского хозяйства и бюро райкома комсомола за победу в социалистическом соревновании на заготовке сена кормозаготовителям райспецхозобъединения было присуждено переходящее Красное знамя. Годовой план они уже выполнили на 147 процентов, успешно справились и с семидневным заданием.

Показатель был самым высоким в районе и нам надо было подробнее рассказать о кормозаготовителях хозяйства в нашей газете.

Редакционный газик мчал нас по полевой дороге, оставляя за собой длинный шлейф пыли. Дорога бежала то между полей пшеницы, сжимавших ее с обеих сторон, то прижималась к лесу, обходя оставшиеся после дождя большие лужи. Стояла невыносимая жара, но от лесов и полей легкий ветерок навевал влажную прохладу и как-то легче дышалось. Посевы за последние дни быстро поднялись и успели выбросить длинный колос, радуя своим состоянием не только хлебороба, но и каждого человека, кто провзжал в это время по дороге.

Перед обедом, побывав в Жаналыке и Алка, мы приехали в Кара-Агаш. В конторе райспецхозобъединения из руководителей никого не было и нам пришлось искать директора по селу.

Он сидел у одного из домов, где велись ремонтные работы, на большой куче песка и разговаривал со стоявшим напротив мужчиной.

Когда мы подъехали, навстречу поднялся высокий, сутуловатый еще молодой человек и улыбаясь сказал:

— Когда приглашаешь, не едете!

Поговорив немного о делах, мы решили проехать по хозяйству и посмотреть все своими глазами.

Директор райспецхозобъединения Нурмагамбет Сабарович Барлыбаев пригласил нас в свою автомашину, сам сел за руль.

Высокая грейдерная дорога шла вдоль целой улицы новых домиков.

— В прошлом году мы построили тридцать один такой домик и нынче строим шестнадцать, так что бытовые условия наших рабочих с каждым годом улучшаются.

Он рассказывает о том, что в спецхозе построена новая школа и ребята начнут нынешний учебный год в просторных, светлых классах, о том, что в совхозе построен детсад на двадцать пять мест, строится зерносклад на две тысячи тонн, телятник на 324 головы, реконструируется старый свинарник под коровник, откормлощадка на 600 голов с боксовым содержанием скота, забойный пункт, газовый склад. О том, что по всем улицам и к каждому производственному объекту они провели дорогу с высоким полотном и теперь в любую погоду можно свободно проезжать не боясь утонуть в грязи.

А мне почему-то вспоминаются разговоры о том, что с приходом Варлыбаева из спецхоза стали уезжать специалисты и даже механизаторы – коренные жители аула. Уж больно, мол он круто заворачивает. И я спросил:

– А много ли уехало из вашего хозяйства механизаторов?

– Семей пять уехало. Может быть, обиделись, а может, не привыкли к строгой дисциплине, которую мы начали заводить. На прощание я им говорил: не прогадайте.

Народ здесь хороший, но порядка не было. Каждый руководитель, от малого до старшего, распоряжался по своему. И получалось: дает бригадир задание рабочему, тот идет его выполнять, встречает его агроном, управляющий, главный специалист и отдает свою команду. Послушает, послушает человек, плюнет на все и уходит с работы. На этой почве и пьянство процветало.

Высокий грейдер вывел из села и автомашина набрала скорость.

– Мы завели другой порядок. Ежедневно проводим планерки, на которых обговариваем главную задачу дня. И все специалисты, бригадиры знают о ней и потому все в одном направлении действуют. Перестали мы людей дергать.

– Большое дело правильная организация труда. Помню, в период весеннего сева, создали мы посевной комплекс и дела сначала пошли хорошо. Потом, смотрю, топтаться на месте стали. Приезжаю как-то в поле – один трактор стоит, другой. Копшатыся

около них механизаторы и ни одного руководителя рядом: ни бригадира, ни агронома, ни управляющего.

Собрал я их потом на пять часов утра и давай стыдить: неужели вы последние два-три дня не могли побыть рядом с механизаторами. Ведь у механизатора на душе легче, когда в его беде кто-то участие принимает. А мы, говорят, не привыкли к быстрому завершению сева. Думали, еще недели две протянем, так зачем же сидеть круглосуточно около механизаторов.

Нет, надо нашему брату почаще бывать на производственных участках. Я почти ежедневно раза по три бываю везде, вижу положение дел и прикидываю что можно будет сделать завтра. К планерке созревает уже решение. Доставили, например, вчера на сеновал сто тонн сена, вижу, сегодня могут сделать больше. На планерке решаем подвезти не менее ста двадцати.

Правда, после планерки едем к механизаторам, раскрываем возможности, ставим задачу. Люди стали нас понимать. Они до поздна задерживаются в поле, но задание выполняют. Заметно повысилась производственная дисциплина.

Через несколько минут мы подъехали к огромной, огороженной со всех сторон площадке.

— Здесь у нас должно откармливаться три тысячи голов крупного рогатого скота. Перед скотниками поставлена задача: добиться высокого среднесуточного привеса, довести средний вес каждого животного до четырехсот пятидесяти килограммов и сдать его на мясокомбинат высокой кондицией. Откормплощадка разбита на двенадцать секций. Сегодня здесь кормится одна тысяча сто голов. Они занимают восемь секций.

Мы подошли к кормовому проходу. Здесь только что прошел кормораздатчик и скот с обеих сторон стоял у кормушек. Нурмагамбет Сабарович познакомил нас со скотниками Хамитом Абдрахмановым, Мечиславом Стрельчуком и Калиаскаром Баймукановым. Разговорились. Старший, Хамит Абдрахманов поведал:

— Здесь нас работает пять человек — три скотника и два тракториста с кормораздатчиками. Скота много, но управляемся. Ежедневно даем по два килограмма сена и по тридцать

килограммов зеленки, в две дачи. Нам надо получить не менее семисот граммов среднесуточного привеса в этом месяце. Сегодня начнем взвешивание. Трудновато, конечно, без концентратов, но по состоянию животных видим, что результаты должны быть неплохими. В загонах у нас просторно, чисто. Вода вволю, есть соль. Так что с заданием думаем справиться.

Мы пожелали скотникам успеха.

— Давайте-ка посмотрим нашу кукурузу, — предложил директор и через скошенное поле повез нас к кукурузной плантации.

— Во многом нам помогает теперь нарядная система оплаты труда, — продолжает прерванный разговор Нурмагамбет Сабарович. — Теперь мы оплачиваем рабочим по выходу конечной продукции. Возьмем, например, сенокос. Механизаторы получают по тарифной ставке за доставленное на сеновал сено. Теперь каждый интересуется: сколько в день доставляется на сеновал сена... Такое же положение и в животноводстве. Взаимоотношения между людьми становятся как-то ровнее. Потому что в равной мере отвечают за порученное дело.

— Из-за леса показалось кукурузное поле. Машина остановилась.

— Здесь около пятисот гектаров, — директор достал с заднего сиденья рулетку и, войдя в кукурузу, начал измерять ее высоту.

— Один метр двадцать санитиметров. Я ежедневно слежу за ней. Прибавляет по 12 сантиметров в день. А посмотрите густота какая, одиннадцать растений на погонном метре! — с явным удовольствием говорит Нурмагамбет Сабарович. — Если и дальше так будет расти, будет у нас силос.

Мы вновь сели в автомашину,

— Иногда нас, агрономов, ставят в жесткие условия. Есть рекомендации, установлены сроки, сей и никаких гвоздей. А ведь земля требует к себе умелого подхода. Пожалуй, никто так, как агроном, видит осенью какую ошибку он допустил весной на этом поле и постарается не допустить ее впредь.

Вот вы спрашивали: сколько специалистов уехало из хозяйства. Почти все уехали. Ведь свое дело надо любить. Нельзя

к нему относиться спустя рукава. Когда мы начали к этому приучать, кое-кто не выдержал. Ну что ж, пригласили других. Думаем, хуже от этого не стало. – И немного помолчав, добавил: – особенно надо заботиться об укреплении хозяйства специалистами среднего звена.

Слева у дороги строится животноводческое помещение. Машина остановилась. Над площадью в полгектара возводится крыша. Несколько человек рабочих ходят по ней укладывают доски, вбивают гвозди.

– Это мы строим откормочник с боксовым содержанием скота на шестьсот голов. Одною шиферу на крышу надо целый вагон. А это, – он указывает на правую сторону дороги, – ПМК строит нам рамник. Завезли рамы, бросили и зарастают они травой. Мы специально стали строить откормочник напротив, пусть люди видят как строители ПМК выполняют свои договорные обязательства.

И вновь мы в пути. Полевая дорога убегает куда-то в сторону, вдоль огромного массива пшеницы, уже обкошенного с краю и оттого казавшегося еще аккуратнее.

– Посмотрите на это поле, – показывает он на высокую, густую пшеницу, – как повысилась у нас за последние годы культура земледелия! Ни тебе сорняка, ни просеков, ни огрехов. Хлебобобы говорят: постоит хорошая погода, по три тонны хлеба соберем с каждого гектара. Пшеничное поле сменяется подсолнечником. Густой, около метра высотой подсолнечник тянется по полю к самому горизонту. И опять на лице директора появилась приятная улыбка. Он о чем-то думает, а потом говорит:

– Вот и с планированием у нас не всегда все в порядке. Дали нам весной три тонны подсолнечника. Подумали мы, прикинули: ведь у нас откормочное хозяйство, кормов должно быть много, что нам эти три тонны. Обратились туда-сюда. У всех не лучше. Поехал я в облисполком: Жаксылык Габдуллинович, выручайте. Мало у нас подсолнечника! «Так ведь у других не больше!». Пришлось, убеждать, разъяснять конкретную ситуацию, Помогли. Теперь и здесь мы получим хорошую зеленую массу, – указывает он на поле...

— На днях мы заканчиваем выполнение двух годовых планов по заготовке сена и вплотную приступаем к закладке сенажа. В этом деле мы тоже кое-что предпринимаем для повышения производительности труда. Сейчас мы подъедем к мастерской и вы посмотрите: как мы переоборудуем измельчитель на подбор сенажной массы...

— Хорошо руководителю, когда специалисты подхватывают его идеи и претворяют их в жизнь, — сказал директор, когда мы отъезжали от мастерской, — здесь у нас инженерная мысль сработала.

Уазик выскочил на высокое полотно грейдерной дороги, соединяющей Кара-Агаш и Алка, пробежав по ней километра три-четыре, свернул вправо, к видневшемуся у леса полевому стану.

Было уже около трех часов дня. Поварихи Анна Степановна Лизунова и Жамал Байжанова кормили запоздавших к обеду косарей. Когда мы подъехали, они из-за стола, поздоровались с нами, сели на трактора и уехали на поле. На полевом стане было малоллюдно. У сеноподборщика, подкручивая гайки, копался комбайнер, рядом с ним стояли начальник сеноуборочного комплекса Серикпай Малькенов и учетчик Сактаган Барьямов.

— Расскажите нам, — обратились мы к начальнику комплекса, — как это вам удалось обойти даже передовые хозяйства района по заготовке сена?

— Ничего тут секретного нет. Просто теперь на зготовке кормов у нас организован комплекс: работает три агрегата КДП-4, звено возглавляет Есентай Есентемиров. Ежедневное задание уложить в валки сено на площади 150 гектаров они успешно выполняют. Подбор сенных валков ведем двумя комбайнами. При задании 650 центнеров они отправляют на сеновал по 1200-1300.

На сегодняшний день мы уже скосили все травы на полях первой бригады, а сейчас и здесь, в Алка, заканчиваем. Отправили на сеновал около 17 тысяч центнеров сена.

Народ у нас работает дружно и заработки у них хорошие.

— Вот посмотрите, — показывает наряд учетчик, — Жанмухамедов Серикпай, работает на додборе валков. Заработок в день составляет четырнадцать, девятнадцать рублей. У косаря

Гайсина Нургазы – четырнадцать, шестнадцать и даже сорок пять рублей, у сгребальщика Сергея Грязнова – тринадцать, шестнадцать, тридцать рублей. Неплохо зарабатывают.

Немного поговорив с руководителями комплекса, директор заторопился: сегодня в пять часов созываются бюро райкома партии. Приглашают директоров. Надо посмотреть кое-какие цифры, подготовиться. Нам тоже надо было торопиться.

Когда мы прощались с Барлубаевым, я спорил его:

– Каким вы видите в будущем хозяйство?

– В следующей пятилетке наш спецхоз будет высокорентабельным хозяйством, – уверенно заявил Нурмагамбет Сабарович, – сейчас мы делаем все, чтобы заложить под это основу.

Все, что мы увидели сегодня в Каре-Агаше: и дороги, и новые улицы, и производственные объекты, а главное люди – вселяет уверенность в том, что мечты энергичного, думающего директора сбудутся.

И. ОШМАРИН.

АЙМАҒАМБЕТ

Аймағамбет Қорған облысының Частозер ауданындағы Дроновка селосында 1947 жылғы 16 декабрьде туыпты. Барлыбаевтар отбасы бұл жерде көп тұрақтамай, осы ауданның Бутыр, Лебяжье селоларында 1948 жылы қоныстап, 1949 ж. Түмен облысының Қазан ауданындағы Қызылту ауылына (Ельцовка селосының жанында) көшіп келді. 1952 жылы бұл ауылдан өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысының Соколов ауданындағы Налобин совхозының Дубровное



Аймағамбет

